



**ӨОЖ 821.512.122**  
**КБЖ 84 (5 Қаз)**  
**А 23**

**А 23** **Ақпарат айдынында.** *«Сарыарқа» («Жезқазған туы») газетіне – 45 жыл.* – Астана: «Кәусар» баспасы, 2018. – 188 б.

**ISBN 978-601-7921-38-5**

1973 жылы «Жезқазған туы» атауымен облыстық газет ретінде дүниеге келіп, кейіннен «Сарыарқа» аталған, аймақ баспасөзінің қарашаңырағы іспеттес басылымның 45 жылдық мерейтойына орай қолдарыңызға тиіп отырған бұл жинаққа негізінен осы газет бетінде «Сарыарқа – 45» атты арнаулы мерекелік айдармен жарияланған мақалалар, естеліктер мен сұхбаттар топтастырылды.

**ӨОЖ 821.512.122**  
**КБЖ 84 (5 Қаз)**

**ISBN 978-601-7921-38-5**

© «Кәусар» баспасы, 2018

## АЙМАҚ ӨМІРІНІҢ АЙНАСЫ

*Биылғы жыл – өңір баспасөзінің қарашаңырағы үшін ерекше жыл. Осынша жыл оқырманмен байланысын үзбеген газетіміз 45 жасқа толып отыр.*

*Өткен кезеңді ойға оралтсақ, 1973 жылдың 20 наурызында Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жарлығымен Жезқазған облысы құрылған болатын. Қарағандыдан енші алған жаңа облыстың әкімшілік орталығы Жезқазған қаласы болып, оның аумағы Ұлытаудан – Балқашқа, Ақтоғайдан – Жездіге дейінгі ұлан-ғайыр аймақты қамтыды. Кешікпей облыстың өз басылымдары ашылып, сол жылғы 13 сәуірден бастап жарық көрген «Жезқазған туы» жас облыстың қазақ тіліндегі қоғамдық-саяси газеті ретінде қалыптаса бастады. Еліміздің әр аймағынан жиналған маман журналистер жұдырықтай жұмылып, бағыт-бағдары айқын, өзіндік бет-бейнесі мен үні бар басылымға айналдыру жолында айтарлықтай еңбек етті. Соның нәтижесінде «Жезқазған туы» аз уақыттың ішінде республикадағы белгілі де беделді газеттердің біріне айналды.*

*Қоғамдық-саяси басылым ретінде «Жезқазған туы» да өз дәуірінің тынысын көрсетті. Сол кезеңдегі қоғамдық құрылыстың жүйесіне сай Компартияның саясатын насихаттады. Сонымен қатар, газет облыс аймағындағы ел өмірінің жағдайына жан-жақты бойлап, халықтың әл-ауқаты мен тұрмысындағы түйткілді мәселелерге жанашырлықпен араласты. Ауыл ахуалы жүйелі көтерілді. Кеңестік заманда газетте жарияланған сын мақалалар аяқсыз қалмайтын*



бір жақсы дәстүр болушы еді. Кемшілікті жою бағытында тиісті шаралар қолданылып, көтерілген мәселенің оң шешілуі жоғары жақтың назарында болатын. «Хат артында адам бар» деген қағидамен редакцияға түскен шағымдарды тексеру, ақиқатын көпшілікке жеткізу де газеттің негізгі жұмыс бағыттарының бірі саналатын. Сол кездегі еңбек еткен әріптес ағаларымыздың айтуынша, осындай шағым хаттарды тексеру бойынша облыстық газет беттерінде «Бір хаттың ізімен», «Журналист жолға шықты» айдарларымен жарияланған мақалалар зәбір көрген жандарға арашашы болып, кінәлілердің атын атап, түсін түстеумен қатар, көптеген тәлкекке ұшыраған тағдырлардың өз жолын табуына әсерін тигізетін. Тағы бір айтарлық жай, сол замандағы қай газет болмасын, еңбек адамын, олардың еңбектегі ерлігін ерекше дәріптейтін. Осы үрдісті «Жезқазған туы» да кеңінен жалғастырды.

Біздің газетіміз де қырық бес жылдық белесінде қазақтың ұлттық сана-сезімін қалыптастыруда, ауылдың береке-бірлігін нығайтуда көңілге түйер толғамды ойлар қозғаған талай тағылымды жазбалар жариялаганы анық. Газет кеңестік заманның өзінде ұлт мүддесін көздейтін дүниелерді де сыналап қамтып жүріпті. Әсіресе, Желтоқсан оқиғасынан кейін ұлттық сананың серпілісі белең алып, ана тіліміздің мүшкіл халден арылуына, ата-бабаларымыздың салт-дәстүрлерін жаңғыртуға бағытталған көкейкесті тақырыптарды көтеруге бетбұрыс жасалыпты. Үй-үйді жағалап, балаларын қазақ сыныптарына беруге үгіттеген ынталы топтар газет арқылы да тиімді жұмыстар жүргізген еді. Ол бір орыс мектептері белең алып тұрған тұс болатын. Халқымыздың тәуелсіз ел болуды көкөсеген арман-тілектері кейбір пікірлердің астарынан аңғарылып қалатын. Демократия мен жариялылық белең алған тұста газет таралымы өсіп, 19 мың дана



болған екен. Осындай елең-алаң кезеңде облыстық басылым сарабдал саясат, ұстамды бағытынан айрылмады.

Он жеті жыл бойы «Жезқазған туы» атауымен шығып келген облыстық басылым 1990 жылдың 1 қыркүйегінен бастап «Сарыарқа» деген жаңа атауға ие болды. Келесі 1991 жылдың 27 қыркүйегіндегі облыстық кеңестің сессиясында газет маңдайындағы талай заманнан бері мызғымастай көрінген «Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!» деген ұран қазақ оқырманының жүрегіне жақын «Әділеттілік. Бірлік. Ізгілік!» сөзімен ауыстырылуы да айтарлықтай сілкініс тудырып, сол жылғы Тәуелсіздік таңын журналистер қауымы ерекше бір серпіліспен қарсы алған болатын. Газетіміз енді Тәуелсіздікті тұғырлы, елдігімізді баянды етуге құлшына үн қосты. Халқымызды марғаулықтан арылтып, рухын оятуға бағытталған дүниелер жүйелі жарияланды. «Қазақ тілі» қоғамы, «Азат» қозғалысы белсенділерінің іс-шараларына кеңінен қолдау жасалды. Сондай-ақ, төтеннен келген нарықтық қатынастардың беймәлім тұстарын қалың жұртқа түсіндіру мақсатында мамандарға, экономистерге газет бетінен тұрақты орын берілді. Журналистеріміз алғашқыда жекешелендіру желіуімен «хан талапайға» ұшырап жатқан қоғам мүлкін әділетті бөлу мәселесін көтерген сын дабылдарын қақты, жеке шаруашылық құру барысындағы шалағайлықтарды күйіне жазды. Үш-төрт түйір сабынға бір қойын беріп жіберіп жатқан ауылдың аңқауларын «бартердің» жемі болмауға шақырып, ертеңін ойлауды ескертті. Міне, осы үрдіс уақыт көшімен жетіліп, жаңарған жаңа қоғамның талаптарын алға тартуға ұласып келеді. Тәуелсіздіктің ширек ғасырдан астам кезеңінде еліміз айтарлықтай үлкен жолдардан өтті, өркенді өзгерістер жасалып, дамудың даңғыл жолына түсті. Газет көтеріп келе жатқан тақырыптар да осы рухани даму жолындағы жаңа заман лебімен өзектес.



Әкімшілік-аумақтық құрылымның өзгеруіне байланысты «Сарыарқа» 1997 жылғы 12 шілдеден бастап қалалық газетке айналды. Алайда ол – бұрынғы облыстық басылымның заңды мұрагері. Сондықтан аймақ басылымының 45 жылдық тарихы баршамызға ортақ. Редакциямызда кезінде еңбек еткен ардагерлермен, әр қиырдағы әріптестерімізбен «Сарыарқаның» 45 жылдығына арналған салтанатты шарада мүмкіндігіне қарай кездесерміз деп ойлаймын. Ал бүгінде арамызда жоқ, газет тарихында қолтаңбалары қалған жандардың есімін ілтипатпен еске алып өтсек артық болмас. Облыстық газеттің редакторлары болған марқұм Сайлаубек Қожамсейітов, Ұзақбай Төлеуов, Сабыр Сауытбаев, Әубәкір Ахметбеков, редактордың орынбасарлары Сапабек Мырзатов, Рымқұл Сүлейменов, Сайлаухан Нәкенов, сол сияқты әртүрлі лауазымда болған журналистер Марал Хасенов, Избасар Қабдірахманов, Апбаз Қаражігітов, Болат Бабақов, Ескен Қасенов, Қалиасқар Әбілдин, Рашат Иманов, Бағдат Мекеев, Дәметкен Ахметова, Зайыр Шайқыстанов, Қуаныш Сихымбаев, өңірдегі меншікті тілшілер Бұқпа Әшімов, Шәкен Мұсаханов, Қалиакпар Әбілдин, Қасымхан Қаленов, Үмітай Жармағамбетов, фототіліші Кәмілбек Бәкір, жарнама менеджері Балғабай Әбілов сынды әріптестер бұл күнге жете алмай бақылық болды. Марқұмдардың жатқан жерлері жайлы болсын!

Қолыңыздағы шағын жинаққа қырық бес жылдық тарихы бар қарашаңырақ басылымның кешегі шуақты күндерінен сыр шерткен ыстық естеліктер, өткенге саяхат жасататын сырлы сұхбаттар, басылымның басынан өткен оқиғалар туралы құнды мәліметтер еніп отыр. Жинақтың газетіміздің бүгінгі бағындырған белесіне баға берер, мерейтойдың мән-маңызын ашар естелік болары сөзсіз.



*Иә, алға тартқан тұлпар уақыт тоқтамайды. Ақпарат айдынында желкенін керіп, төртінші билік төріне ұмтылған «Сарыарқа» шертер шежіре әлі де жалғаса берері анық. Осы жылдар ішінде газетімізбен бірге болып, барынша адалдық танытқан көнекөз оқырмандарға, басылымға шамалары келгенше қолдау көрсетіп келе жатқан әріптес әкім Әнуар Омар, аймағымыздың Атымтай Жомарты атанған Бекзат Алтынбеков, өндірісте жүрсе де руханиятқа жанашырлық танытудан танбайтын Бекзат Үмбетов мырзаларға, «Кәусар» баспасының басшысы Қуат Құрмансейіт ағамызға, басылымның барша жанашырларына алғысымды білдіремін. Қалам мен қадам тоғысқан қарашаңырақтың 45 жылдық белесі құтты болсын! Той тойға ұлассын!*

**Дархан МҰХАН,**  
**«Сарыарқа» газетінің бас редакторы**



## ГАЗЕТ ТАРИХЫНАН

«Жезқазған туы» – жаңадан құрылған облыстың қоғамдық-саяси газеті ретінде 1973 жылдың 13 сәуірінен шыға бастады. Компартия тарағанша Жезқазған облыстық партия комитеті мен еңбекшілер депутаттары облыстық кеңесінің органы болды. Әкімшілік-аумақтық құрылымның оңтайландырылуына байланысты ҚР Президентінің 1997 жылғы 3 мамырдағы Жарлығымен Жезқазған облысы таратылып, оның аумағы Қарағанды облысына қосылды. Жезқазған облысының таратылуына байланысты 1997 жылдың мамыр айында облыстық басылым шығуын тоқтатты.

\* \* \*

Он жеті жыл бойы 4313 нөмірі «Жезқазған туы» атауымен шығып келген облыстық басылым 1990 жылдың 1 қыркүйегінен бастап 4314-санында «Сарыарқа» деген жаңа атауға ие болған еді. Газет атауының неге өзгергені туралы редактор Сабыр Сауытбеуың «Оқырманы қолдаса, қаламгері толғаса...» деген арнайы мақаласы жарияланды. Онда бұл өзгерістің оқырмандар ұсынысынан туындағаны, ол туралы газет бетінде кеңінен талқыланғаны айтылады. «Жезқазған туы» деген атаудың шеңбері Балқаштан – Ұлытауға, Жаңарқадан – Ақтоғайға дейінгі ұлан-ғайыр аумақты қамтып, Қарағандымен іргелес болумен қатар, Ақтөбе, Ақмола, Шымкент, Жамбыл, Алматы, Талдықорған облыстарымен шектесіп, кең көсіліп жатқан жас облыстың сипатына олқы соғатыны да алға тартылады. «Қазіргі заман рухында асыра, артық сөйлегеннен, ұрандап жатқаннан ештеңе тауып



жатқанымыз жоқ. Осы жайлардың бәрін ой елегінен өткізген оқырмандар газетінің атын «Сарыарқа» деп өзгертуге ойыса беріп еді. Біздің өңіріміз – Сарыарқаның нағыз кіндігі», – деп түйінделеді мақаладағы негізгі ой.



Оқырмандар қауымының қолдауымен, журналистер ортасының қалауымен 1 қыркүйектен бастап «Сарыарқа» деп шыға бастаған газеттің жаңа атауы ресми түрде облыстық кеңестің 1990 жылғы желтоқсан айындағы («Жезқазған энциклопедиялық анықтамалығы», Алматы, 2005 ж.) сессиясының шешімімен бекітілді.

\* \* \*

Кеңес заманында газеттер партия мен кеңестің органы болғаны белгілі. КСРО-ның саяси тірегі ыдырай бастаған тұста, 1991 жылғы 7 қыркүйекте Қазақстан Компартиясының төтенше съезі Компартияны таратып, Социалистік партия құрды. Осы оқиғадан соң халық депутаттары Жезқазған облыстық кеңесінің 1991 жылғы 27 қыркүйектегі сегізінші сессиясында облыстық газеттердің бір ғана құрылтайшысы – облыстық совет болады деген ұйғарым жасалды. Сессия «Облыстық «Сарыарқа» және «Джезказганская правда» газеттері халық депутаттары облыстық кеңесінің газеттері болып табылады» деген шешім шығарды. Сонымен қатар, редакция ұжымының газет маңдайындағы «Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!» деген ұранды «Әділеттілік. Бірлік. Ізгілік!» ұран-сөзімен ауыстыру жөніндегі ұсынысымен келісті.



\* \* \*

Аптасына бес рет А-2 көлемімен шығатын басылым 1991 жылдан бастап аптасына бір рет А-3 көлемімен, қалған төрт нөмірін үлкен көлемде бастырып, оқырманға ыңғайлы болу тәсілін іздестірумен болды. Біртіндеп, келесі жылы біржола шағын көлемге көшірілді.

\* \* \*

Бұрынғы облыстық редакцияның базасында құрылып, қайтадан ұйымдастырылған «Сарыарқа» 1997 жылғы 12 шілдеден бастап қалалық газет ретінде шықты. Аптасына үш рет шығатын қалалық басылым облыстың таратылуына байланысты жабылған бұрынғы «Сарыарқаның» заңды жалғасы болып бағаланды. Алғашқыда газет құрылтайшылары ретінде Жезқазған қалалық әкімдігі мен қалалық мәслихаты дотациялық шығынды жабу жолымен қаржыландырып, кейін газет мемлекеттік тапсырысты орындауға көшірілді.

\* \* \*

Газеттің алғашқы редакторы (1973-1974 жж.) Сайлаубек Қожамсейітов болды. Одан кейін (1974-1983 жж.) Ұзақбай Төлеуов, 1984-1997 жылдар аралығында Сабыр Сауытбаев басшылық жасады. Облыстық газетке 1997 жылдың сәуірінде редактор болып келген Әубәкір Ахметбеков мамыр айында басылымның жабылуына байланысты одан соң шамалы уақыт қалалық басылымның тізгінін ұстады. Қалалық «Сарыарқада» (1997-2002 жж.) Амандық Рахұлы, одан кейін (2002-2016 жж.) Төлеш Асанов бас редактор болып қызмет жасады. 2016 жылдың желтоқсан айынан бүгінге дейін «Сарыарқа» газеті редакциясы» ЖШС директоры – бас редакторы ретінде Дархан Мұқанов қызмет етіп келеді.



## САЙЛАУХАН АҒА



*Ол «Сарыарқаның» тойында төрде отыруға лайықты тұлғаның бірі еді. Бірақ қазір арамызда жоқ. Сөз Сайлаухан аға Нәкенов туралы.*

1990 жылдың саршатамызында Көкшетаудан Жезқазған жаққа жол түсті. Көршілес қалаға бару керек болса да, ұшақтан түскен соң, автобустағы ел-жұрттан облыстық газетке қалай баруға болатынын сұрадым, жөн сілтегендер табылды. Мұнда ескі таныс Төлеш Асановтың жұмыс істейтінін білетінмін. Редакцияға келіп, Төлешпен табысып, мәре-сәре болып қалдық. Редакцияның фойесіне, яғни, кіреберісіне шағын үстел, арқалығы бар орындық қойылыпты. Бұл жерге көбіне шылымқорлар жиналады екен. Сөз реті келгенде айта кетейін, облыс тарағанша әлгі үстел, орындығымен тұрған орнынан жылжыған жоқ, «Шылымхана» деген жазуы жоқ демесеңіз, шылым шегетіндердің мұрнының құрышын қандыратын «қастерлі» орны сол ара болды.

Сол жерде шылым шегіп отырғанда Төкең мені орташа бойлы, бидай өнді кісімен таныстырды. Шылымды асықпай, баппен шегеді екен. Сөйлеу мәнері де сондай. Көкшетау жақтағы таныстарын сұрастырды. Өнерге, өлеңге қатыстылар қай жерде болсын тұрақты түрде жұмыс істемесе де, қазақ газетінің бел баласы секілді емес пе, сұрағандарының бәрін білетін болып шықтым. Таныстары таусылды ма екен, әлгі кісі енді менің өзіме ойысты. «Нешедесің?» дегеніне отызға жақындап қалғанымды айтып едім, «Үйленгенсің бе?» деген



сұрағына қайтарған жауабымнан бойдақ екенімді білді де: «Бірталай жүріпсің ғой, енді үйлену керек», – деді. Соны айтып қоя салмады: «Болмайды...» – деп басын шайқап, маған көңілі толмайтындай кейіппен қарады. «Әкем емес, ағам емес, туысқан-туғаным емес, бұ кісіге менің бойдақ жүргенімнің не ауырлығы тиді екен?» деп ойлап үлгергенімше болған жоқ, ол сөзін одан әрі сабақтады. Сөйтсем, ағамның маған ақыл айтып тұрғаны ештеңе емес екен... «Анау Пеле ше, Пеле... со неме жүріп-жүріп, енді үйленіп жатқан көрінеді ғой... Кеше радиодан естіп қалдым. Жасы болса елуден асыпты. Елуден асқанда үйленгеннің несі қызық? Осыған дейін доп қуалай бергенше үй болуды ойламады ма екен?» – деп, атын естігеніміз болмаса, өзін көзіміз көрмеген айдаладағы Пеленің жұлым-жұлымын шығарып тастады. Соны айтқан соң: «Енді жүре бермей, үйлен», – деді де, осымен шаруа бітті дегендей, кабинетіне қарай беттеді.

Сол жылдың күзінде аяққа тұсау түсті, бір бас екеу болды. Сонымен қоса, «Көкшетаудан» «Сарыарқаға» жұмыс ауыстыратын да болдым. 1991-дің қаңтарында «Сарыарқа» газеті партия тұрмысы бөлімінің меңгеруші Амандық Раховтың қарамағына тілші болып келдім. Ол уақытта газетте басшысы бар, қосшысы бар, бәрін қосқанда 30-40 адам жұмыс істейді. Бірін танып, бірін тани қоймаған кезім ғой, бірақ баяғы «ақылшы ағам» көзіме көріне қоймайды. Есімі де естен шығып кетіпті.

Содан арада бір-бір жарым айдай уақыт өткенде редакцияда машинистка болып жұмыс істейтін Бақыт Еркебұланова келіп: «Бізде Сайлаухан деген кісі бар еді, қатты сырқаттанып қалып, ауруханада жатқан болатын, жазылып шығыпты. Ертең үйіне дәмге шақырып жатыр екен, барасың ба?» – деп, баратын болсам, аз-маз тиын-тебен жинап жатқанын да ескертті. Қалтамда болмаса, «через бухгалтерия» қоса салуға болатындығын да айтты. Коллективті шақырып жатса, қалай сырттап қаласың?



Сөйтсем, Сайлаухан аға былтырғы күзде үйленбегенім үшін маған ақылын айтып, кеш үйленгені үшін футболдың қоліне кіжінген кісі болып шықты.

Дастархан басында сөз кезегі тигенде ақылын тыңдағанымды, тіпті, соған көзін жеткізу үшін жұмыс орнымды Көкшеден Жезқазғанға ауыстырғанымды да айттым. Ағам жылы жымыып: «Дұрыс істеген екенсің, бақытты болыңдар!» – деп ақжарма тілегін жеткізді. Көп кешікпей жұмысқа қосылды. Сөйтсем, өзі редакциядағы басшылардың бірі, яғни, бас редактордың әлеуметтік сала, мәдениет, өнер тақырыптарына басшылық жасайтын орынбасары екен. Партия тұрмысы бөлімінің материалдарын бас редактордың өзі қарайтындықтан Сәкеңмен жұмыс барысында тікелей араласа қоймадық.

Сол кезде, неге екенін қайдам, редакцияда жиі-жиі өзгерістер, әлдебір реформа жасау үшін ұмтылыстар болатын да жататын. Алғашында бөлім меңгерушілерін сайлап қоятын болдық. Әрбір үміткер бағдарламасын таныстыратын, сосын ұжым мүшелерінің тарапынан қойылатын сұрақтарға жауап беретін. Қазіргі депутат болып жүргендер де сайлау тұсында мұндай сынақтан өтпеген шығар. Сосын ғана барып дауыс беретін, сайлау комиссиясы нәтижесін хаттап, хабарлайтын.

Бір күні түске шейін «Бас редактордың екі орынбасарын да қысқартатын болыпты» деген сөз кабинеттен кабинет аралап жүрді. Қарапайым бұқараға бәрі жұмбақ болатын әдеті ғой, біз жүрдік не болғанын түсіне алмай. Түс қайта бәрімізді бас редактор жинады. Ол бұдан былай бас редактордың орынбасарларының лауазымында аздаған өзгеріс болатындығын жеткізді. Яғни, бұрынғы лауазым «бас редактордың орынбасары – бөлім меңгеруші» деген лауазыммен ауыстырылыпты. Сонымен бірге, екі бөлім меңгерушісіне екі орынбасар тағайындалатын болыпты. Мен сол жолы Сайлаухан ағаға орынбасар



болып тағайындалдым. Ол кісі – бас редакторға орынбасар, мен – Сәкеңе бөлім меңгеруші лауазымы жағынан орынбасармын. Қысқасы, орынбасардың орынбасарымын.

Сөйтіп, Сайлаухан ағаның қарамағына көштім. Бұ кісінде артық сөзге бару, ашу шақыру тәрізді кейбір бастықтардың өздеріне қолдан жапсырып алатын әдеттері атымен болмайды екен. Сәл ренжісе «Соны маған айтқызбай-ақ қойсаң қайтер еді?» дейді екен. Бірер жыл бірге істегенде естіген ең қатты сөзім сол болды.

Ол кезде редакцияға хаттар одан да, бұдан да келіп жатын. Материалдан «кекірік атып» жүретін кезіміз ғой. Сондайда, кейде жалқауланып, келген хаттарды да қорытуды ұмытып кетіп, папкіге жинай бересің ғой. Хат артында адам бар, «Мақала жіберіп едім, шықпай жатыр» деп бірден нән бастыққа шығады, дәу бастық төменгі бастықтан сұрайды, бәлкім, дауысын қатайтыңқырап сұрайтын шығар. Мен де Сәкеңе бір айтқанын екінші қайталата қоймадым.

Содан бір күні Сәтбаев әкімдігі «құда түсіп», мені сол қаладағы газетке бас редакторлыққа шақырды. Сәкең: «Шақырса бару керек, жассың ғой, алып кетесің. Ел жақтағыларға да абырой», – деп менің жаңа қызметіме сәттілік тіледі.

Сайлаухан ағаның жаны әділетті сүйетін және жақсының қадірін білетін еді. Сол 90-жылдардың ортасында Сәтбаев қаласында ақын Мұса Тілеуовтің шығармашылық кеші өтіп, соңынан №1 мектептің асханасында дастархан жайылды. Сәтбаев қаласына Серік Төрегелдиннің әкім болып келгеніне соншалықты көп уақыт өте қоймаған болатын. Орыстың «жаңа сыпырғыш жаңаша сыпырады» дегені секілді, Секең де келе сала кадрлық өзгерістер жасай бастаған. Соның ішінде қала халқының арасында беделі зор, қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мекемесінің басшысы Бозтай Аяпбергеновті де қызметінен алдыртып тастаған болатын. Мүсекеңнің дастарханына қала әкімі де келіп қатысып отырған



еді. Үзіліс кезінде тағы да оңаша дастархан жайылды. Апбаз Қаражігітов, Шынболат Ділдебаев, Ибрагим Бекмаханов және т.б. ақын-жазушылар әкімнің қызметіне құтты болсын айтып жатты. Сәкең де құттықтады. Бірақ сөзі басқалардан бөлектеу шықты. «Қадамың құтты болсын! Қиын уақытта келіп отырсың, қиындықты еңсеру оңай емес. Бұл үшін ең алдымен халық қолдауы керек. Қасыңа туған-туысқандарың емес, елге, жұртқа сөзі өтімді, беделі басым азаматтарды жинасаң ғана жұмысың алға басады. Келе сала Бозкенді қызметтен босатқаның асығыстық болған. Бозтай деген осы қаланың тірегі ғой. Сол тіректі өз қолыңмен құлатқаның қалай?» – дегенде қала басшысы не айтарын білмей сасқалақтады да қалды. Ал соның алдында, бет жыртыспаса да, Сайлаухан аға мен Бозтай ағаның арасында әлдебір салқындық бар дегенді естігенмін. Шамасы, Жоғарғы Кеңеске депутат сайлау кезінде туындаса керек. Бірақ әділетсүйгіш, ақтан аттамайтын, жақсыны жатсынбайтын ақын ағаның көңілі елге абыройлы азаматтың қызметінен орынсыз босатылғанына қоңылтақсып қалған тәрізді. Және сонысын жасырып, бүгіп те қалмады.

Сәкең туралы ауызша айтылып жүргенмен қағазға түсе қоймаған бір әңгіме бар. Мұның егжей-тегжейін қарт қаламгер Қасым Орынбетов жақсы біледі. Біз де сол кісіден естігенімізді айтамыз.

Бірде редакцияға жас қыз бала өлең алып келеді. Өлеңі қандай сұлу болса, өзі де қыз біткеннің шырайлысы екен. Сыртқа шығарып айтпаса да, Сәкеңнің әлгі балаға көңілінің ерекше ауғаны байқалып тұрады екен. Қаскеңнің айтуынша солай. Редакцияға жұмысқа алдыртады. Бірақ ол көп жұмыс істемейді, арада 5-6 ай өткенде оқуға түсіп, студент атанып кетеді. Ол кетіп қалған соң Сәкең кәдімгідей жабырқау тартып қалады. Содан редакциядағы құрдастары пошта арқылы редакцияға әлгі қыздың атынан Сәкеңе хат жолдайды. Өздері журналист



болса, қыздың атынан сезімге толы хат жолдап отырса, төгілдіріп жазатындары айтпаса да белгілі ғой.

«Сезімге толы хатты оқығанда Сайлауханның қайтадан құлпырып шыға келгенін көрсеңдер ғой. Сырттай ырза болып, бір-екі пікірлестерін шақырып алып, студент баладан келген хатты оқытты. «Не деген ақылды бала! Өзі сұлу баланың жаны да сұлу болады екен ғой. Сөздерін қараңдаршы! Өттең, «аға» деуден ол, «қарағым» деуден мен әріге бармадық. Бірақ енді ол маған қайта хат жазбаймын депті. Онысы да дұрыс. Ал мына хатын тұмардай сақтап қоямын» деген Сайлауханның сөзін естігенде, оның баладай пәк көңіліне, сәбидей кіршіксіз сезіміне дақ түсіріп алмауды ойлап, үндемедік. Сол хатты өзіміз жолдағанымызды айтсақ, оның жүрегін мәңгілікке жаралап алар едік қой. Сайлаухан ақыры сол хаттың сырын білмей кетті», – дейді Қаскен. Шынында да, өзі таза адам мына дүниенің тек қана адалдық пен тазалықтан тұратындығына иланады. Сәкең осы санаттан еді.

«Жұмақтың жолы» деген өлеңдер жинағы шыққанын «Сарыарқадан» оқыдым да, үйіне телефон шалдым. Құттықтадым, қуанышымды жеткіздім. Сөздің соңын: «Бір кітабыңызды қалай алсам екен?» – деп бітірдім. Құттықтағанымға ризашылығын білдірді де: «Сарыарқаға» апарып тастайын, бір соққанда аларсын», – деді. Арада екі-үш ай өтті, «Сарыарқаға» барғанда ешкім ештеңе дей қоймайды. Бірде өзіміз жүздесіп қалдық. Амандық-саулықтан соң: «Кітапты алдың ба?» – деді. «Жоқ, сіздің кітап қалдырғаныңыз туралы ешкім ештеңе айтқан жоқ», – деп едім, әлдекімге ренжіп қалды. «Сол жігіттер менің кітабымның шыққанына сенің қуанғаныңды да қызғанады», – деді. Сәкеңнің «қуанғаныңды да қызғанады» дегенінің де мәні жоқ емес екен. Өйткені кітаптың алғашқы бетіне «Қуанғаныңа – көңілім көлдей» деп қолтаңба қалдырған екен.

Ет пен терісінің арасындағы желік кейде өлең болып жазылатыны бар. Газетке шыққан «Дін дегенің ділім-ді...» деген



бір өлеңім Сайлаухан ағамның назарына ілігіпті. Жезқазған теміржол вокзалында ұшырасып қалдық. Жаңаарқа жаққа жүргелі тұр екен. «Өлеңінді оқыдым. Осындағы ақынмын деп жүргендердің кейбірінен сенің жазғаның мықты екен. Өлеңді жазғасын солай жазу керек. Тоқтап қалмай, жалғастыра бер», – деген бағасын естігенде, төбем көкке екі елі жетпей қалғандай болды. Өйткені жазған өлеңнің Сайлауханға ұнағаны деген Абайдың алдына барып, батасын алып қайтқаннан кем бағаланбайтын. Бірақ, табиғатыңнан төгіліп тұрған ақын болып жаратылмағасын, өлең деген жалғастыра бер дегенге жалғастыра салуға болмайтын нәрсе ғой. Сәкеңнің «үйлену керек» дегенін тап-тұйнақтай орындасам да, мына тапсырмасының ретін келтіре қоймадым.

Бірде «Нұр Отанның» жиналысына асығып бара жатсам, жолай жолыға кеткен Қасым аға Орынбетов: «Сәл тоқтай тұр-сай, шылым шегіп алайық, кішкентай әңгіме бар еді», – деп қоймайды. «Шылымды жүре шегейік, әңгімеңізді де айта беріңіз», – деймін асығып бара жатқан соң. Қаскеңнің бір нәрсені ойына алса шегелеп тастайтыны да бар ғой. «Ай, Абдолла, негізі шылымды жүре шегуге болмайды, бұл денсаулыққа өте зиян екен», – деді. Сондағысы менімен емін-еркін тұрып сөйлеспекші. «Оны қайдан шығардыңыз? Үнемі жүре шегеміз ғой», – деп едім, Қаскең: «Мен де жүріп келе жатып шеге беремін. Сайлаухан марқұм ешқашан жүріп келе жатып шеккен емес шылымды. Асығыс болса да, бір орында тұрып шегетін. Сол айтқан», – деді. Қаскеңнің мұнысы «Енді тоқтамағанда қайда барасың?» дегендейі еді. «Қаске-ау, – дедім, – шылымды бір орында тұрып шеккен сол Сайлаухан қайда қазір, ал жүріп шегетін Қаскең қайда?» – дегенде: «Өй, саған дауа жоқ екен, – деген ағам, – жиналыс қалай бітеді, солай хабарлас», – деді де, кейіндеп қала берді.

Біреуге ерте, біреуге кеш келетін ажал Сәкең ертерек жетті. Ауруханада жатқанын да естімеген екенмін, «дүниеден өтіпті»



дегенде «неге?» деппін. Шамасы, бұлай болатынын мүлдем күтпегендіктен бе екен?.. Жалған дүние жалт ете қалса, неге дерің бар ма? Соңында қалған мұрасы кейін жұртшылықпен кітап болып қауышты. Өлеңдері өз алдына... Сәкеңнің туып-өскен жеріне деген шексіз махаббатын айғақтайтын бір ауыз сөзі бар. Бұл «Жезқазған – стратегиялық маңызы бар қала. Американың да, Қытайдың да бір-бір ракетасы Жезқазғанға бағытталып тұр. Бірақ бірінікі асып кетіп, бірінікі жетпей қалып, Жаңаарқаға құлайды. Айналып келгенде, сорлайтын – біздің Жаңаарқа» дейтін журналистер арасына кең тараған сөзі. Туған жерінің амандық-саулығына алаңдаған азаматтың жүрегінің лүпілі ғой бұл! Сосын Сәкең «Мен солай болатынын білгем» дейтін сөзді де жиі айтатын. Өлгі сөзді де Жаңаарқаға ракетаның құлайтынын да білгесін айтқан екен ғой. Қайсыбір жылы Американың да, Қытайдың да емес, ежелгі қоңсымыз Ресейдің зымыраны Атасудың шетіне құлап, халық дір ете қалды емес пе? Ақын адамда әулиелік болады дегенге сенбей көріңіз.

Сайлаухан ағаның намазына қатыса алмадым. Сол күні қайынатамның қайтқаны туралы хабар келіп, Қызылордаға жол жүріп кеттік. Қайта оралғанда жақсы ағаларымыздың бірі, ақын, журналист Қуаныш Ахметовтің де өмірден өткенін білдім. Сәкең Қақаңды өте жоғары бағалайтын, олар бір-бірімен жақсы сыйлас еді. Сайлаухан аға дүниеден қайтқанда Қақаң да ауруханада жатыр дегенді естігенмін. Тіршілікте сыйласып, сырласып бірге жүретін жандары жайсаң жақсылар осылайша мәңгіліктің әлеміне де қатар аттанған еді.

Содан бері он жылдың жүзі ауыпты. Көзден кетсе де, көңілден кетпейтін адамдар болады. Біз сондай нар тұлғалардың біреуін ғана сөз еттік.

**Абдолла ДАСТАНОВ.**  
*«Сарыарқа», №03, 19.01.2018*



## ЕСІМДЕ ҚАЛҒАН ЕСІМДЕР

*Қалалық «Сарыарқа» газеті өзінің қырық бес жылдығын атап өтуге байланысты бірқатар іс-шаралар белгілеген екен. Соның бірі – газет редакциясында бұрын қызмет атқарған, бүгінгі тілмен айтқанда, ардагер қаламгерлердің естелігін жариялау екенін бұрынғы газет редакторы, ініміз, шәкіртіміз Төлеу Асанов ерекше леппен айта келіп, маған естелік жазу жөнінде қолқа салды.*

Жазудан тосырқап қалған қалам бұрынғыдай жорғалап кетпейді. Әрі естелікте не айтамын, неден бастасам екен деген ойлар мазалайды. Осындай толғаныс үстінде қазақ поэзиясы классиктерінің бірі Сұлтанмахмұт Торайғыровтың балалықтан үлкен өмірге қадам басар алдында айтқан: «Алдымда тоқсан тарау, тоқсан таңдау, алайын анасын ба, мынасын ба?!» деген өлең жолдары ойға орала берді. Шын мәнісінде қызығы да, шыжығы да көп редакция өмірінің қайсысын айтсам болады?..

...Әңгімені әріден бастайын. 1973 жылы наурыз айында жаңадан құрылған Жезқазған облысы активінің жиналысы өтті. Ол кезде Ұлытау аудандық «Ұлытау өңірі» газетінде редактор болып жүрген мен осы актив жиналысына арнайы шақырылғандардың қатарында болдым. Араға бір ай салып, 13 сәуірде облыстық «Жезқазған туы» газеті шығатын болды. Әрине, өзіміздің аймағымызда облыс құрылып жатса, оның өз газеті шығатын болса, оған қуанбағанда қайда қуанамыз? Бөркімізді аспанға атып дегендей, шаттанып жүрген сәттегі менің ойымдағы алғашқы арман – осы газетке қызметке келу. Мұның өзі айтуға оңай болғанмен, шешімін табуы қиын мәсе-



ле болды. Жаңа облыстық газеттің редакторы Сайлаубек Қожамсейітов қызметке алғысы келеді, бірақ мені Ұлытау аудандық, қала берді, облыстық партия комитеттерінен қолқалап сұрап алуға шамасы жетпейді.

«Шамасы жетпейді» деген сөз тіркесін әдейі қолданып отырмын. Өйткені аудандық газеттің редакторын тағайындауда, басқа қызметке ауыстыру да немесе қызметінен алып тастауда – алдымен аудандық, одан соң облыстық партия комитетінің құзырында. Осы азуы алты қарыс ұйымның хатшылары – аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Мейрам Абақанов, облыстық партия комитетінің идеология жұмыстары жөніндегі хатшысы Жылқыбай Аралбаев менің қызмет ауыстыруыма қарсы. Сондағы Мекеңнің – Мейрам Абақановтың айтатыны:

– Жолдас редактор, бізден не жамандық көрдің? Сізді біз болашақ өсетін кадрларымыздың бірі деп есептейміз. Қызмет ауыстырамы деген ойыңды қоя тұр.

Ал облыстық партия комитетінің хатшысы Ж. Аралбаевтың арнайы қабылдауында болғанымда сәл қатқылдау сөйледі.

– Сен өзі аудандық газеттің редакторы қызметін олқысынып жүрсің бе? Қажет десең, аудандық газеттің қызметкерлері – біздің идеология майданының алдыңғы шебіндегі жауынгерлеріміз. Сен олардың командирісің, – дегенге дейін барды.

Асылы, қазақтың «Қасқырдың бөлтірігін қанша асырасаң да орманға қарап ұлиды» дегені рас. «Жезқазған туы» газетіне барсам деген ой мені көп мазалайтын болды. Осындай толқу үстінде жүргенде, қазақы тілмен айтқанда, болмысы мол пішілген, аса сымбатты, мінезі мейлінше жұмсақ бірінші хатшы Мейрам Абақанов:

– Товарищ молодой редактор. Сенің алаңдап жүргеніңді білемін. Бірақ бізге де жақсы кадр керек. Саған бірінші тапсырма – аудандық газетті басып шығаратын өз баспаханасын



жасақтап бер, содан кейін саған рұқсат берейік. Болашағың бар ғой, – деп ағалық лебізін білдірді.

Ол кезде «Ұлытау өңірі» газетінің редакциясы Жазқазғанда – осы күнгі «Сарыарқа» газетінің редакциясы орналасқан ғимаратта еді. Енді жаңадан облыс құрылып, оның «Жезқазған туы» газеті қалалық баспаханадан басылып шығатын болғандықтан, былайша айтқанда, аға газетіміз бізді баспаханадан да, кеңсемізден де ығыстыра бастады. Біз газетті бірде Жезқазғанда, бірде Жездіде, кейде тіпті Қарағандыда бастырып жүрдік. Басқаны қайдам, бүгінде өзімнің таңғалатыным сол, аудандық газеттің апталық үш нөмірін де үзбей шығарып тұрдық. Түсінген адамға бұл – ерлікке пара-пар еңбек.

Негізгі тақырыбымыз «Жезқазған туы» – «Сарыарқа» газеттерінің шыға бастағанына 45 жыл толуы болғаннан кейін жаңағы әңгімені әрі қарай созбай отырмын. Ал «Жезқазған туы» газетінің бірінші нөмірінде сол кезде аудандық газеттің бөлім меңгерушісі болған Сұлтан Әлиев пен менің бірлесіп жазған «Дала төсінде» атты суреттемеміз жарияланды. Сөйтіп, газет тарихына оның бірінші нөмірінен бастап атсалыстық.

Менің «Жезқазған туы» газеті редакциясына ресми келуім – 1975 жыл. Жаңа газет редакциясына тоғысып жатқан қаламгерлердің көбін жақсы білемін, дастархандас, сапарлас болған әріптестерім де бар. Олар – Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстан» газетінде бірге қызмет атқарған Рымқұл Сүлейменов, Сайлаухан Нәкенов, Кәмила Құдабаева, Қасым Орынбетов сияқты қаламгерлер. Жаңа қызметкерлердің қатарында Уәлихан Нұрқасымов атты сатирик журналист есімде қалыпты.

Уәлиханды сатирик журналист деп атауымның себебі – ол сол кездің өзінде республикаға танымал болған қаламгер. Талдықорған облыстық газетінде, тіпті, кейбір республи-



калық газеттерде қызметте болған. Қаламы қарымды бұл журналистің жазу шеберлігі де жоғары. Ал адами мінезіне келетін болсақ ашық-жарқын, аңқылдаған кісі. Бойындағы бір кемшілігі – аздап «ащы судың» дәмін татып қояды. Редакциядан редакцияға қоныс аудара беруінің себебі де сол екен. Уәкең өзі табалдырығын аттаған редакцияның басшысына екі өтінішті бірден тапсыратын көрінеді. Біреуі – жұмысқа қабылдау жөнінде, екіншісі – жұмыстан шығару туралы. Ол осындай өтінішті «Ұлытау өңірі» газетінің редакторы болып жүргенде менің атыма да жазды. Өңгімелесе келгенде байқағаным, ол «Жезқазған туы» басшыларына мәнәйі себептермен жақпай қалған.

– Уәлихан аға, мына екі арызыңызға түсінбей отырмын, – деймін мен.

– Көбейсін шырағым, бұл менің көптен қалыптасқан дәстүрлі әдетім. Бірінші арызбен мені қызметке қабылдайсың, ал екінші арызбен мені жұмыстан шығарасың.

Осы мәселенің байыбына барсам, Уәкең қызмет істеп жүріп, оны өзі қалаған уақытта тастап жүре береді екен. Ол туралы өзі:

– Менің кейде қалыптан шығып кететін кездерім болады. Сондайда мені іздеп әуре болмандар. Кейін өзім келіп, әлгі екінші арызыма байланысты маған есептелген аздаған тиын-тебенімді алып кете берем, – деп мән-жайды түсіндірді.

Облыстық «Жезқазған туы» редакциясына қызметке кіріскенде бірінші аңғарғаным, мұнда ылғи қаламы төселген журналистер жиналған екен. Мені редактор Ұзақбай Төлеуов газеттің белді де беделді бөлімі партия тұрмысына аға әдеби қызметкер етіп қабылдады. Әрине, бұл – кеше ғана аудандық газеттің білдей редакторы болған адамға олқы қызмет. Ол туралы әріптесіміз Сайлаухан Нәкенов:



– Көбейсін Еңсебаев жолдас, журналистік өмірбаяныңды қайтадан басынан бастайтын болдың-ау, – дегені бар.

Шын мәнінде мен қаламгерлік өмірімді қайтадан бастадым. Қатардағы әдеби қызметкерден облыстық газет редакторының бірінші орынбасарына дейінгі сатыдан өттім.

Редакция өмірінде талай қызықтар да, шыжықтар да болып тұрады. Қызығы сол, қаламдастарыңмен, қатардағы қызметкерлермен емен-жарқын араласып кетесің. Шыжығы – әлдеқалай газетте қате кетсе, түн ұйқыңды төрт бөліп жасаған жұмысың зая кетеді. Осылардың қайсысын болса да бастан өткердік.

Осы естелікті жазу барысында ойыма оралып отыр, бұл өзі үлкен тақырып екен. Бірақ, шабыттың желісімен кетіп қалмай, газеттің бір беті көтеретіндей деңгейде қалам тербеп отырмын.

Ол кезде бір кісідей ұйымдасқан ұжым мереке күндерін бірлесіп атап өтетін. Әсіресе, жаңа жыл ертеңгіліктеріне балаларымызды, немерелерімізді ертіп келіп тойлайтынымыз өз алдына бір бөлек әңгіме. Мерекелік сәттерде әріптестерге достық әзіл жазу, редакцияның қабырға газетін түрлендіріп шығару дәстүріміз еді. Бүгінде осы шаралардың бел ортасында жүріп, қаламдастарыма арнап достық әзілдер жазғаным еске түседі. Әрине, оның бәрін тәптіштеп айтып шығу мақсат емес. Десек те, редакция машинисткасы Базар Жолдыбаеваға, редактордың орынбасары Сапабек Мырзатовқа, жергілікті тілшіміз, дәрігер Өмірбек Мұқановқа, жаңаарқалық қарт тілшіміз, мұғалім Сәбит Бармұхамедовке арнаған достық әзілдерімді айта кеткенді жөн көріп отырмын.

### ***Машинистка Базар Жолдыбаеваға:***

*Шабыттың отын лаулатып,*

*Қаламгер жазса қаулатып,*

*Мақаласын да, мысын да*

*Басады Базар заулатып.*



Құдайға шүкір, қарулы,  
Тас қазбаса да, тау құлатып.  
Айбөпенің әжесі  
Қалмаса болды тұмауратып.

**Қарт журналист Сапабек Мырзатовқа:**

Қаламгер қартымыз Мырзатов,  
Фельетон жазатын зырлатып.  
Зейнеткер болғалы зиялы,  
Өзімен өзі жүр сырласып.  
Қол үзіп кетпеңіз жазудан,  
Қаламның сиясын құрғатып.

**Дәрігер-тілшіі Өмірбек Мұқановқа:**

«Қаламы көрмеген мұқалып»,  
Жүйкесі көрмеген жұқарып.  
Театрды, батырды, ақынды  
Жазатын хирург Мұқанов.

**Фототілшіі Кәмілбек Бәкіровке:**

Сурет тілімен арайлы,  
Әлемге сұлулық тарайды.  
Кәмекең қыздардан басқаға  
Объектив көзімен қарайды.

**Соғыс және еңбек ардагері,  
қарт тілшііміз Сәбит Бармұхамедовке:**

Сәкеннен соң Сәкеңнен алған тәлім,  
Жарты жұрты жасампаз Жаңаарқаның.  
Ұстаздардың ұстазы әм қаламгер,  
Демеушісі бүгінгі «Сарыарқаның».



Менің қаламымнан туған бұдан басқа да бірнеше достық эзілдер мен құттықтаулар бар еді, капелімде еске түспей тұр. Жадымда жүрген құттықтаулардың бірі – бүгінде «Сарыарқа» газетінің еңбек ардагері болып отырған машинистка Бақыт Еркебұланованың туған күніне арналған бір шумақ. Бұл бір шумақ өлең Бақыттың үлкейтілген портретінің астына суретшіміз Жұртшыбай Қожықовтың әсем жазумен жазылып, редакцияның көрнекті жеріне ілінді.

*«Бақыттылар байқамайды уақытты»,  
Туған күннің таңы күліп атыпты.  
Шын жүректен бақыт тілеп біз оған,  
Бәріміз де құттықтаймыз Бақытты!*

Осы құттықтау, басқаны қайдам, Бақыттың өзіне қатты ұнаса керек, ол маған рахметін айтып, риза болып қалды.

Осындай достық эзілдердің біреуін әдеби қызметкер Мұратхан Қаниевке арнаған екенмін. Мұратхан ініміздің бір ерекшелігі – көп жазатын, көсілте жазатын. Мысалға, «Бір кітапханашы туралы мақала жаз» деп тапсырма берілсе, ол осы тақырыпты облыстық газеттің етектей бір бетіне жетерліктей етіп, көлдей мақала жазушы еді. Оның бұл мақаласын сол қалпында газетке жариялап жіберуге мүмкіндік жоқ. Ал қысқартып тастайын десе Мұратханның қолжазбасын оқып, оған қол қоятын бөлім меңгерушісі Апбаз Қаражігітов те, олардың үстінен қарайтын редактордың орынбасары Сапабек Мырзатов та қиналады.

– Мына етектей мақаланы газеттің қай жеріне сыйғызаймыз? Қысқартып неге әкелмейсің? – деп Мырзатов Қаражігітовке шүйлігеді. Апекең болса:

– Мұратханның мақаласына қанжардай қалам сілтеп қысқарта салуға батылым бармады, – деп ақталады.



Осындай қиналыстардан кейін, әрине, қысқартып барып мақала жарық көреді. Осы сәтті пайдаланып, мен Мұратхан Қаниевке арнаған достық әзілімде оған:

*Апекеңді де «жылатқан»,  
Сапекеңді де «жылатқан».  
Бұл – кім?..  
Бұл – Қаниев Мұратхан, –*

деген өлең шумағын арнадым.

Мен «Ұлытау өңірі» газетінен қызмет ауыстырып келгеннен кейін, сол кезде облыстық газеттің әдеби қызметкерлері, қаламдас інілерім Мақұлбек Рысдәулетов, Избасар Қабдірахманов, Бағдат Мекеев әр кез маған қолқа салып: «Ұлытаудың көркем табиғатына барып, демалайық, Алашахан сияқты кесенені көрейік...» – дегендей өтініш айтып мазалай берді. Мен оларға: «Барсақ, барайық. Апарамын сендерді», – деп уәде беріп жүрдім. Ұмытпасам, 1976 жылдың 9 мамыр мерекесінде оның да сәті түсті. Маужыраған мамырдың мерекелі күндерінде бір күнімізді әлгі аталған інілеріміз бен қарындастарымыз, ұзын саны жиырма шақты адам бірлесіп, табиғат аясында мереке өткіздік. Шағын салтанатымыздың сәтті өтуіне «Сарыкеңгір» совхозының сол кездегі директоры Әбілжан Сүлейменов, партком хатшысы Шаяхмет Аяшев ағаларымыз, ерлі-зайыпты Жәлкен мен Сара қамқорлық жасады. Баспана үшін шатыр тіккізіп берді, ішіп-жеуімізге деп мал сойдырды, қымыз, басқа да сусындар ұйымдастырды. Біз алдымен Алашахан кесенесін аралап, кейін дастархан басында емен-жарқын салтанат өткіздік. Бұл күнді кейінірек белді де белгілі журналистер Мақұлбек Рысдәулетов, Балтабек Әбеуов, Избасар Қабдірахманов тамсана еске алып жүрді.

Редакция тапсырмасымен іссапарға шыққан кезде кейде белгіленген мерзімнен кешігіп қалатын сәттер де болады. Партия тұрмысы бөлімінде меңгеруші болып жүрген кезім-



де осындай бір іссапардан кешігіп келгенімде редактордың орынбасары Сапабек Мырзатовтың:

– Товарищ Еңсебаев, сен іссапарға кеткенде космосқа ұшқан ғарышкерлер де кеше қонды ғой. Ал сенің бір күн кешіккенің қалай? – дегенде, орынды уәжге жауап таба алмай қысылғаным бар.

Редакция қаламгерлерінің өмірінде осындай сәттер де болып тұрады. Есімде қалған ерекше сәттер көп. Оның қайсыбірін айтарсың. «Жезқазған туы» – «Сарыарқаның» әлі де талай мүшелді мерекесі бола жатар. Сол кезде сөз кезегін бере қалса, қалған қызықты сәттерді сонда айтармыз.

«Жезқазған туы» – «Сарыарқа» газеттері облыс, республика, қала берді, осы аймақ төңірегіндегі қаламгерлердің ұстаханасы болды. Кезінде бұл газет редакциясынан тәлім-тәрбие, тәжірибе алған Апбаз Қаражігітов, Ғалым Жайлыбаев, Ғазиз Ештанаев, Ибрагим Бекмаханов, Сара Смағұл, Батырбек Мырзабеков, Мақұлбек Рысдәулетов, Мұратхан Қаниев сияқты журналистер бүгінде республикаға танымал ақын-жазушылар болды. Солардың бәріне де «Жезқазған туы» – «Сарыарқа» газеті ұстаз болғандығын біз бүгінде мақтан етеміз. Сол мәртебелі іске қарлығаштың қанатынан тамған бір тамшы судай болса да үлес қосқанымды атап өтсем, ол асыра сілтегенім емес.

**Көбейсін ЕҢСЕБАЕВ,**  
**Қазақстан Журналистер одағы**  
**сыйлығының лауреаты.**  
**«Сарыарқа», №04, 26.01.2018**



## «ОҚЫРМАННЫҢ ТАЛҒАМЫН ГАЗЕТ МАЗМҰНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРАДЫ»



*Биыл бұрынғы Жезқазған облыстық «Жезқазған туы» газетінің заңды мұрагері «Сарыарқаның» 45 жылдығы екенінен көзі қарақты оқырманның біразы хабардар болды. Кезіндегі Жезқазған облысының, Ұлытау-Жезқазған аймағының тарихында, рухани өмірінде өзіндік орны бар басылымның мерейтойы – өткенге көз жүгіртіп, аймақ тарихын жасасқан ардагер буынның еңбегіне жаңаша баға беріп, құрмет көрсетуге де мүмкіндік. Осыдан 45 жыл бұрын облыстық газеттің шаңырағын көтеріп, уығын шанышқан, алғашқы нөмірін шығарған көнекөз журналист Қасым ОРЫНБЕТОВ – сондай сый-құрметке лайық ардагерлеріміздің бірі де бірегейі. Қазір Қарағанды қаласында тұрып жатқан Қаскең жақында редакциямызға арнайы соғып, жас журналистерге ақыл-кеңесін айтып кеткен болатын. Біз де ардагер журналистің естелігін тыңдап, азмаз сұхбат құрып қалуға тырыстық.*

– Қаске, өзіңіз алғашқылардың қатарында уығын шанышқан газетіңіздің 45 жылдығы да келіп қапты. Құтты болсын айтамыз. Газеттің алғашқы нөмірі шыққан сол бір жылдарды еске түсіре отырсаңыз.

– Өздеріңіз де білетіндей, «Жезқазған туы» газеті Жезқазған облысы құрыла салысымен ашылды. Нақтырақ айтар болсақ,



1973 жылғы 20 наурызда Жезқазған облысы құрылса, артынша облыстық газетті шығару туралы шешім қабылданып, 13 сәуірде газеттің алғашқы нөмірі шықты. Ол кезде мен Ақтоғай аудандық «Арқа еңбеккері» газетінде бас редактор едім. Сол жылы наурыздың 24-інде партия комитетінің басшылығы жаңадан ашылған облыстық газетке қызметке баратынымды айтты. «Қандай қызмет береді, алып кете алам ба?» деген түрлі ой болды. Оның үстіне бұрын облыстық газетте жұмыс істеп көрмегем. Содан «9 сәуірде Жезқазғанда болуың керек» деген хабар келді. Газеттің редакторы болып Сайлаубек Қожамсейітов тағайындалған еді. Қалаға келсем, Сайлаубек Қожамсейітов менің жауапты хатшы болатынымды айтты. Маған дейін газетке Сайлаухан Нәкенов, Шәкизада Дәрмаханбетов, Итен Қарымсақов, Избасар Қабдырахманов деген азаматтар келіп, біраз адам жиналып қалған екен.

Алғашқы нөмірді А2 форматымен 2 бет етіп шығаратын болдық. Облыс құрамында ол кезде 2 қала, 6 аудан бар. Алғашқы нөмірді сол өңірлердің географиясын сақтай отырып, партия конференциясы делегаттарымен қосып, шопандар туралы, басқа салалар туралы материалдарды жинақтап, бас мақала орнына «Оқырмандарға арнау» деген материалмен шығардық. Солай жұмысты бастап кеттік.

**– Жаңадан ашылып жатқан газет болған соң маман мәселесі туатыны сөзсіз ғой. Ол тығырықтан қалай шықтыңыздар?**

– Алғашқы нөмір шығысымен жаңа қызметкерлер ала бастадық, газеттің бөлімдері ашылды. Сайлаухан Нәкенов мәдениет бөліміне, Болат Бабақов деген азамат партия тұрмысы бөліміне, Апбаз Қаражігітов хат бөліміне, Ескен Қасенов насихат бөліміне меңгеруші болды. Осылай-осылай басымыз құралды. Сол жылы журналистика мамандығын оқып келген тағы 5 жас маман келді.



Бірден айту керек, қазақ газетінің жұмысы ол кезде өте қиын болды. Облыстық орыс тілді газет бұрынғы «Джезказганский рабочий» газетінің негізінде ашылды, маманнан, басқа да жағынан айтарлықтай қиындық көрмеді. Бізде жағдай сәл басқаша болды. Басқасын былай қойғанда, қазақ тілінде тақырып қоятын линотип шрифтері болмады. Линотип терімшілері, машинистка, корректор таппай қиналды. Орыс газетінен корректор, терімшілер берді. Олар қате басады. Бір қатесін түзетсең, екінші жерден тағы қате шығады. Тіпті, қате түзеткенде тапқан қатенді қоятын жер таба алмай қаласың. Ол қателерді түзеп отырғанда таңертең шығатын газетіміз сол күні кешке, кейде тіпті одан кейінгі күні шыққан кездер де болды. Әбден қиналды. Қарағандыдан линотип операторларын шақырдық көмекке. Олар бір-екі айға келеді, қайтып кетеді. Сосын жан-жақтан адам іздедік. Осы Жезқазғанның баспаханасында істеген Гүлнәр Күлмағанбетова деген келіншекті таптық. Сол кездің өзінде жасы қырыққа келіп қалған кісі, жұмыстың ыстық-суығына шыдап, бар ауыртпалығын көтеріп жұмыс істеді. Ақтоғайдан линотипке Сарқыт Шәріпова деген қызды алдырдық. Өте сауатты әрі жылдам теретін. Бір күнде 1700-1800 жол материалды қатесіз теріп кететін. Газетте біреулер келіп жатады, біреулер басқа жаққа ауысып жатады. Сондай бір кезде Ақтоғайдан журналист Балтабек Әбеуовті алдырдық. Келе сала ауылшаруашылық бөліміне меңгеруші болды.

Сондай-ақ, машинисткалардың мәселесі де біразға дейін уайым болды. Оларды үйретіп, тәрбиелегенше біраз қиналды. Газетімізге Базар Жолдыбаева деген машинистка келіп көзіміз ашылды. Сөйтіп жүріп Бақыт Еркебұланова деген қызды тауып алдық. Ол да тез үйренді, жұмысын тиянақты атқарды. Осылайша бір жарым жылдың ішінде газет жұмысын дұрыс жолға қоя алдық. Алғашында аптасына екі рет, кейін үш рет шығатын болдық.



– Сіз жауапты хатшы болғаннан кейін де шығар, газет секретариатының жұмысы, ондағы қиындықтар туралы біраз естелік айттыңыз. Алғашқы кезде газеттің шығармашылық әлеуеті қалай болды? Сол туралы да айта отырсаңыз.

– Бұл тұрғыдан келгенде, облыстық «Жезқазған туы» газетінің шығармашылық әлеуеті зор болды. Газеттің алғашқы редакторы Сайлаубек Қожамсейітов қарамағындағы журналистердің қабілетін терең тани білетін, өте мәдениетті кісі еді. Жаңадан келген әр журналистің жазғанын өзі қарайтын. Қарайтын да одан бірдеңе шығатынын, не шықпайтынын бірден айтатын. Материалдарды оқығанда оңды-солды шимайлап, асыра сілтемейтін. Журналистің өзін шақырып алып, «Мына тұсын былай келтірсек әлдеқайда әдемі болатын сияқты, мына бір сөздің мына баламасын қолдансақ жөн болмай ма?» деп ақылдасып отыратын. Осындай кәсібилігі мен мәдениеті жоғары Сәкеңнің жиі қайталайтын «Редактор – кейде диктатор, бірақ көбіне түзетуші» деген сөзі болатын. Шынымен де ол кісі шығармашылық жұмысқа шебер басшылық жасай білді.

Редактордың орынбасары болған Рымқұл Сүлейменов те өте беделді, білім, парасаты жоғары кісі болатын. «Жезқазған туына» «Орталық Қазақстаннан» келді. Редактордың орынбасары болған ақын Сайлаухан Нәкенов, кейін редактор болған Сабыр Сауытбаев, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы болған Болат Бабақов, өнеркәсіп бөліміне меңгеруші болған Қалиасқар Әбілдин, қай-қайсысын болса да бүгінде сағына еске аламыз. Жалпы, «Жезқазған туы» газетіне сол кездері шақырылған журналистердің барлығы кәсіби тұрғыда шыңдалған азаматтар еді. Осы газет талай ақын-жазушыны да елге танытып, бағын ашты. Мұнда марқұм Сайлаухан Нәкеновтің еңбегі зор.



Біздің газетте қаламын ұштаған, журналистиканың табалдырығын біздің газетте аттаған талай азамат аты елге танымал жазушыға айналды, республикалық ақпарат құралдарының бас редакторы болды. Бүгінде Қазақстан Жазушылар одағы басқарма төрағасының орынбасары болып жүрген ақын Ғалым Жайлыбайдың партия мектебіне оқуға түскенге дейін «Жезқазған туында» қызмет еткенінің өзі біраз жайттан хабар бермей ме?! Аты республикаға танымал журналист, кейін Жамбыл облыстық «Ақжол» газетін басқарған Мақұлбек Рысдәулет те журналистік қызметін бізден бастаған. Сол сияқты Бейсенбай Сүлейменов деген журналисіміз кейін «Қазақстан пионері» газетіне басшылық жасады, атақты баспагер болды. Сондай-ақ, «Жезқазған туына» әр жылдары әңгімелерін жариялап жүрген Кәмел Жүністегі, Өмір Кәріпов – бүгінде елге танымал жазушылар. Кәмел Жүністегі жай жазушы ғана емес, ұлт мүддесі жолында аянбай еңбек еткен, басын бәйгеге тіккен қайраткер. Тарихшы Қуаныш Ахметовтің түрлі тақырыптағы ғылыми мақалалары, өлке тарихына қатысты зерттеулері де газетімізде жарияланып тұрды. «Сарыарқаның» 45 жылдық тарихы – аз мерзім емес. Осы уақыт ішінде газеттен талай қаламы қарымды журналистер, білгір мамандар түлеп ұшты. Алысқа бармай-ақ, осы Жезқазған-Ұлытау аймағындағы қаламгерлердің, журналистердің қай-қайсысы болса да «Сарыарқаға» бөтен емес. Бүгінде ақпарат саласында жемісті қызмет етіп жүрген қыз-жігіттердің дені – осы «Жезқазған туында» қызмет етіп қаламын ұштаған, елге танылғандар.

Осы орайда сол кездегі ұжымның жұмысқа деген ынта-жігерін, газетке деген жанашырлығы мен жеке адами қасиеттерінің де жоғары болғанын айта кету керек. Күнделікті қарбалас тірлікте не болмайды? Жұмыс бабымен қатаң сын да, ауыр ескертулер де болды. Соның барлығын оң қабылдап, жұмысты алға бастырып қана қоймай, адамгершілік сыйлас-



тықты сақтай білген ол кісілердің қай-қайсысы болса да құрметке лайық.

– Біраз әңгіменің басын қайырдық. Енді мына баспасөздің бүгінгі ахуалына ойыссақ. Қазіргі қазақ газеті қандай болуы керек, атқаратын рөлі қандай болмақ деген сауал төңірегінде ойыңызды білсек.

– Газет басқа ақпарат құралдарының ішінде өзінің ерекше қызметі бар сала ғой. Кешегі кеңестік заманда газеттің қоғам, мемлекет өміріндегі маңызы қандай болса, қазір де ол бір мысқал кеміген жоқ. Елбасының кешегі «Рухани жаңғыру» идеясы біздің газеттердің жұмысына жан бітіруі керек. Жезқазған-Ұлытау аймағы – тарихын тереңнен тартқан, мәдени мұрасы бай өлке. Шежірелі, қазыналы қарттары қаншама?! Біз «Жезқазған туында» осы тарихқа, мәдени мұрамызға көп көңіл бөлдік. Тайжанның, Болманның, Қожабайдың, Нарманбеттің мұрасын насихаттадық. Оқырманмыз қазақтар болған соң ауылға арқа сүйедік. Ауыл өмірін жан-жақты көрсетуге тырыстық. Қазір де газет тарихтан қол үзбеуі керек. Ел аузында жүрген талай шежіре, дастандар бар. Кейінгі жастар есімін естімеген, естісе де жіті танымайтын тұлғаларымыз бар. Соларды насихаттап, танымдық дүниелерді көп жариялау қажет. Оқырманның талғамы жоғары болу үшін газеттің мазмұны бай, жазғаны құнарлы болуы керек. Журналистер соған күш салса.

Газет кешегі кеңестік кезеңде де халық пен бұқараның арасын байланыстырған дәнекер болған, бүгін де солай, болашақта да ол функциясынан айырылмайтыны анық. Халықтың мұң-мұқтажы газет бетінде көтеріліп, түйткілді мәселелер сөз болса, оны билік өкілдері дұрыс қабылдап, газетпен қоян-қолтық жұмыс істесе, көтерілген мәселелер оң шешімін тауып жатса кімге зиян? Сондықтан газет оқырманға жақын болуы, онымен ұдайы байланыс орнатуы керек. Оқырманның ойынан шыққан,



көптің көңіліндегіні тауып айтқан газет қашан да беделді, ондай газеттің қызметкерлері қашан да ел алдында сыйлы.

**– Уақыт бөліп, осынша естелікпен бөліскеніңізге мың рақмет! «Сарыарқаныңды» 45 жылдығы құтты болсын! Жаратқан газеттің әлі елу, алпыс жылдығын бірге атап өтуді жазсын.**

**Сұхбаттасқан Дархан МҰҚАНОВ.**

*«Сарыарқа», №05, 02.02.2018*



## НҮРЛЫ БЕЛЕСТЕР, СЫРЛЫ ЕЛЕСТЕР

*«Жезқазған туы» – «Сарыарқада»  
өткен 22 жылдан бір үзік сыр*



1988 жылы Торғай облысы жабылды. Мен ол кезде Арқалық қаласында облыстық «Торғай таңы» газетінде істейтінмін. Торғайға Сыр бойынан 1984 жылы келгем. «Торғай таңында» төрт жылда бауыр басып қалған журналистермен қимай қостасып, арнайы жолдамамен Жезқазған облыстық «Жезқазған туы» газетіне келдім.

Бұл – 1988 жылдың маусым айы. «Жезқазған туының» редакторы Сабыр Сауытбаев сондай кішіпейіл, ақжарқын, жұмсақ мінезді кісі екен. Алдымен екі орынбасары мен жауапты хатшыны өзіне шақырып алып, мені таныстырды. Редактордан кейін сөйлеген Көбейсін Еңсебаев:

– Бұл жігіт мына Торғайдан келіпті. Өзі – қызылордалық. Еліне бір табан жақындағысы келген шығар, қадамына сәттілік тілейік, – деді.

Содан соң С. Сауытбаев өзі бастап, мені бөлімдермен таныстырып шықты. Газеттің үгіт-насихат бөліміне тілші болып орналастым. Бөлім меңгерушісі Нұрперзент Домбаев екен. Аядай бөлмеде – төртеуіміз. Мәдениет бөліміндегі Шахмұрат пен Сара бізге қарсы жақ бетте отырды.

Ауыл шаруашылығы бөліміндегі Жағыпар Қарабалаев, Ғалым Жайлыбаевпен жиірек араласуыма тура келді. Жағыпар отбасымен 6-ықшамаудандағы Жезқазған жылу-электр орта-



лығының жатақханасындағы шағын бір бөлмесінде әйелі, екі баласымен тұрады екен. Ғалым Жезқазғанға менен алты-жеті ай бұрын Жаңаарқадан келіпті. Ол да үй ала алмай жүр екен. Мен солардың қатарын толықтырдым. Ғалым екеуіміз де жатақханаларды біраз шарладық.

Жүре келе бәрі де орнына келді ғой. Үй де алдық, тұрмыс та түзеле бастады. Ең бастысы, шығармашылық жұмыс істеуге зор мүмкіндік туды. «Жезқазған туының» арқасында сол кездегі облыстың бүкіл аудан, шаруашылықтарын аралап, мол материалдар жинап әкелуге қол жетті. Ол бір кең кезең екен-ау! Газеттің барлық жанрларына қалам тарттық. Журналистердің проблемалық және сын мақалалары жиі жарық көретін. Оларға жауап та берілетін. Партия, кеңес, экономикалық-әлеуметтік тақырыптар басымдық сипат алатын ол бір кезеңнің міндеттерін шешуге «Жезқазған туының» ерекше үлес қосқаны даусыз. Редакцияның шығармашылық ұжымының өзара сыйластығы, тірлігі мен бірлігі жоғары болды. Аға буын журналистерге жастар жағы ерекше құрметпен қарайтын. Сабыр Сауытбаев, Ескен Қасенов, Сайлаухан Нәкеновтің ізін ала Көбейсін Еңсебаев, Балтабек Әбеуов, Мақұлбек Рысдәулетов, т.б. үлгі-өнегенің өлшеміне айналды. Бұл тізімді одан әрі соза беруге болар еді. Басқа жігіттер мен қыздар айыпқа бұйырма-сын...

Жасыратыны жоқ, газет басып шығару процесінің жағдайы ол кезде өте күрделі болатын. Әріптер линотип машиналары арқылы қолмен терілді. Кезекшілік күндері газетті тез шығару үшін түн ұйқыны төрт бөліп, таң атқанда «Жарыққа» деп әрең қол қоятынбыз. Бертін келе, яғни, «Сарыарқаға» айналған кезімізде компьютер жарықтық дүниеге келіп, газет шығару ісі жаңа жүйеге көшті. Амандық Рахұлы, Төлеш Асантегі сияқты редакторлар ел сенімінен шыға еңбек етті.



«Жезқазған туы» – «Сарыарқа» менің өміріме терең із қалдырды. Мен «Жезқазған туындағы» алғашқы іссапарымды Ұлытау ауданынан бастағанмын. Жалпы қазақтың киелі төрі Ұлытаудың маған тигізген шапағаты мол. 1993 жылы тұңғыш «Шапағат» атты жыр кітабым жарық көрді. Оның тұсаукесер рәсімі Жезқазғандағы «Ұлытау үні» фестивалінің шеңберінде өткен алғашқы шығармашылық кешіме тұспа-тұс келді. Бұл – өңірдегі жазба ақындар арасындағы тұңғыш шығармашылық кеш болатын. Оны ұйымдастыруға редакциядағы әріптестерім Батырбек Мырзабеков пен Ғазиз Ештанаев үлкен ұйытқы болды. Осы ізбен кейіннен олардың да, басқа да ақындардың шығармашылық кештерін өткізу дәстүрге айналды.

Ұлытаудың, Кеңгірдің сұлу табиғаты менің шығармашылық өміріме үлкен шабыт берді. Орталық Қазақстанның бір кездегі аға сұлтаны, әрі атақты батыр Ерден Сандыбайұлының өмірінен жазған «Сағымсары», «Дулыға батыр» дастандары мен «Сыр мен Арқа саздары», «Сыр мен Қырдың перзенті», «Жарық сәуле», «Жалмауызға да жан керек», «Дария көңіл, тау мүсін», «Шалғайдағы емес, маңдайдағы театр», т.б. кітаптарым – Жезқазғанда қызмет істеген 22 жылымның жемістері деп білемін.

Айта берсе сыр көп. «Жезқазған туы» – кенді өлкедегі баспасөздің атасы болса, «Сарыарқа» – оның жолын ілгері жалғастырған сенімді мұрагері. Газеттің арғы тарихы тіптен қызық, мағыналы сырларға бай. Мен тек өзім қызмет істеген кезеңдерді ғана сөз еттім.

Қазір газеттің шығармашылық тобында мүлдем жас адамдар, яғни, Тәуелсіздік дәуірінде өмірге келген жас буын – қаламы жүйрік, ой-өрісі кең жас журналистер көбірек жұмыс істейді деп естимін. Оларға аға ұрпақ салған дәстүрді темірқазық етіп, тың шығармашылық күшпен, жастық жігермен «Са-



рыарқаны» оқырманы сүйіп оқитын беделді басылымға айналдыра түсіндер дегім келеді.

Қалам қарымды, шабыт арынды болсын, «Сарыарқа!»

**Ибрагим БЕКМАХАНОВ,**  
газеттің бұрынғы қызметкері,  
Қазақстан Жазушылар және  
Журналистер одақтарының мүшесі,  
ҚР Ақпарат саласының үздігі,  
Алматы қаласы.  
*«Сарыарқа», №06, 09.02.2018*



## ӨҢІР ТАРИХЫНДА ӨРНЕК ҚАЛДЫРҒАН



*Жезқазған қаласының Құрметті азаматы, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері Бекет Ахметұлы Түбеков ұзақ жылдар қаладағы №8 орта мектепте, медициналық училищеде және құрылыс техникумында ұстаздық жасаған жоғары санатты оқытушы болатын. Алайда Жезқазған жұртшылығы ол кісіні кәнігі фотосуретші ретінде жақсы танушы еді. Жақында фейсбук парақшаларынан Бекет ағаның мысты қала-*

*ның осыдан 30-40 жыл бұрынғы келбетін бейнелеген бірнеше фотосуреттерін көріп, арамызда өзі жоқ болса да, өңір тарихына қатысты өшпес мұралары бүгінгі ұрпақтың да кәдесіне жарап жатқанына көз жеткізіп, көңіл толқығандай болды. Әрдайым асай-мүсейін арқалап, түрлі шаралардың ортасында балаша аңқылдап суретке түсіріп жүретін Бекет ағамен мен қаланың 74-орамындағы үйлерде аулалас тұрып, көрші болған едім. Ізетті, ілтипатты жан болатын. «Суретті түсірген Б. Түбеков» деп талай мәрте газет беттерінде қолтаңбасын қалдырған «Сарыарқаның» 45 жылдығы аясында ақпейіл азаматты еске алып өтуді парыз санадым.*

Ешқандай газет редакциясының штаттағы қызметкері болмаса да, жұртшылық бұл кісіні фототілші ретінде қабылдай-



тын, суретке түсіруге жаны құштар жан ретінде танып, бағалайтын. Олай болатын жөні бар, Жезқазған өңірінде жарық көретін газеттердің кез келгені қысылған кезде Бекенге қолқа салатыны есімде. Ондайда «Өз фототілшілерің қайда?» деп бәлсінетін Бекен жоқ, ақкөңіл қалпымен зыр жүгіріп, айтылған тапсырманы тап-тұйнақтай орындап келетін. Бір ғажабы, сол замандағы кейбір фотосуретшілерге ұқсап, «Пленка жоқ, қағаз аз» деп Бекеннің там-тұмдап сурет шығарғанын көрген жоқпыз. Қашанда кеңқолтық жүретін әріптес ағамыз: «Таңдағандарыңды аларсыңдар», – деп, бір топ суретті бір-ақ әкеліп тастайтын. Суреттері газет бетіне көбірек шығып жатса мез болып қуанып қалатын, әлдеқалай себеппен шықпай қалса балаша бұртиып, өкпелеуі де тез еді. Бірақ, «Жақсы адамның ашуы – шәйі орамал кепкенше» демекші, өкпесі тез тарайтын.

Облыстық «Жезқазған туы» газетіне 1985 жылы келгеннен бастап мен Бекенмен таныс болып, кейін жұмыс бабымен тіпті аралас-құралас болып кеткен едік. Кейде қиындықты көп көрген өмір жолдарынан да сыр шертіп қоятын. Көкшетау облысының Еңбекшілдер ауданында туғанымен, ол ерте жетім қалып, жастық шағының көбін Өзбекстанда өткізген екен. Өзінің бірбеткей қайсарлығымен қиындыққа қайыспай жетіледі. Қарағанды педагогикалық институтының физика-математика факультетін 1959 жылы бітірген Бекет Ахметұлы Жезқазғанға келіп, мектепке мұғалім болып орналасады. «Жігітке жеті өнер де аз» деп жүретін жалынды жастық кезі емес пе, «Жезқазғانتүстіметалл» инженері Петр Колыков ұйымдастырып, басшылық жасап жүрген фото үйірмесіне барып қатысады. Содан былай фотоэуеской ретінде жүрген жерінде суретке түсіруді әдетке айналдырыпты. Кейін 1967 жылдан 1996 жылға дейін Жезқазған құрылыс техникумында мұғалім болып қызмет жасап жүрген жылдарда Бекен фото түсірумен айналысуға мүлдем беріліп, бұл істің қыр-сырын толық мең-



геріп алады. Сол жылдарда газет беттерінде де көптеген суреттері басылып жататын. Жергілікті газеттермен қатар Бекет Түбектің суреттері республикалық «Егемен Қазақстан», «Жас Алаш», «Халық кеңесі» газеттері мен кейбір журналдарда, облыстық «Орталық Қазақстанда» талай рет жарияланды. Баспасөзбен етене араласып кетуінің арқасында Қазақстан Журналистер одағына мүше болып қабылданды.

Бекең жалғыз Жезқазған өңірі ғана емес, еліміздің өміріндегі айтулы оқиғалар өтіп жатқан басқа да жақтарға ойланбастан тартып кететін. Фотоапаратын асынып Бекет аға бірде Көкшетаудағы Абылай хан тойының ортасында жүрсе, енді бірде Астананың тұсаукесерінде, енді бірде Түркістан мерейтойының төрінде суретке түсіріп жүргенін еститінбіз. Кешікпей тарихи жәдігерлерін арқалап редакцияға өзі де келіп тұратын. Тәуелсіздік таңы атқан кезден бастап ел өміріндегі көптеген елеулі оқиғалардан қалыс қалған жері жоқ шығар, сірә. Сондай шаралар үстінде танысқан азаматтың Бекеңе алыстағы Ираннан жолдаған бір хатын оқыған едік.

«Қадірлі Беке!

Сізді мұндағы біз тұтас бір мұражай тәрізді көреміз. Тарихи анатопырақ Ұлытау, одан Әулиеата, Түркістан, Қожа Ахмет Яссауида болған бақытты күндерімізді нақты кескін суретке қалай ғана мөлдіретіп түсіріп алғансыз. Әр сурет қазір бізбен сырласып, өткенді әңгімелеп, бірге сұхбат кешкен шақты еске салып тұр», – деп жазыпты ризашылық көңілмен Дүниежүзі қазақтарының тұңғыш құрылтайына қатысқан қандасымыз.

Бекет Түбеков 1996 жылы көптеген құжаттары мен 1973 жылдан бері түсірген таңдаулы суреттерінің барлығын Жезқазған облыстық мемлекеттік архивіне тапсырған болатын. Қазір қалалық архивтегі №408 жеке тектік қордан осы құнды мұралармен кеңінен танысуға болады. Жезқазған облысы кезінде сапармен келген Бибігүл Төлегенова, Ермек Сер-



кебаев, Ескендір Хасанғалиев, Нұрғиса Тілендиев, Асанәлі Әшімов сияқты өнер тарландарының және Оралхан Бөкеев, Тұманбай Молдағалиев, Софы Сматаев, Кәкімбек Салықов сынды қаламгерлердің, сондай-ақ, кенді өлкеге табаны тиген ғарышкерлер мен айтыс ақындарының көптеген суреттері Бекең түсірген құнды мұралар қатарына жатады. Жезқазған тарихи-археологиялық музейінде де Бекеңнің артында қалған бедерлі мүліктерін көруге болады. Музейде фотосуретшінің кезінде қолданып, қолына ұстаған 12 фотоаппараты, қала тарихына қатысты әр кезеңде түсірген 30 суреті, фестивальда фотоэуесқой ретінде алған дипломы, Құрмет грамоталары құнды жәдігерлер қатарында сақталып отыр.

...Бекең бірде аяқ астынан қан қысымы көтеріліп, бір жақ қол-аяғы жансызданып қалған кезде де бәйбішесіне сөмкесін ұстатып, фото түсіруге келгені есімде. Біраз уақыт аурухана төсегіне таңылып, үйге шыққан соң өзінше тірлік жасады. Бойына біткен бірбеткейлігімен дертке қарсы тұрып, күн сайын дене қимылын жасап жүргенін ауладан көретінмін. Қайсарлық пен құштарлықтың ұласқаны болар, 2002 жылы Фариза ақын келгенде Бекең де аппарат салған сөмкесін арқалап көпшілік ортасына келіп жеткен еді. Үйренген машығымен біраз суретке түсірді. Сүйікті кәсібінен ләззат алып, марқайып қайтты. Сол жолғы түсіргені соңғы суреттері болды-ау деймін. Бекет Түбектің артында бүгінде сурет-шежірелері қалды. Көпшіліктің көзайымы болған сол фото мұралары күн өткен сайын бағалы қазынаға айналуда.

**Амандық РАХҰЛЫ.**  
*«Сарыарқа», №21, 01.06.2018*



## ТЕРУ МАШИНАСЫН ШИРЕК ҒАСЫР СЕРІК ЕТКЕН

Базар Жолдыбаева «Жезқазған туындағы» жылдарын  
сағына еске алады

– Қалқам-ау, сен сонда өміріңде  
жазу мәшеңкесін көрмегенсің бе?

– Жо-о-қ! Тек суреттерден көр-  
генім болмаса, қолыммен ұстап  
таныспаптын.

– Қалай сонда?! Бізден кейінгі  
толқын өткен заманның техни-  
касын білмесе, бүгінгі ұрпақ одан  
тіпті хабарсыз ғой, – деп таңыр-  
қады Базар ана.



Иә, қазіргі өскелең ұрпақ бақытты ғой, шіркін! Техника күн санап даму үстінде. Соның арқасында жұмыс істеу үдерісі жеңілдеп, жеделдеді...

Біреу минут бұрын мен танымаған жазу машинкасымен Базар Тыныштықбайқызының өмірі ең бір ұмытылмас шақта-рымен байланысты. Нақтырақ айтқанда, кейіпкердің жастық шағы осы машинканың алдында өтті. Ол 1973 жылдың тамызында облыстық «Жезқазған туы» газетіне теруші қызметіне алынғанда небәрі 26 жаста еді.

– Ұлытаудың қызымын. Қарабұлақ ауылында туып-өстім. Әкем Тұңғышбай – Ұлы Отан соғысының ардагері. Әкеден алтаумыз. Мектепке барар жасқа жеткенде отбасымызбен Жезді кентіне қоныс аудардық. Сөйтіп, Жездінің №6 орта мектебін



бітірісімен аудандық «Октябрь туы» газетіне корректор болып жұмысқа орналастым, – деп балалық шағын сағынышпен еске алады бүгінде Базар апа.

Мектеп қабырғасында алған жақсы білімі мен белсенділігі арқасында өрімдей қыз ұжымға тез сіңісіп, жүктелген міндеттерді қиындықсыз орындады. Қателерді дұрыстай жүріп, машинаға да көз қырын салып, үйреніп алды. 1967 жылы Жезді байыту фабрикасында жұмыс істейтін Қаһарман Ибраевпен көңіл жарастырып, шаңырақ көтерді. Сөйтіп, облыс ашылған жылы жас отбасы Жезқазғанға қоныстанды. Отағасы мыс зауытына, Базар апай облыстық басылым редакциясына орналасты.

Осы кезде «Жезқазған туы» газетінің алғашқы жауапты хатшысы болған Қасым Орынбетовтің айтқаны еріксіз еске түседі. Қарт журналистің: «...Сондай-ақ, машинисткалардың мәселесі біразға дейін уайым болды. Оларды үйретіп, тәрбиелегенше біраз қиналды. Газетімізге Базар Жолдыбаева деген машинистка келіп көзіміз ашылды», – дегені Базар Тыныштықбайқызының өз ісінің нақ шебері болғанын айғақтаса керек. Дегенмен, бүгінгі кейіпкеріміз – өзін өзгеден биік ұстап, өзін мақтаудан ада, қарапайым жан.

Базар Жолдыбаева облыстық газетке келгенде «машбюрода» Зина есімді теруші бар-тын. Одан кейін Кенжеш Тұңғышбаева келген. Сөйтіп, жаңадан ашылған газеттің ұжымы түгенделіп, тасы өрге домалады. Жыл сайын ұжым жас журналистермен толығып, редакция жергілікті ақындар мен басқа да шығармашылық интеллигенцияның ордасына айналды.

– Редакциядағы өмір қайнап жататын. Жұмыс қауырт болса да, ол кезде аптасына үш рет шығамыз. Сөйтіп жүріп бір-бірімізбен сырласуға, шүйіркелесуге уақыт табамыз. Үйлі-баранды болғандықтан, жұмыстан ерте кетіп, кейде кешігіп жататынбыз. Ешкім ешкімді сөкпейді. Қайта түсіністікпен



қарайтын. Қазір мұндай ұжым табу қиын шығар. Қазіргілерге қарасам, жұмыстан мойындарын бұратын уақыты жоқ, – деп ойға шомды ол.

Жас журналистердің жазуын бірде түсініп, бірде түсінбеген теруші қыздар авторын іздемей-ақ, бұрысын дұрыс етіп жаза берген. Тіпті, мағынасы келіңкіремеген тұстарын да толықтыра салатын. Эмоцияға беріліп жазылған дүниелерде деректер кейде ауысып жатқанда да машинист қыздардың жастарға жөн сілтеген кездері болған.

– Негізінде былай болған деп бағыт-бағдар бергенімізге олар да ренжімейтін. «Айтқаныңыз дұрыс болды» деп алғысын жаудыртатын, – деген Базар Тыныштықбайқызы тату ұжымда бәрі ортақ болғанын айтады. Басқаның қайғысы да, қуанышы мен той-думаны да ортақ-тын. Сол кездегі редакциядан басталған сыйластық пен бауырмалдық осы күнге дейін жалғасып келеді.

– Мен ұжымда Гүлбаршын Ақтамберлина деген қызды қатты жақсы көретін едім. Ол – сіңлімдей. Аңқылдақ, өзгеге көмек беруге асығып тұратын мінезін қатты бағалап, екінші немерем Жұлдызайдың тұсауын Гуляға ырымдап кестірткенім бар. Сонымен қатар, редакцияға келген журналистер отбасы Дәметкен Ахметова мен Мақұлбек Рысдәулетовпен де бертінге дейін аралас-құралас болдық. Осыдан бес жыл бұрын Жамбылға барғанда, үйінде қонақ болдық. Қазір Дәметкеннің көзі кетті. Балтабек пен Орал да туыстай болып кетті, – дейді Базар апай.

Альбомдарын парақтап, өткеннен естелік айтқан Базар апаның еліміздің танымал тұлғаларымен бірге түскен суреттері өте көп екен. Ол бұны былай түсіндірді:

– Сайлаухан Нәкенов деген ағаларың мәдениет бөліміне жетекшілік ететін. Сол уақытта концерт пен кездесулер жиі өтетін. Жезқазғанда күнде мереке десем, артық айтқаным болмас. Қалаға келген барлық мәртебелі меймандар редакцияға шақыртылатын. Тілшілер сұхбаттасып болған соң, біздер қалағаны-



мызша суретке түсетінбіз. Фотокорреспонденттер Кәмилбек Бәкіров пен Сейітжан Отызбаев суреттерді шығарып, үлестіріп беретін. Қол астымызда фотокорреспондент болмаса, осыншама тарихи сәттердің сақталуы да екіталай еді ғой.

Жоғарыда айтып өткендей, әр журналистің жазуы мен стилі сан түрлі болатын. Соның ішінде Базар апамыз Балтабек Әбеуов пен Әлібек Әбдіраштың мақалаларын бір деммен, ешбір қатесіз теріп шығатын. Оны авторларына да жасырмай айтқанда, Әлібек ағаның: «Күйеуіңіз Қаһаң өндірісте жүрген соң, өндіріс мақалаларын теруді ұнатқан боларсыз», – деп қалжыңдағаны да бар екен.

Базар Жолдыбаева 1997 жылдың наурыз айында ұжымымен бірге өзінің жарты ғасырлық мерейтойын тойлап, сол жылдың мамырында жұмыстан кетті. Өмірінің жиырма бес жылын бір ізбен жұмысқа барып келуге арнаған оған әуел баста қиындау болғаны рас. Ұжымын, тарсылдақ машинкасын сағынатын. Сағыныш әлі күнге дейін сөнбегені көзінен, сөзінен байқалады.

Кезіндегі пысық машинистка қыз – қазір шөбере қолынан су ішкен өнегелі әулеттің ұйытқысы. Ұлдары Қанат, Манат, Талғат пен Бағдаттан өрбіген ұрпаққа ақылын айтып, бас-көз болып отыр.

– Бір жарым сағаттың ішінде өткен өмірім көз алдымнан жүгіріп өтті. Қыздар, сендерге рахмет. Бір жасарып қалғандай болдым. Қаламдарың жүйрік болсын, – деп ақ батасын берген Базар апамыз редакциядағы құрбылары Сәуле Нүрекенова мен Сарбиназ Сайдалинамен бірге ардагер журналист Сағынкүл Жантуринаның қуанышына ортақтасуға асықты.

Бізге де ондаған жылдардан соң әріптес құрбы-құрдастарымызға дәл Базар ападай асығып, өткен-кеткенді еске алар күн бұйырсын!

**Диана ОРАЗАЛИНА.**

**«Сарыарқа», №07, 16.02.2018**



## «ҚЫРЫҚ ЕКІ ЖЫЛЫМ ӨТТИ МҰНДА МЕНІҢ, ОН ТОҒЫЗЫМДА ЖҰМЫСҚА ТҰРҒАН ЕДІМ»

*Қазыналы өңірдің дәуірнамасын тасқа басып, тарихқа табыстап келе жатқан «Сарыарқаның» сапында еңбек еткен ардақты азалар мен әйәй әпкелердің кешегі күннен шертетін сырлары, айтатын әңгімелері – ұшан-теңіз. Қағаз-қаламыңызды қолыңызға ұстаңыз да, қастарына отыра қалсаңыз болғаны, өткен күндер түйдек-түйдегімен көз алдыңызға тізбектеліп тұра қалады. Бүгінгі толқын «Бақыт тәте» деп құрметтейтін Бақыт Кенжебайқызын алдыңғы толқын азалар «Бақжан» деп еркелеткен екен уақытысында. Өтіп жатқан өмір-ай десеңші! Ол редакция табалдырығын имене аттағанда небәрі 19 жаста екен-ау... Содан 42 жыл үзіліссіз редакцияда жұмыс істегенін естігенде, шынымды айтайын, таңғалдым. Тапжылмастан осынишама уақыт бойы бір мекемеде жұмыс істеу мүмкін бе екен? Сене қою да қиын, бірақ факт бұлтартуға жол бермейді. Мұндай адамды қалайша «Сарыарқаның» шежіресі демеісің? Сондықтан да Бақыт тәтеден газетіміздің өткені, еңбек ардагерлері, сол уақыттың өзіне тән ерекшеліктері туралы неғұрлым көбірек білгім келді. Сонымен, сұхбатасымыз туралы аз-кем айта кетсек, оның аты-жөні – Бақытжан Кенжебайқызы ЕРКЕБҰЛАНОВА, қазіргі жұмыс орны – «Ұлытау және Ұлт» тарихи-танымдық, көркем-әдеби журналы. Әрине, Бақыт тәтемен әңгімеміз «Газет редакциясына жұмысқа қалай тұрдыңыз?» деген сұрақтан басталды.*



– Барша жастар тәрізді мен де бар-жоғы 19 жасымда Жезқазғанға арман қуып келдім. Жаңаарқа ауданындағы Маңадыр стансасында теміржолшы отбасында туып-өскен маған қала тіршілігі біршама таныс. Етімнің тірілігі де бол-

лар, бейтаныс қалаға тез үйренісіп кететіндігіме сенімді болдым. Әкем Кенжебай – тыл ардагері. Ұлы Отан соғысы кезінде ол броньмен қалып, Жезқазған – Қарағанды бағытындағы теміржолдың салынуына қатысқан. Бүгінгі күні дәл осы пойызға міне қалсам, жүрегімді әкеме деген сағыныш пен мақтаныш кернейді. Өйткені шойын жолда оның қолтаңбасы бар. Ауылдағы үш жылдық мектепті бітірген соң аудан басындағы С. Сейфуллин атындағы мектепте білім алдым. Оны бітірген соң еңбекке араластым.

Осылайша 1975 жылдың қыркүйегінде облыстық «Жезқазған туы» газеті редакциясына келдім. Жұмыс істегім келетінін айттым. Газет басшысы мені жылы қабылдады. «Маған қазақ қыздарының осылай ашық-жарқын мінезі, аздап өткірлеу болғаны, сосын жұмыстан қашқақтамайтыны ұнайды. Қарсы алдымдағы кабинетте отырасың да, маған хатшы боласың» деді. Сөйтіп, «хатшы» болып жұмысқа қабылдандым. Кейін, 1982 жылы болу керек, «машбюроға» теруші болып ауыстым. Бұл кезде тұрмысқа шыққан, бөпелі де болған кезім еді. Мұны айтып отырғаным, мен – осы газеттің қабырғасында есейіп, өсіп, өркендеген жандардың бірімін. Осында жүріп тұрмыс құрдым, перзент сүйдім, немерелі де болдым. Менің өмірімнің адами қуаныштарына да, кейбір ауырлығына да «Сарыарқа» толықтай куәгер.



– **«Машбюроға» келдіңіз. Бұрын басшының «оң қолы» едіңіз...**

– Хатшының да алдында машинкасы болатын. Өйткені әртүрлі қатынас қағаздарын, құжаттарды, бұйрықтарды шығару хатшының міндетіне жататын. Кейде тілшілер «машбюроның» қыздарының қолдары тимей жатыр, тездетіп басып бере қойшы» деп материалдарын маған да әкеліп тастайтын. Сондықтан «машбюродағы» жұмыс маған таңсық емес еді. «Машбюроға» барғанда жұмыста еш қиындық тумады. Тек жазуы түсініксіз журналистердің материалын тергенде сәл-пәл қиналатынбыз.

Иссапардан келген журналистер материалдарын, жолжазбаларын келген бетте қолжазба түрінде бізге ұсынатын. Олардың алғашқы оқырманы біздер болатынбыз. Енді біреулері «диктовка» айтатын. Ауызша заулататындардың аузынан шыққан әрбір сөзді дауыс ырғағынан қалып қоймай, қате жібермей, жылдам басып беру машинист қыздардың басты міндеті еді.

– **Бүгінгі ұрпақ сіздің жұмыс құралыңыз машинканы көзіне де елестете алмайды. Журналистердің бүгінгі буынына таңсық сол жұмыс техникасы туралы кеңірек айтып өтсеңіз. Сол күндерді сағынатын шығарсыз?**

– Сағынға қандай! Машинка осы бертінге дейін газет редакциясында өткеннен сыр шерткендей тұратын. Оны көріп өткен күндерді сағына еске алатынмын. Қазір сол баяғы машинкаларды теледидар хабарлары мен кейбір әндердің бейнебаянында әлсін-әлсін көрсетіп қалғанда көзіме оттай басылады.

Теру машинкасы – жатқан бір механизм. Басу лентасы бар, «копировка» қағазы күнделікті 1500-2000 жол материал басқанда шақ келмейтін. Ол кезде әр тілші күніне кем дегенде 250-300 жол материал беруге міндетті болатын. Әр жолдан кейін «рычақты» бір бұрап қойып отыратын едік. Әйтпесе,



сөз жана жолдан терілмейтін. 80-жылдардың аяғында машинканың механикалық түрін «токмашинка», яғни, электрлі машинкалар алмастырды. Жұмыс істеу бұрынғыға карағанда әлдеқайда оңайырақ болды. Әрине, қазіргі сендердің компьютерлеріңмен салыстыруға келмейді. «Машбюродағы» төрт теру машинкасы тарсылдаған кезде, тарсылдаған дыбыстар көрші кабинеттердегі журналистердің жұмыс істеулеріне кедергісін тигізетін. Сондықтан сыртқа дыбыс шығармайтын әлдебір «дыбыс сорғышпен» кабинетімізді қаптап тастағаны есімде.

**– Бір кабинетте төрт машинистка отырса, оларға төрт журналист келіп, «диктовка» жасайтын болса, отырған жерлеріңіз азан-қазан болып кетпейтін бе еді?**

– Жок. Бір уақытта екі-үш «диктовка» айтатын кездер болды. Бірақ әркім бүкіл зейінін өз журналисіне жұмсайтын. Қате кетіп те қалатын. Алайда оны намыс көріп, өз-өзімізді қамшылап, қате жібермеуге ұмтылатын едік. Баспахананың талабы қатаң еді, егер бір беттен сегіз қате шығатын болса, ол паракты кері қайтарып жіберетін, біз соны қайта теретінбіз. Бұл өліммен тең еді біздер үшін.

Көбінесе жас журналистердің қолжазбаларын екі қайтара теретінбіз. Бірінші рет терілгенді бөлім меңгерушілері әбден сызып, тексерген соң, шекесіне «ҚБ» деген белгі соғатын. «ҚБ» дегені «Қайтадан басылсын» дегенді білдіретін. Амал жоқ, қайта басуға тура келетін. Шіркін, Серікгүл Алтайбаева мен Бақыт Балғарина секілді журналист қыздардың мақалалары алдымызға екінші қайтара келмейтін. Сондай-ақ, өз басымы қаламы ұшқыр журналистер Әлібек Әбдіраш, Абдолла Дастановтың мақалаларын ықыластана теретінмін.

**– Сіз басылымның қалыптасу кезін көргендердің бірісіз. Ұжымда қызмет еткен игі жақсылар туралы қандай естеліктеріңіз бар?**



– Мен ұжымды үш буынға бөліп қарастырамын. Осы үш буынның да мен үшін орны бір бөлек. Біріншісі – аға буын. Редактор Ұзақбай Төлеуов, редактордың орынбасарлары Рымқұл Сүлейменов, Сабыр Сауытбаев, жауапты хатшы Сайлаухан Нәкенов, журналистер Апбаз Қаражігітов, Ескен Қасенов, Сапабек Мырзатов (қазір бұл кісілердің барлығы о дүниелік) сияқты ағалардың жақсы, өсиетті сөздерін тыңдап өстік. Осымен қатар Мақұлбек Рысдәулетов, Қасым Орынбетов, Ибрагим Бекмаханов (бұлар кейін басқа жаққа қоныс аударған), Көбейсін Еңсебаев, Балтабек Әбеуов, Амандық Рахұлы, Аманжол Үсенов, Батырбек Мырзабеков ағаларымызбен кездескенде әлі де сол жылылықпен сағынысып сөйлесеміз. Бірге қызмет атқарған журналист апайлардың жөні тіптен де бір бөлек. Кәмила Құдабаева, Серіккүл Алтайбаева, Бақыт Балғарина, Рәзиға Әшеева, Бибаят Үсенова, Дәметкен Ахметова (марқұм) сияқты апайларға қарап бой түзедім ғой. Ал орта буынға замандастарым журналистер Сағынкүл Жантурина, Сара Смағұл, Сәуле Нүрекенованы жатқызар едім. Олар – жаныма ең жақын жандар. Үшіншісі – жас толқын. Сыйлас сіңлілерім Гүлбаршын Ахтанберлина, Сарбиназ Сайдалина, Бикен Есенбаева, Гүлиза Ақышева деген қыздармен зейнетке шыққанша бірге еңбек еттім.

Кеңес заманында «телетайп» деген болатын. «ТАСС», «ҚазТАГ» секілді ақпарат агенттіктерінен материалдар сол телетайп арқылы түсетін. Түсінікті тілмен айтқанда, қазіргі факс секілді. Осы жерде екі ауысымда жұмыс істеген Орал тәте мен Райхан Серікбаева өз міндеттеріне өте жауапты қарайтын.

Корректорлар бөлімінің өзі бір әлем еді. Таңертең келіп, дайын беттердің қатесін шығарып, оны қайтадан түзетуге жіберіп, үнемі қарбаласта жүретін. Олар уақытпен санаспаушы еді. Таңның атысы, күннің батысы редакциядан табылатын. Ол кезде газет үлкен форматты, жетісіне бес рет шығатын. Газет шығару жұмысының өзі бір өндіріс сияқты.



Фототілшілер Кәмілбек Бәкіров (марқұм), Сейтжан Отызбаев ағалар – өз істерінің хас шеберлері. Кезекті шығатын газет бетіне «Жылдам сурет түсіріп әкел» деген тапсырманы ала салып, өтіп жатқан іс-шараны түсіріп, әп-сәтте реттеп шығарып, кептіріп, газет бетіне салуға тез-ақ дайындап беретін.

Аға буын бізді ұқыптылыққа, тиянақтылыққа, еңбекқорлыққа үйретті. Орта буын замандастармен қоян-қолтық сыйласа жүріп еңбек еттім. Кейінгі жас буынға өзімнің жүріп өткен еңбек жолымды айта отырып, білгенімді үйрете жүріп, сыйластықпен жұмыс істедік. Әріптестен аға-ініге, құрбыға айналдық. Бүгінде олардың біразы осында, енді бірі еліміздің өзге қалаларында. Әр тарапта жүрсек те ұжымдағы сыйластық пен бауырмалдық осы күнге дейін біздің арамызды жалғап тұр. Әлі де бір-бірімізбен кездесіп қалсақ, қуаныса бір қауышып, қауқылдасып қаламыз.

Шүкір, менің өмірде жолым болды. Екі отбасым бар десем артық айтқандық болмас. Бірі Бақия екеуіміздің ұлымыз Айдос пен келініміз Гүлденнен өрбіген ұрпақ пен ағайын-туыс болса, тағы бірі – «Сарыарқа» шаңырағы. Мен осында еңбек еткенім үшін, осындағы жақсы-жайсандармен аралас-құралас болғаным үшін өзімді бақыттымын деп есептеймін.

**– Жезқазған облысы тарағандағы көңіл-күй қалай болды?**

– Қалай болсын?! Төбемізден найзағай түскендей болды ғой. Өз еркімізбен деп жұмыстан шығуға өтініш жаздырды. Бірақ ұжым бірден тарап кетпеді. Біразға дейін редакцияға келіп-кетіп жүрдік. Бір-бірімізді қимадық. Бір үйдің балаларындай тату болдық емес пе? Редакция екінші үйімізге айналған-ды. Араға уақыт салып қайтадан қалалық газет болып шығатынымызды білгенде өшкеніміз жанғандай, өлгеніміз тірілгендей қуандық. 2003 жылы қалалық газетке Төлеш Асанов редактор болып келгенде жұмыс тегіс компьютерлік жүйеге ауыстырылды. Осыған байланысты мені газет тарату бөлімі меңгерушілік қызметіне тағайындады. Содан еңбек демалы-



сына шыққанша баспасөзге жазылу науқанын жүргізіп, газет таратумен айналыстым. Бұрындары газетке жаздыру бөлімі деген мүлде болмаған ғой. Редакция нарық заманына икемделіп, жұмыс таңсық болса да, бірте-бірте үйренісіп кеттік. Газет таралымы да бірде аз, бірде көп болғанына қарамастан басылым оқырманға деген адалдықтан айнымады.

**– Қазіргі заман талабына сай жаңғырған «Сарыарқаға» көңіліңіз тола ма?**

– Ертеден басылым, мейлі, оның атауы «Жезқазған туы» болсын, «Сарыарқа» болсын, байсалды бағыты мен берік ұстанымынан қайтпады. Басылымдағы мақалаларға дала мен қаладағы қайнаған еңбек, халықтың әлеуметтік-мәдени ахуалы мен қоғамдағы өзекті мәселелер арқау болып келді, әлі де солай болып келеді. Мен «Сарыарқаның» болашағы барына кәміл сенемін. Қырық бес жылдық мерейтой былай тұрсын, алпыс, жетпіс жылдығын да қарсы алудан үміттімін.

Әр жұма сайын басылымдарға шолуды өзімнің газетімнен бастаймын. Тіпті, «Сарыарқа» газетін үйдегілер түгел қалт жібермей оқиды. Немерелерім «Әжемнің газеті» деп жатқанда мәз боламын. «Сарыарқаның» әрбір өзгерісін бірден байқап қаламын.

Қазіргі жастардан құралған ұжым ширақ. Жаңалыққа жаны құмар. 16 беттік болып, латын қарпіне көшкендерінді де құптап отырмын. Заман ағымына ілесіп жатқандарың көңілге қонымды. Осы бағыт-бағдардан таймандар. Алатын асуларың аласармай, қаламдарың ешқашан мұқалмасын.

**– Әмин. Тілектеріңіз қабыл болсын! Сүйікті «Сарыарқаңыздың» алтын, гауһар тойында кездесуге жазсын. Сұхбатқа уақыт тауып, өткен күнге саяхат жасағаныңыз үшін рақмет!**

Диана ОРАЗАЛИНА.  
«Сарыарқа», №08, 23.02.2018



## ШУАҚТЫ КҮНДЕРДІҢ КҮӘСІ



«Сарыарқа» газеті мен үшін шын мәнінде үлкен тәрбие мектебі болды. Өткен ғасырдың 80-жылдары Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін тәмамдап, арнайы жолдамамен келген мен осы «Сарыарқада» еңбек жолымды бастадым. Ол кезде газетте мүйізі қарағайдай мықты журналистер қызмет ететін. Мақұлбек Рысдәулетов, Көбейсін Еңсебаев, Батырбек Мырзабеков, Сұлтан Әлиев, Балтабек Әбеуов... Осылай тізе берсек, қаламы ұшқыр, сөзі өткір журналистер көп болды.

Бұрынғы «Жезқазған туы», қазіргі «Сарыарқа» газеті – талай жылғы өңір тарихын тасқа басқан, талай дарынның қаламын ұштап, бағын ашқан қарашаңырақ. Мерейлі мереке қарсаңында журналистикаға жаңа келген жастар жандарында жүріп, тағылымды тәрбиесін көрген алдыңғы толқын ағаларымыз жайлы айтып кеткеніміз абзал болар. Басшы да болса қатандығынан гөрі қамқорлығы басым тұратын Сабыр аға Сауытбаев, темірдей тәртіп талап етуімен талай журналисті құрыштай шындаған Сапабек аға Мырзатов, сабырлы мінезді Ескен аға Қасенов, сыни көзқарасын салиқалы пікірімен жеткізетін Сайлаухан аға Нәкенов туралы көзкөргендер газеттің 45 жылдығына орай сағынышқа толы естеліктерімен бөлісіп жатыр.

Шығармашылық ұжымымызда өзара сыйластық, қарапайым адамгершілік қарым-қатынас, бір-бірімізге деген қамқорлық сияқты шынайы қасиеттер басым болатын. 80-жылдар-



дың ортасына таман басы қосылып қалған жас шамасы қарайлас журналистердің жарасымды әзілі, ойын-күлкісі редакция үшін ерекше думанға бөлеп жататын. Өндіріп жазатындары өз алдына, әдемі әзіл-қалжыңы қатар жүретін Базарбай Әлеуханов, Ғазиз Ештаһаев, қыз-қырқынға «қырғидай» тиетін Әлібек Әбдірашев – бүгінде елге танымал қаламгерлер. Жас болған соң ба, ол кезде бәрі де жарасымды еді. Сондай көңілді күндерде марқұм Сапабек ағамыз: «Мыналар редакцияны балабақшаға айналдырып жіберді ме, не істеді өзі?» – деп зілсіз ұрысып жататын.

Шығармашылық ұжымның жарқын істерінің жалғасын тауып, беделді де белді басылымға айналуына осында ұзақ жылдар жемісті еңбек еткен әріптес әпке-құрбыларымың сiңiрген еңбегі өлшеусіз, әрине. Редакциядағы қыздардың «бас қолбасшысы» болған, қажет кезінде тезге де салып алатын Базар Жолдыбаева апамыз, көркем мінез, инабаттылық, қазақы тәлім-тәрбие жөнінде көп айтып, үлкендік ақыл-кеңесін беріп жүретін марқұм Дәметкен Ахметова, өзі де үнемі әдемі киініп, қыздармен сән әлеміндегі жаңалықтарды бөлісіп жүретін Бақыт Балғарина, тыңғылықты ісімен үлгі болған, телетайптан күн сайын ағылып түсіп жататын хабар-ошармен газетті қамтамасыз етіп отыратын Орал Қасенбекова, редакция шаруашылығын шыр айналдырып жүретін Сәрсен Махамбетова апаларымызды үлгі тұттық. Ақыл-кеңестеріне құлақ астық. Қаламдас құрбыларым, Қазақстан Журналистер одағының мүшелері Сара Смағұл, Сағынкүл Жантуринамен ұзақ жылдар бірге еңбек еттік. Сүйікті газетіміздің оқырман жүрегіне жол табуына ер азаматтармен бірдей атсалыстық. Қалалық «Сарыарқадағы» кадрлар бөлімін басқарған, ер мінезді құрдасым Бақыт Еркебұланова, қамқор да мейірімді мінезі үшін «мать Тереза» атанып кеткен Гүлбаршын Ақтанберлина осы редакцияның абыройы үшін барын салатын. Барын салатын деймін-ау, Наурыз мерекесі, Жаңа жыл, кәсіби мерекеге қа-



тысты іс-шараларды өткізерде бәріміз бір кісідей жұмылып кететінбіз. Бізде «әй» деспеген әдемі сыйластық болды. Сол сыйластықтың жібек жібі үзілген жоқ. Бір-бірімізді әлі күнге іздеп тұрамыз, жиі хабарласып тұрамыз. Бүгінде ақ жаулықты әже атанып, немере бағып, бала-шағасының тілеуін тілеп отырған апа-құрбыларымыздың ұрпағымен бірге өткізер шуақты күндері көп болса екен деймін.

...Қасиетті қарашанырақ атанған, бүгінде 45 жылдық тарихы бар осы шығармашылық ұжымда 23 жыл еңбек еттім. Бастапқыда өнеркәсіп бөлімінің тілшісі болған мен кейін совет құрылысы, хат бөлімдерінде жұмыс істедім. «Сарыарқада» әр жылдарда жүзден астам журналист еңбек етсе, сол азаматтардың 50-ге жуығымен шын мәнінде екінші үйіміз болған осы көне ғимаратқа бір есіктен бірге кіріп, бірге шығып, газеттің тайқазанында бірге қайнасып, қоян-қолтық еңбек еткенімді мақтан тұтамын. Қуанышымыз бен қызығымызды бірге бөліскен сәттерді сағынышпен жиі еске аламын.

Әріптестеріміздің біразы әр жылдарда бірі қызмет бабымен, бірі отбасы қамымен басқа жаққа жұмыс ауыстырды. Әрине, сыртта жүргендердің тілеуіміз.

Алдыңғы толқын апаларымыз мен ағаларымыздың басым бөлігі қазір зейнеткер. Бала-шағаның ортасында немере бағып, ардақты ата, аяулы әже атанып отыр. Әлі де сыйластығымыз үзілмеген қаламдастарыммен арадағы байланыс жыл өткен сайын беки түскендей. Ұлды аяқтандырып, қызды ұзатқан, немере сүйіп, шілдехана жасаған қуаныш-тойларымыз қашанда бірге.

Журналист өмірінде есте қаларлықтай қызықты оқиға, ұмытылмас сәттер көп болады. Дәл қазір соның бірі есіңе түссе, енді біразы ұмтылып та қалыпты. Өткен күннен естелік-мақала болғаннан кейін, есіме түскенін жазсам деймін...

Кеншілер мерекесі қарсаңында бұрғылаушылар жайында репортаж жасаймыз деп шахтаға түсіп, қайтарда машинамыздың фары өшіп қалып, каскамыздың шамының жарығымен



клетке әрең жеткеніміз; егіншілер қосынынан астық тасып жүрген «попуткаға» мініп, ол айдалада бұзылып, шопырға машина «жөндескеніміз»; «Рассвет» совхозына арыз тексеремін деп барып, іздеген адамым арызынан бас тартып, үйіне кіргізбей, екі кештің ортасында қонатын үй, Жезқазғанға қайта-тын көлік таппай қиналғаным; ауыл-ауылды аралап концерт қоятын мәдени-үгіт бригадасымен бірге жолға шығып, түнде жолдан шығып кетіп, әбден адасқанымыз; журналистер үшін Алматы қаласында ұйымдастырылған семинар-кеңеске самолетпен ұшып барып, қонарында ұшақтың шассиі ашылмай, қаланы бір сағат айналғанымыз осы мақаланы жазу барысында еске түсуде. Осындай небір оқиғалар әрбір журналистің өмірінде болып жататын.

«Журналистің қаламында адам тағдыры бар» дейді ғой. Шынында да солай. Кейіпкерін асқақтатып, көкке көтеретін де, сын садағына іліктірсе, құлдырататындар да – журналистер. Ауыр да күрделі, қасиетті де қадірлі мамандық. Олай болса, қаламының ұшында қасиеті бар жас журналистерді топтастырған, бүгінде ағалар жолын жалғастырған қарашаңырақ «Сарыарқамыздың» 45 жылдық мерейтойы құтты болсын деймін. Қарашаңырақ басылымның әр санын асыға күтетін біздерге оның тағдыры ерекше маңызды. Бірнеше жыл қарашаңырақтың түтінін түзу шығарып, байырғы газеттің беделін түсірмей, қалың оқырманының қолына тигізіп, абыройын асқақтата білген, қажымай-талмай, алға сүйреген білікті басшы, беделді журналист Төлеш Асантегінен «эстафетаны» қабылдап алған Дархан ініме аймақ халқының рухани серігі «Сарыарқа» газеті елдің ыстық ықыласына бөленіп, көпшіліктің сүйікті газеті бола берсін дегім келеді.

**Сәуле НҮРЕКЕНОВА,**  
**Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.**  
*«Сарыарқа», №09, 02.03.2018*



**Базарбай ӘЛЕУХАНҰЛЫ,**  
**«Дидар» телеарнасының директоры:**  
**«МЕНІ ШЫҢДАҒАН – «САРЫАРҚА»**



*Кешегі «Жезқазған туы», бүгінгі «Сарыарқа» – талай мықтыны түлеткен шеберхана. Қалам ұшы осында қайралғандар қазір бір-бір әулеттің ғана емес, білдей мекеменің иесі. Басшысы. Тоқсанның жартысын жасаған «Сарыарқада» «Дидар» телерадиохабарларын тарату дирекциясына жиырма жылға жуық басшылық еткен Базар-*

*бай ӘЛЕУХАНҰЛЫНЫҢ да қолтаңбасы бар. Елорданың жиырма жылдық тойымен тұсна-тұс келген біздің мерейтой аясында аға буын өкіліне арнайы жолығып, естелік сұрадық.*

**– Басылымдардың, оның ішінде «Сарыарқаның» Сіздің өміріңіздегі орны қандай?**

– Бөлек, әрине. Менің журналистикаға келуіме бірден-бір себепші болған осы басылымдар. Өзімді журналист ретінде «Орталық Қазақстан» газетінде байқап көрдім. Негізгі мамандығым – инженер. Иә, «инженерден қалайша қалам ұстап кеттің?» дерсің. Қарағанды политехникалық институтын бітірісімен жылу жабдықтары зауытына шебер болып алындым. Сол 80-жылдары біздегі барлық басылымдар одақтық «Прав-



да» газетіне қарап, бой түзейтін. Сөйтіп, редакцияға құрылыс, агроөнеркәсіп салаларынан мамандар тартыла бастағанда, қарым-қабілетімді байқаса керек, «Орталық Қазақстанның» күрделі құрылыс және транспорт бөліміне шақырылдым. Осылайша отыз жасымда журналистік қырым ашылды десем болады. Ал 1989 жылдың соңында Жезқазған облысындағы баспасөздің көш басында тұрған ордалы басылымдардың бірі «Жезқазған туына» шақырту алдым. Міне, содан бері менің өмірім бұқаралық ақпарат құралдарымен біте қайнасып кетті. Талай өзімді басқа салада да сынап көрдім. Бірақ жүрек қалауы қайтып осы қалам мен қағазға бұрды да тұрды. Қай салада жүрсем де, «Сарыарқа» менің газетім болып қала бермек.

– **Редакциядағы сол бір күндерге оралсаңыз.**

– Қалың оқырман «Жезқазған туын» шыншылдығымен таниды. Басылымның оқырман мүддесінен оқшауланған кезі болған емес. Қайта, газеттің тағдыры да ел тағдырымен сабақтасып жатты. Баспасөздің абыройлы борышы – халықтың басынан қандай дәурен өтсе, соны айна-қатесіз көрсету. Шынайылығының арқасында ормандай оқырмандарының ықыласына бөленген басылымда еңбек еткенімді мақтана да, сағына да айтамын бүгін.

Неге екенін қайдам, өткен күндерге көз жүгіртсем, бірден ұжымдағы татулық еске түседі де тұрады. Қызыға да, қызғана да қараймын. Бүгін ондай ауызбіршілік жоқтың қасы. Бәріміз бір үйдің балаларындай тату едік. Үлкендер жөн сілтеп, ұлағат айтатын. Сол үлкеннің айтқанын санаға құйып алуға асығатын едік біздер. Біздер дейтінім, Ғазиз Ештанаев, Ғалым Жайлыбай – бәріміз редакцияға бір мезгілде келдік. Сол кездегі редактор Сабыр Сауытбаев, оның орынбасары Сайлаухан Нәкенов, Көбейсін Еңсебаев пен Мақұлбек Рысдәулетов, Төлеш Асантегіден тәжірибе жинақтадық. Және мықты журналистер Амандық Рахұлы мен Ибрагим Бекмахановтың, Шахмұрат



Ибадатовтың алдын көрдік. Олардың есімдері басылым тарихында алтын әріппен жазылған.

Мен хат бөлімін басқарған Балтабек Әбеуовтің қол астында болдым. Балтекең қай заманда болмасын шындықты жақтайтын, бірбеткей журналист-тін. Мені де солай тәрбиеледі. «Бір хаттың ізімен» деген айдармен ауыл-аймақтағы жаңалықтарды жариялайтынбыз. Аймақтағы меншікті тілшілерден келген хатты қорытудан бөлек, газеттен араша сұрағандардың мекен-жайына іздеп баратынбыз. Облыс аумағының берісі – Ұлытау, арысы – Шет пен Ақтоғай ауданы. Күн-түн демей іссапарға шығып, мәселенің ақ-қарасын анықтауға кірісетін едік. Халықтың ортасында жүріп, олардың мұң-мұқтажын естіп, оны шешуге үлес қосу журналистің міндеті деп есептедік. Бұрынғыдай іссапарлар бүгінде жоқ.

– **«Мұн-мұқтаж» дедіңіз. Сол сапарларыңызда оң шешімін тапқан мәселелер болды ма?**

– Газет деген – күш. Тасқа түскен жазу елеусіз қалмайтын. Сондықтан ауылға не ауданға «тілші келді» дегенді естігендердің құлағы елең ететін. «Жезқазған туы» газетінің арқасында оқуға түсіп, баспаналы болғандар бар. Міне, пайда емей немене?! Бірде Балқаш қаласының шалғайдағы ауылынан жолдама өзгелерге заңсыз беріліп жатыр деген мазмұндағы хат келгені сол-ақ еді, Балтекең «Шап!» деді. Ұшақпен Балқашқа жетіп, одан аупарткомның мәшинесімен ауылға да жеттім. Жас болғандықтан төрелік айтуға дәтім бармады. Ауыл ақсақалдарын жинатып, жиналыс аштық. Тараптар өз шындығын айтуда. Байқап қарасақ, ауылға келген бір жолдама қарапайым шаруа мен кеңшар директорының баласының арасында бөліске түскен. Алғашқысы білімге құштар, жолдамаға лайықты. Ал екіншісінің қолы ұзын. Мәселенің ара-жігін ажыратып жатқанда кеңшар директоры әлденені сылтауратып жиналыстан кетіп қалды. Ұялса керек. Көптің дауысымен ша-



руаның баласы оқуға баратын болды. Осы отбасымен бертінге дейін хабарласып тұрдық. Жолдама алған жігіт кейін үлкен ел азаматы болғанын естіп, қуандық.

Бірде Шет ауданындағы Ақсу-Аюлыдан бір үйге таласқан екі отбасы жайында хабар жетті. Дереу оқиға орнына жетсек, әлі шатырланбаған үйге екі отбасы кіріп алған. Үйдің қос иесі де «Маған берілген үй» деп шегінгісі жоқ. Сөйтіп, «Заңды белден басқандар» деген мақала жазуыма тура келді. Кейін бұл мәселе обкомда қаралып, аталған үй нағыз мұқтаж отбасына берілді. Жылдар өткесін Қарағандының көшесінде мені біреу айқайлап тоқтатып, алғысын жаудырта бастады. Сөйтсем, әлгі үйлі болған отбасының ержеткен ұлы екен. Әңгімеден ақ жаулықты әже, ақ сақалды ата болған әке-шешесі күні бүгінге дейін сол «Жезқазған туының» көмегімен алған баспанада бақытты ғұмыр кешіп жатқанын ұқтым. Газеттің осы нөмірін жұрт дүңгіршектерден түгін қалдырмай сатып алыпты сонда. Біз де марқайдық. Журналист үшін оқырман көңілінен шығудан, алғысын арқалаудан өзге артық ештеңе жоқ. Қашан да газет бұқараның сөзін сөйлеуі тиіс. Ал «Жезқазған туы» осы сенім үдесінен шыға білді.

**– Естуімше, Сіз кәсіпкерлік саласына да бет бұрғансыз. Қалайша осыншама қызықты журналистік өмірді сатып алу-сату қызметіне айырбастадыңыз?**

– Кәсіпкерлік арнасына келуім де газеттің арқасы еді. «Жезқазған туы» менің жаңа қырымды, кәсіпкерлік қарым-қабілетімді ашты. Тоқсаныншы жылдардың басында нарық заманына икемделіп, газетке ақылы материалдар мен жарнама тартумен айналыса бастаған тұста өз ісімді дөңгелетуге бел будым. Бірақ газетпен байланысым үзілмеді. Қаламақыға мақалалар жазып, жарнамалар әкеп тұрдым. Бизнес дегенде бірде тасың өрге, бірде төмен домалайды. Тәуелсіздік алып, енді ғана аяққа тұрып жатқан жас мемлекетте кәсіпкерліктің



дамуына кедергілер көп болды. Сол кезде дүкенімді жабуға тура келді. Дәл сол жылы өскен, қолдау көрген редакциям 5 мыңыншы санын жарыққа шығарып, оны атап өтпекші екенін естідім де, ұжымның жанынан табылуды құп көрдім. Сөйтіп, сатылған дүкеннің қаржысына ат шаптырмасақ та, аймаққа кішігірім той бердік.

1994 жылы мұрағат директоры болып тағайындалдым. Онда да баяғыша әдетпен мақалаларым газет бетінен түспейтін. 1997 жылы қала әкімінің баспасөз хатшысы қызметіне ауысқанда да біраз дүниелерім жарияланып тұрды. Тележурналистикаға келсем де қазыналы өңірдің айнасына айналған «Жезқазған туының» заңды мұрагері «Сарыарқаны» күні бүгінге дейін қалт жібермей оқимын. «Сарыарқа» аймақтың тыныс-тіршілігін ақпараттандырумен қатар, тарихқа тың көзқараспен қарау, халықты сабырға, имандылыққа шақыру, бірлікке үндеп, халықтар достығын насихаттауды өзінің басты бағытына, өзекті тақырыбына айналдырғанын көріп жүрміз. Бағыты – дұрыс. Халқымыздың қабырғалы қаламгерлері негізін қалаған басылым жаңаша ойлай білетін жастардың еңбегінің арқасында абыройы асқақтап, оқырман құрметіне бөлене беретініне кәміл сенемін. Тілеуқормын.

– Әмин. Айтқаныңыз келсін.

**Сұхбаттасқан Диана ОРАЗАЛИНА.**  
*«Сарыарқа», №10, 09.03.2018*

## «САРЫАРҚАНЫҢ» ӨЗ АДАМЫ

Ол облыстық газетке «Жезқазған туы» атауы «Сарыарқаға» ауысқан жылы келді. Редакцияның барлық қызметкерлері дерлік оны бұған дейін де бір кісідей жақсы білетін: жалпақ тілде «лито» аталып кеткен – баспасөзде мемлекеттік құпияны қорғау жөніндегі облыстық басқармада бақандай он жыл жұмыс істеп, барлық редакциялармен қоян-қолтық араласқан



азамат. Жауапты хатшының осы жолдардың авторынан басқа орынбасары – талдықорғандық Мәулетхан Ақсанов еліне қоныс аударуға бет бұрды да, басшылық секретариатқа жаңа адам іздегенде, көпшіліктің көңіл көзі газет жұмысына сырттай болса да қанық әрі көпшілігімізбен аралас-құралас дәл осы Бекежан Нұрғазинге түскен.

Атауы ауысқанымен, міндет ауқымы «міз бақпаған» басылымның аптасына бес рет үлкен қалыпта төрт бет болып шығатын кезі. Сондықтан да газет редакциясының «бас штабы» аталатын секретариатта күні-түн дерлік тыным жоқ: бір жағында бүгін басылатын нөмірдің бірінші беті макеттеліп, ал соңғы беттердің ашық жерлері жауапты хатшының табанды қаһарымен «аттың жалы, түйенің қомында» жазылып, жаңа ғана жеткен материалдармен толықтырылып, екінші жағынан ертең беттелетін нөмірдің соңғы 3 беті жоспарланып жатады. Ал корректорлар бөлмесінде төрт корректор және екі бет оқы-



сушы баспаханадан беттеліп жеткен беттерді автордың түпнұсқасымен салыстыра оқып, таңертең келгеннен ақшамға дейін қате түзетіседі, аралықтарында баспаханаға жүгіріп барып келіп жатады. Газеттің жауапты хатшысы Балтабек Әбеуов редакция үйінің екінші қабатына көтерілер тұстағы шағын алаңқайды көк түтінге көміп, әңгімені желдей естіріп, гуілдеп тұрған қолдары бос топқа елеңдей қарап, ақыры болмаған соң темекі қорабын қолына ұстап орталарына қосылып кетеді де, барғаны қалай тез болса, келгені одан да тез: жаңа әзірде тұтатқан темекісін іле-шала сөндіре сала дереу секретариатқа қайта оралып, орынбасарының үстінен төне макетке үңіледі. Секретариат жұмысында дүйсенбіден жұмаға дейінгі аралықта күнде осындай қауырт тірлік қайталанады да жатады.

Ол кезде облыстық газет редакциясында барлық қызметкерді қосқанда 50-ге тарта адам еңбек етеді. Аудандардағы меншікті тілшілер мен кезекті еңбек демалысына кетіп жатқандарды, жұмыс бабымен объектілерде жүргендерді қоспағанның өзінде редакцияның он шақты бөлмесінде 30-дан аса адам күнделікті табылатыны анық. Алайда редакцияның екі жақ түпкі қапталында орналасқан телетайп пен машина бюросындағы үздіксіз «тықылдар» болмаса, араның ұясындай гуіл естіле қоймаушы еді. Тек, сағат аралата әлгі екінші қабатқа көтерілер тұстағы фойеге «темекішілер» жиналғанда ер адамдардың қауқылдасқан дауыстары, жарқын күлкілері қайта жаңғырады.

Міне, көпшілік үшін сондай қатардағы күндердің бірі еді де, ал Бекежан екеуімізді айрықша сынақ күтіп тұрған: Бекең екі-үш айдай секретариаттың жұмысына көз қанықтыру мерзімін бітіріп, бетті дербес «жүргізу» құқына ие болғанды. Маған әрі қадағалау, әрі көмектесу жүктелген. Әрине, өз жұмысымды және оның жұмысын қоса атқарысып күндіз-түні жүрмейін десем, Бекеңнің міндетін салғаннан игеріп кеткені



керек. Сонымен, Бекежан сызған макеттері бойынша алғаш рет бет жасасуға баспаханаға кетті де, мен өз шаруаларыммен кідірістеп редакцияда қалғанмын. Кешке қарай, жұрт кетіп, редакциядағы бүкіл шуыл сап басылған бір сәтте жұмыс столымдағы телефон безектей жөнелді. Трубканың ар жағында аптыға сөйлеп тұрған корректор Зәуре Қорғанбекова екен.

– Төлеш, мына Бекежан «ит» деген сөздің барлығының «и» әрпін «і» әрпімен алмастырып, «іт» деп жаздырып жатыр, бізге көнбейді, не істейміз енді? – деп безек қағып тұр. «Ә» дегенде адбыраңқырап қалған менің санамда Бекежанның Көкшетаудан екені, орыс мектебін бітіріп, орыс тілді ортада өскені зуылдап өте шыққан.

– Шу шығарма! Қазір өзім барамын, – деп баспаханаға құстай ұштым.

Бір жағынан күліп келемін, бір жағынан бүкіл ішімді аялай жылы ағыс есе жөнелгендей, самал лүп еткендей сезімдемін бе, қалай... Есіме Жезқазған атауының – «Джезказган», Көкшетаудың – «Кокчетав», Жамбылдың «Джамбул» болып келе жатқаны, төлқұжаттардағы қазақ есімдерінің кей тұстары адам танымастай бұрмаланып жазылатындығы, соның көбінде «і» қарпінің «зардап» шегіп жататыны оралып, иіріліп соғуда. «Е, Бекең қолына қазақ тіліндегі қуатты қару тигеннен соң, алдымен сол орыс тілділердің «кәріне» ұшырап келген «і» қарпін қолдаудан бастамақ болған ғой!» «Долой, «и»! Жаса, «і»! Шындығында сол жолы және кейін де Бекеңнің орысша оқып, орыс тілділердің ортасында өсе жүріп, өз қазағының төл қаріптерінің күштеп орыс қаріптеріне ауыстырылуын ұлтжанды азамат ретінде жүрегіне ауыр алып жүр екен ғой деп түсіндім! Баспаханадағы абдырап қалғандарға да солай түсіндірдім, білем...

Ең бастысы, Бекежан кезекті газет нөмірлерін бір аптаның мұғдарында менің тікелей көмегімді қажетсінбестен



және әлгіндей «шу» шығармастан біржола дербес «жүргізіп» кеткен.

Орта адамның жаңаша қалыптасуына жас кезінде ғана ықпал ете алса керек, ал ересек тартып кеткендерге оның өзінің зор ықыласы көмекке келмесе, бәлендей әсер ете алмайды деп түсінемін. Бекең болса қазақы ортаның өзіндік иіріміне, қалтарыс-бұлтарысына тез-ақ бойлап кеткендей еді. Байқаймын, оны редакциядағы шығармашылық ахуал, қызметкерлер арасындағы айрықша жарасымды қарым-қатынас күн өткен сайын баурап, еліктіріп әкетіп бара жатты. Біртіндеп өзі де сол шығармашылық ортаға алғаусыз сіңісе берген. Күндердің күнінде: «Төлеш, мені бір оқиға «әңгіме жаз» деп мазалап жүр», – демесі бар ма. «Қай тілде?» – деппін ғой оған әнтек үңіле қарап... Ол менің аңдаусыз сұрағымның астарын елең қылмастан, риясыз күлді: «Қазақ тілінде де!..» Сөйтіп, күні кеше «итті» «ітке» айналдырмақ болған Бекең бір күні ауылдағы жақын досымен бастан кешкен әрі күлкілі, әрі шуақты бір оқиғаны арқау еткен шымыр да көлемді әңгімені жазды да тастады. Және ол көп ұзамай облыстық газеттің жарты бетін алып жарқ етіп шыға келген. Осылайша Бекежан Халидоллаұлы өзінің ерекше зейінімен, алғырлығымен танылып, аз уақытта редакцияның өз адамы болып кетіп еді.

1995 жылы күзде Бекежан Нұрғазин шақыру бойынша «Қазақстан Халық Банкі» Жезқазған облыстық филиалына қызметке ауысты. Бекең өзі үшін мүлдем жаңа сала болып табылатын бұл жұмыста да өзінің жан-жақты қабілеттілігін, алғырлығын таныта білді. «Өзі жақсы адамға қайда да бір кісілік орын бар» демекші, қай ортаға түссе де абдырап, алқынуды білмейтін Бекежан Халидоллаұлы еліміздегі ірі қаржы құрылымы саналатын банктің филиалы өзіне ұсынған қызметті қапысыз игеріп, ұжым мүшелерімен қамсыз араласып жүре берген.



Құнды қағаздар нарығында өзіне жүктелген міндетті тыңғылықты атқарып, көзге түскен ол бір жылға жетер-жетпес уақыт ішінде Қор орталығының аға маманынан директорлығына дейін көтерілді. Іле Б. Нұрғазин басқаратын осы Қор орталығы «Халық Банкін» жекешелендіру ісіне белсене қатысып, оның сәтті жүзеге асуына қомақты үлестерін қосқан.

2000 жылы Бекежан Халидоллаұлын банк басшылығы филиалдың Бөлшек бизнес басқармасына басшы етіп тағайындады. Бүгінде ол «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Жезқазған аймақтық филиалының Бөлшек бизнес орталығы болып аталады.

Бекежан Нұрғазин жиырма жылға тарта табан аудармай басқарып келе жатқан бұл орталықтың міндеті бөлшек банкинг жұмысын, атап айтқанда, жеке тұлғаларды несиелеу, тұрғындардың ақшалай қаражатын салымдарға тарту, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі аударатын зейнетақы, жәрдемақы және бірмезеттік қаржылай өтемақыларды төлеу бойынша құрылымдық бөлімшелердің мүлтіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету болып табылады. Осындайлық жауапты істің басында екі ондық белесті тапжылмай артқа тастаса, Бекежан Халидоллаұлының өзіне жүктелген міндетті адал әрі лайықты атқарып келе жатқаны деп қуана бағалаймыз. Иә, сонау аймақтағы қазақ баспасөзінің қарашаңырағы облыстық «Жезқазған туы» – «Сарыарқа» газетінің қабырғасында жүріп танысқан, сол таныстықтың кейіннен арада іргетасы берік достыққа айналуына өз тарапынан үлкен ықпал ете білген азаматтың адамгершілік қасиеттерін жақсы білетін біз оның қай салада болмасын асқан жауапкершілікпен жұмыс істейтініне күмәнданып көрген емеспіз.

Ал енді банктің аймақтық филиалы басшылығы тарапынан Бекең досқа берген төмендегідей мінездемесіне көз жүгірте отырып, көңіліміздің бір марқайып қалғанын жасырып



қалғымыз келмейді. Онда: «Б.Х. Нұрғазин «Халық Банкінің» Жезқазған аймақтық филиалында жұмыс істеген уақыттары өзін ұқыпты, талапшыл және принципшіл қызметкер ретінде танытып келеді, экономикалық білімді жақсы меңгерген және мықты сараптамалық қасиетке ие. Алға өндірістік міндеттер қойып, шеше білетін жоғары білікті маман, сауатты басшы, өз міндеттерін жүзеге асыруға адалдықпен әрі жауапкершілікпен қарайды, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары» деп жазылған.

«Көзден кетсе де, көңілден кетпес» дегендей, Бекежан Халидоллаұлы өзін өмірге шығармашылық көзбен қарауға үйреткен ортасы – «Сарыарқа» газетін ешқашан естен шығарып көрген емес. Ұзақ жылдар бойы, күні кешеге дейін, қаржы тапшылығын көріп, қиналып келген газет редакциясына септесін болсын деп банк тарапынан БАҚ-тардағы жарнамаға бөлінетін қаржының қомақты бөлігін осы «Сарыарқаға» бағыттауға барынша күш салып отырғанын атап айту ләзім. Оның қанатымен су сепкен қарлығаштай осы бір тірлігі өскен ортасын ұмытпайтын үлкен азаматтығын танытса керек. Және оны қайда жүрсе де газетімізге бір бүйрегі бұрып тұратын осы жанашыр азаматтығы үшін «Сарыарқаның» өз адамы» десем, мұның еш «айып-шамы» болмас деп ойлаймын.

Кейіпкерімізді аясында сексен көл мөлтілдеген, қоршай тізілген көгілдір таулары, көкпен таласқан балқарағайы, жап-жасыл шыршалары, мың бұралған ақ қайындары, кеңсірігінді ашып, тынысыңды қабар басқа да небір тал-терек, көк майсасы тіршілік біткенді саясында еркелете ұстаған ару Көкшеден тастақты, шет-шегі көрініп болмайтын сиыр бүйрек адырлы Жезқазғанға не айдап келді екен деген сұрақтың көкейге кептелетінін де білеміз. Оған жауап іздесек, сонау өткен ғасырдың 80-жылдарына, Бекеннің кеудесін өмірге деген құштарлық қана емес, сиқыры бас арбап, көңілін жаулаған



махаббатқа да толы жиырма екі-жиырма үштегі жігіт шағына оралуымызға тура келеді.

Ол әскер қатарына 1977 жылы алынды. Жүрегін жаулаған, сөз байласқан ару Күмісі 1978 жылы Жезқазғанға барып, сондағы медициналық училищеге оқуға түскенін естіген жас жігітте дегбір қалмаған. Жеңілтек мінезден ада салмақты қыздың уәдесіне берік екендігіне күмәнданбаса да, бәрібір махаббатқа келгенде қорғанышы әлжуаз жастық көңілдің әр тұсынан күдік ойлар анталамай қоймайды екен... Хат жазысып, хабарласып тұрса да жүрегі ауыл жаққа алып-ұшып, 1979 жылдың аяғына дейін әрең шыдаған. Елге орала сала айлар аралатып жатпай «Жезқазған қайдасың» деп тартып отырып, Күмісін ертіп оралған бойда басына ақ жаулық салдырған. Артынша оқуын жалғастыруды дйттеген жарымен қол ұстасып мысты шаһарды қайыра бетке ұстады. Күміс оқуын бітірген соң көгілдір Көкшөмізге қайта оралармыз деген ойлары уақыт өткен сайын буалдыр тартып, ақыры сейіліп тынған: Жезқазғандағы жаңа таныс, жаңа достар барған сайын ыстық тартып, жаңа ортаға сіңдіре берген-ді.

Одан бері де қаншама су ақты. Арадағы қырық жылға тарта уақыт бір сәт көзді ашып-жұмғандай болып көрінсе де, ерлі-зайыптының өмірінде қаншама жарқын із қалдырды десеңші. Күміс оқуын бітірген 1981 жылдан бастап Жезқазған перинатальдық орталығында табан аудармай акушер болып еңбек етіп келеді. Ол алғаш кіндігін кескен шақалақ бүгінде немере сүйген ата атанып та үлгерген. Бекеңнің өзі болса қабілет-қарымын сынға алған белестердің қайсысынан да сүрінбей өтіп, киелі Жезқазған-Ұлытау аймағы жұртшылығы ортасында сый-құрметке бөленген, Күмістей адал жарымен бірге алпыс жастың асқарына шыққан жігіт ағасы атанып отыр.

Екеуі екі ұл өсіріп, тәрбиеледі. Үлкені Расул заң саласын тандады, қазір Қарағанды облыстық прокуратурасында еңбек



етеді. Екінші ұлы Рустам экономист мамандығын меңгерген, «Компания Фудмастер-трейд» ЖШС Қарағанды филиалының директоры. Бүгінде Расулдан сүйген екі немере – Мансұр мен Малика Бекежан мен Күмісті Қарағанды мен екі ортаға апта сайын қатынамаса тұра алмайтын, бірақ содан ләззат алмаса, қиналып көрмеген бақытты жолаушыларға айналдырған. Өмір жолы таусылмасын, бақыттарын Жезқазғаннан тапқан жарқын жолаушылар!

**Төлеш АСАНТЕГІ,**  
**Қарағанды облысы әкімі «Алтын сұңқар»**  
**сыйлығының тұңғыш иегері.**  
**«Сарыарқа», №11, 16.03.2018**



## ЖҮРЕКТЕГІ ЖАЗУЛАР

*Журналистік еңбек жолымның қалыптасуына, яғни, облыстық газеттің жұмысымен етене араласып кетуіме ықпал еткен сол бір кісілер екен. Аға әріптестерімнің қамқорлығын көп көріппін. Әсіресе, университетті енді ғана бітірген мені жұмысқа алып, талабымды ұштаған газеттің алғашқы редакторы Сайлаубек Қожамсейітов – мен үшін аса аяулы жан.*

«Сабақты ине сәтімен» демекші, бәрі сәтімен келе қалыпты. Қарағанды мемлекеттік университетін қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі мамандығы бойынша мен бітірген сол 1973 жылы туып-өскен ауылымыздың іргесіндегі Жезқазған облыс бола қалды. Диплом қолға тиісімен бала кезден көңілге ұялаған арманның жетегімен жаңа ашылған облыстық газеттің табалдырығын имене аттадым. Сәтіне орай, газетке жұмысқа тұрғым келіп келген мен редактордың өзіне тап келіппін. Студенттік кезде жазғандарымды оқып шыққан ол:

– Талабың бар екен. Дәл қазір бізге адам керек. Ал бір-екі айдан соң орын болмай қалуы мүмкін. Өйткені журналистиканы биыл бітірген бір топ жасты шақырып отырмыз. Түсіндің бе? – деді.

Түсіндім. Редактор жұмысқа аламын деп отыр. Қуанышта шек жоқ. Үйімде он шақты күн болдым да, қайтып келдім.

– Ә, келдің бе, бала? Онда ертеңнен бастап жұмысқа шық, – деді редактор мені бірден танып, еш сөзге келместен.

Осылайша 1973 жылдың шілде айында алғашқы еңбек жолым облыстық «Жезқазған туы» газетінде басталды. Ауыл шаруашылығы бөлімінің әдеби қызметкерімін. Бөлім меңге-



рушісі жоқ. Қасымдағы жасы үлкен болғанымен, бұрын газетте істемеген екен. Ауыл шаруашылығы бөліміне хат көп келеді, мен қорытқан мақалалар газетке шығып жатыр. Соған мәзбін.

Өз атымнан жазған алғашқы көлемді мақалам жергілікті әнші, композитор Жақсыкелді Сейілов туралы болды. Көп ұзамай Жезқазғандағы №8 мектеп директоры Нәписа Шенеуова мен қаладағы атақты дәрігер-сынықшы Зікірия Жанысбаев жайындағы суреттемелерім жарық көрді.

Бұл мақалаларым туралы пікір айтқан адам болған жоқ. Сөйтiп жүргенде қасымдағы кісі жұмыстан кетiп, ауыл шаруашылығында жалғыз қалдым. Әйтсе де көңiлiмде күдік басым. «Ертең журналистер келсе, мен де орын босататын шығармын» деген ой мазалайды.

Өзі көңілі күпті адамға ойда жоқ жерде жайсыз хабар жетті. Тамыз айының бір күні телефон шалған адам: «Сіз Ибадатовсыз ба? Қарағанды университетін биыл бітірдіңіз ғой. Сіз дәл қазір облыстық оқу басқармасының бастығына келуіңіз керек», – деді. Бардым. Бастық сөзге келмей:

– Бала, сен бұлай қашып жүргенді қой. Саған іздеу салып, әзер таптық. Оқу жылының басталуына жақын қалды. Университет берген жолдама – бізге, соны ұғып қой. Сен журналист емессің, мұғалімсің. Ертең Жезді аудандық оқу бөліміне барасың. Қайда жұмыс істейсің, солар айтады, – деді өктем үнімен.

Одан келген бетте редакторға кірдім. Облыстық оқу басқармасы бастығының айтқанын жеткіздім.

– Саспа, бала. Жұмысыңды істей бер, еш алаңдама, – деді ол кісі. Редактордың бұл сөзіне жүрегім жылып қалды. «Жазғандарым ұнаған ғой, әйтпесе мені ұстамас еді» деген ойға келіп, қуанып қалдым.

Қуанышым көпке бармады. Университеттегі деканымыздан суық хат келді. «Еңбек жолдамасы берілген облыстық оқу



басқармасына бармасаң дипломыңды алып қоямыз» деп жазылыпты әлгі хатта. Жүгіріп редакторға апарып бердім. Со-сын жай тұрмай:

– Шынында да мен мұғаліммін ғой... – дедім міңгірлеп.

– Шахмұрат, журналист болу үшін қолыңда дипломың болу міндет емес. Ал тіпті журналистік диплом алғың келсе, сырттай оқуына бар, өзім хат жазып беремін. Емтихансыз қабылдайды. Бар, алаңдамай жұмысыңды істей бер.

Екі туып, бір қалғаны емес мені осынша қорғаштауы ол кісінің жастарға деген жанашырлығы, қамқорлығы емес пе? Сайлаубек Қожамсейітовтің ағалық аялы алақанының арқасы ғой, әйтпесе облыстық «Жезқазған туы» газетінде қалу-қалма-сым белгісіз-ақ еді.

Бұл кезде жас журналистердің алды келе бастаған. Бөлімдер толыға бастады. Мәдениет және әдебиет бөлімінің меңгерушісі Сайлаухан Нәкенов мені жетектеп редактордың кабинетіне алып кірді.

– Маған осы Шахмұратты беріңіз. Ана журналистеріңіздің ешқайсысы керегі жоқ. Маған мұғалім керек. Мектептің, мұғалімнің, жалпы оқу-тәрбие процесінің мән-жайын білетін адам керек, – деп редакторға өтініш айтты Сәкең.

Сөйтсем, Сәкеңнің бөлімінің атауы «Мәдениет және әдебиет» болғанымен, оқу орындарын да қамтиды екен. Бөлімнің «Әсем ән мен тәтті күй» деген әдемі айдары бар-тын. Енді менің келуіме орай «Ұстаз және ұрпақ» деген айдар қосылды.

Сайлаухан аға көркем сөздің нағыз шебері болатын. Сөз қолданысына, сөйлем құрауға аса талғампаздықпен қарайтын. Менің қолымнан шыққан мақалалар оңбай шимайланып-тын болды. Машинаға екінші қайтара бастыруға тура келеді. Оныма қатты ұялатынмын. Ал сол мақалалар газетке жарияланғанда «мыналарды мен қорытқанмын» деп жар салғым келетіндей бойыма мақтаныш ұялайтын.



Сәкеңнің қарамағында бір жыл жұмыс істеген мені армияға алып кетті. Армия қатарында бір жыл азаматтық борышымды өтеп келгенімде Сайлаухан аға тағы алдымнан шықты. Сәкең жаңа редакторымыз Ұзақбай Төлеуовке кіріп:

– Бұрын бөлімімде өз қарамағымда істеген қызметкерім еді, өзіме беріңіз, – деп мені сұрап алды. Сөйтсем, Сәкең жауапты хатшы екен, екі орынбасары болады екен. Бір орынбасары Марал Хасенов Ақадыр аудандық газетіне редактор болып кеткелі жүр екен. Маралдың соңынан қалмай жүріп жаңа жұмысты үйренуге кірістім. Ол жүгіріп баспаханаға, одан шыға салып телетайпқа барады. Редакторлардың орынбасарларына кіріп, мақалалар алып келеді де келесі бір беттің макетін жауауға кіріседі. Редакция 2-қабатта, баспахана 1-қабатта. Екі ортада зыр жүгіреміз.

Қазір қарап отырсам, маған әлдеқайда егде болып көрінетін Сайлаухан ағаның жасы сонда небәрі отыз бестерде екен. Жастары шамалас болғандықтан ба, әйтеуір ағаларымыз бір-бірімен қатты әзілдесетін.

Әзіл дегеннен шығады, Марал баспаханада бет жасатып жатқан-ды. Баспаханадағы аусым шебері Құпия:

– Марал, сені Сабыр аға телефонға шақырып жатыр, – деді. Марал телефонды тыңдап сәл тұрды да:

– Сәл Сабыр етіңіз, Сабыр Сауытбаевич, сауыт-саймандарымды жинап, тез жетемін, – дегені.

Жүгіріп 2-қабаттағы редактордың біріншісі орынбасары Сабыр Сауытбайұлының кабинетіне бардық. «Мені мазак қылдың» деп ашу қысып, түтігіп отырған шығар деп ойлағанмын. Қайдағы.

– Бірінші бетке телетайптан ресми материал түсті, салу керек, – деп Сәкең жайбарақат тұр.

Газеттің күнделікті нөмірін шығару басты міндеті болғандықтан жауапты хатшының да, оның орынбасарының да жұ-



мысы мазасыз. Газет түнде басылады. Аптасына 4 бет болып, 5 рет шығады. Газет беттерін күн сайын күн-түн демей оқытын корректорлардың жұмысы мүлде қиын. Қате жіберсе сөз естиді, сөгіс алады. Сондықтан жап-жас көздер қиындыққа шыдамай кетіп қалып жатады.

Бірде жаңа шыққан бетті редакторға көрсетуге кірсем, бастығымыз Сәкең:

– Көзіміз ашылды, мектепте он шақты жыл жұмыс істеген тәжірибелі, ақыл тоқтатқан, сабырлы келіншек келді. Қазақ тілі пәнінің мұғалімі. Ең бастысы, тұрмысқа шыққанына 7-8 жыл болыпты, бірақ бала көтермепті, – деп сүйсіне әңгімелеп отыр екен. Сәкен ақынжанды жігіт қой, қуанышты хабарды осылай желпілтіп, ризашылықпен асып-төгіп сөйлеп, мәз-мейрам болатын.

Арада 5-6 ай өтті ме, өтпеді ме, ертеңгі газеттің нөмірін бекітетін кешкі лездемеде редакторлардың орынбасарлары мен бөлім меңгерушілері төрт көздері түгел отырғанда Ұзекең:

– Мына Сайлаухан бала көтермейтін келіншек деп жер-көкке тигізбей мақтап бір корректорды жұмысқа алып еді, қайтейін, сол «декретке» кеткелі жатыр. Әй, осы сендер жұмысқа қалай аласыңдар, былай қарап, тексеріп, «медосмотрдан» өткізуді мен сендерге қашанғы үйретемін? Ал, барлығың жатпай-тұрмай ертеңгі газетке корректор іздендер, – дегені ғой. Төмен қарап Сәкең отыр, өзгелер редакторға байқатпаған болып, ауыздарын жауып күлкіге көмілді.

Ол кезде газетшілер ортасында «Түбі редактор боламын» деп армандайтындар секретариаттың ыстық-суығына күйіп-пісуі керек. «Секретариаттың жұмысын бес саусағындай білмейтін журналистен жақсы редактор шықпайды» дейтін сөз бар-тын. Редактор болсам деген ой менің үш ұйықтасам түсіме кірген емес. Тағдыр жазуымен, одан қалды Сайлаухан



ағаның жол сілтеуімен секретариаттан – «газеттің штабынан» бір-ақ шықтым. Газеттің жалпы не екенін осы секретариатта жүріп жете біле бастадым. Үлкен мектептен өттім.

Секретариатта жүріп, көптеген еңбек қуанышқа бөлендім, қошеметке кенелдім. Әсіресе, 1977 жылдың жөні тым бөлек болды. Республикалық конкурста газетіміз ынталандыру сыйлығына ие болды. Үздік безендірілуі мен полиграфиялық сапасы сынға түскен сәтте жас облыстық газетіміздің жоғары баға алуы үлкен жетістік еді. Ал 1982 жылы республикалық конкурстың қорытындысы бойынша үшінші орынды иеленгенімізде қуанышымызда шек болған жоқ. Газеттің макетін жасаушы Мақұлбек Рысдәулетов екеуміз де республикалық конкурс алқасының грамотасымен екі рет марапатталдық.

Ең қуаныштысы, сол сексенінші жылдары газетіміз облыстық басылымдардың ішіндегі шоқтығы биіктердің қатарында атала бастады. Оған айғақ, «Жезқазған туы» 1985 жылы Ұлы Отан соғысындағы жеңістің 40 жылдығы құрметіне орай ұйымдастырылған республикалық конкурста бірінші орынды жеңіп алды. «Осы жетістікке сіздің үлесіңіз зор» деген Алғыс хатпен сол кездегі редакторымыз Сабыр Сауытбаев мені марапаттаған еді. Сол кісінің сенім көрсетуімен 1984 жылы мәдениет және әдебиет бөлімінің меңгерушілігіне тағайындалған едім.

Бөлім меңгерушілігімен қатар редакциядағы журналистер бастауыш ұйымының хатшысы деген қоғамдық жұмысым және бар еді. Сайлаухан ағамыз ол кезде редактордың орынбасары болатын. Бірде:

– Сәке, мүшелікке кейінірек өтем деген уәденің бар еді ғой. Жаңа мүшелер қабылдағалы жатырмыз. Құжаттарыңызды берсеңізші, – деп өтініш жасадым Сәкеңе.

– Жоқ, мені әурелеме. Реті келсе, Жазушылар одағына мүшелікке бір-ақ өткелі жүрмін. Есінде болсын, сөз өнері –



күдіретті. Онымен ойнауға болмайды. Ақын, жазушы деген атты көрінген көк атты иемденбеуі керек. Сол тәрізді «журналист» деген де қасиетті ұғым. Елу жол мақаланы дұрыс жаза алмайтындарға «журналист» деген атау қор болмауы керек. Газет тілшісінің бәрі журналист емес. Редакциямызға кеше келгендермен қатар Журналистер одағына мен мүше бола алмаймын.

Сайлаухан ағаның осы бір сөзі әлі жадымда. Ол кісі осылай түйіп айтатын, ойын нығырлап жеткізетін.

Секретариатта жүргенде де қолымнан қаламым түспеді десе болады. Менен материал бер деп сұрап жатқан ешкім жоқ. Нені жазам, кімді жазам – өз еркімде. Жас журналистер бір-бірімен жарыса жазатын. Әрқайсымыз көзге түсерлік мақалалар жазуға тырысатынбыз. Партия тұрмысы бөлімінің меңгерушісі Болат Бабақов сол 1973 жылдың күзінде «Жас журналистер мектебін» ашты. Аға әріптестеріміз өз тәжірибесін ортаға салады. Мен түгілі дипломы бар жас журналистердің өзі оның әр сабағына қызыға қатысатын. «Әр мақаланы жүректен жазу керек» дегенді сонда ұғындым. «Қандай да тақырыпқа қалам сілтесең де, оның оқыған адамға ой салатындай болсын, әдемі тілмен жалаң мақтай бермей, кейіпкеріңнің жан дүниесін, болмыс-бітімін аша біл; өмірбаяндық баяндаудан гөрі өмір айшықтарын аша біл» деген тәрізді тағылымдар жадымда жатталып қалды. Осы тағылым-тәрбиенің әсері шығар, сол кезде-ақ өзекті мәселелерді көтерген проблемалық мақалалар жазуға ден қойдық. Аға әріптестеріміздің: «Естерінде болсын, журналистер жөн-жоба көрсетер кемеңгер емес, ол – өзгелердің ой-тұжырымын, мамандардың пікірі мен толғамын жеткізе білетін тек қаламгер. Мақалаларында «мен» болмасын», – дегені бізге ой салды. Иә, айта берсек, содан бері қаншама жылдар өтсе де, жүректегі жазушылардың қағаз бетінде өрнектелер сыры көп.



Жылдар өтті. Өмірімнің он жеті жылы облыстық газеттің қабырғасында зыр етіп өте шықты. Аға әріптестеріміздің ізін басуға жарай алдық па, журналист деген атқа сай қабілет таныта алдық па, бәрін-бәрін бағалап-бағамдаудың соншалықты қажеті де бола қоймас. Бір айтарлығы, үлкен ұжымымыздың ортақ ісіне қал-қадірімізше үлес қосқанымыз анық. Оған айғақ – газетіміздің шығуының 10 жылдығы құрметіне орай 1983 жылы Қазақстан Журналистер одағының Құрмет грамотасымен, 1986 жылы КСРО Журналистер одағы басқармасының Құрмет грамотасымен марапатталуым, 1987 жылы Алматыда өткен Қазақстан журналистерінің VII съезіне делегат болып қатысуым дер едім.

**Шахмұрат ИБАДАТҰЛЫ.**  
*«Сарыарқа», №12, 30.03.2018*



## ҮЛКЕН МЕКТЕПТІҢ ҮЛГІСІ

*«Жезқазған туы» облыстық газеттер арасындағы өзіндік орны бар, салмақты да салықалы тақырыптарды көтере білген басылымдардың бірі болған еді. Жаңа облыс ашылған кезде газет редакциясына кадрлар Қарағанды аймағымен қатар, Қазақстанның түкпір-түкпірінен шақырылып, мұнда оңтүстік пен солтүстік, шығыс пен батыс өңірлерінің көптеген редакцияларында еңбек етіп шыңдалған журналистер бас қосқан-тын. «Жезқазған туы» мектебінің бір ерекшелігі де осында. Осы үлкен мектептің үлгісін алдық, қайнаған шығармашылықпен тыныстаған ортада жүріп қаламға қуат байладық. Өткен жолға қарап отырсам, Жезқазғандағы жарқын кездерімнің он жеті жылы бұрынғы «Жезқазған туы», кейінгі «Сарыарқа» редакциясының қарашаңырағында өтіпті.*

Ол уақыттағы қоғам басқа, заман бөлек. Қай саладағы болмасын кадрларды іріктеп, орналастыру мәселесінің барлығын партия органдары шешетін кез. «Жезқазған туына» келуіме тікелей себепкер болған обком партияның сол замандағы құдіреті мен құзыреті және оның идеология бөлімін басқарған Сағындық ағамыздың қамқорлығы туралы айтпай кету мүмкін емес. Иә, сол кездегі бүкіл облыс көлеміндегі журналистерді «жатқызып-тұрғызатын» облыстық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімін өзіміздің Сәкең – Сағындық Үсенұлы Қожамсейітов басқарған тұста журналистер қауымы да ол кісінің тікелей назарында болды. Облыстық басылымдармен қоса облыстағы жеті аудан, бір қаланың газеттерінің жағдайы, қызметкерлерінің кәсіби деңгейі, жазып жатқан тақырыпта-



ры, не керек, барлығы сүзгіден өткендей осы бөлім арқылы талданып, таразыланып отыратын. Оның үстіне еңбек жолын Ұлытау аудандық газетінен бастап, облыстық «Орталық Қазақстанда» меншікті тілші болған, мамандығы бойынша журналист Сағындық ағамыз партия обкомының жауапты қызметкері болғанымен, қалам ұстаған ағайындарды үнемі іштартып, оң қабағын білдіріп жүретін. Үгіт-насихат бөлімінің ұйымдас-тыруымен мамандардың біліктілігін жетілдіруге бағытталған оқулар және басқа да шаралар жүйелі өткізілетін. Соның ішінде журналистер қауымы жыл сайын әр өңірде өткізілетін жылжымалы лездемеге ықыласпен қатысушы еді.

Жанадан құрылған Ақадыр ауданының екі тілде шығатын «Ақадыр таңы» газетінде жауапты хатшы, редактордың орын-басары болып жүрген кездерімде Сәкеңмен осындай іс-шаралар үстінде кездесіп қалып жүрдік. Ширасын дей ме, кім біледі, редакторымыз Марал Хасенов кейбір облыстық жиналыстарға да ара-тұра өз орнына мені жіберіп алатын. Айтпақшы, Марал да алғашқы қалыптасу кезеңінен бастап «Жезқазған туы» газетінде еңбек еткен, обкомның ұйғаруымен жас ауданның жаңа басылымына редакторлыққа жіберілген ақмылтық журналистердің бірі болатын.

Ақадырға әбден сіңісіп, өз мамандығыма төселіп қалғанмын. Күзге салым аупарткомнан «Обком шақыртып жатыр, жедел жет» деген пәрмен келді. Алаң көңілмен: «Мәке, неге шақыртты екен?» – деп редакторымнан сұраймын. «Білмеймін, тез жетсін деп жатыр. Меніңше, саған редакторлық қызмет ұсынатын сыңайлы... Дәмеленбей-ақ қой, менің орныма емес, басқа жаққа болар», – деп күлді Марал әдеттегі әзілқойлығына басып. Сәл үнсіздіктен кейін: «Партияның ұсынысынан бас тартуыңа болмайды. Қайда жіберсе де келіс. Әйтпесе, сенің есеп кәртішкенді кейін ысырып тастай салады. Со-сын ешкімге керексіз болып қаласың», – деді енді салмақты ой тастап.



Бірден көз үйренген насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі Сағындық Үсенұлына бардым. Ұққаным – жақында обкомның біріншісі Давыдов: «Жас кадрлар қайда, аудандық газеттің редакторлары ылғи егде адамдар», – деп сын айтса керек. «Сені Приозерный ауданының «Ленин жолы» – «Ленинский путь» газетіне редактор етіп жіберуге ұйғарып отырмыз. Қазір үшінші хатшыға кіреміз», – десін Сәкен Әй-шәйға қаратпастан.

Сасайын дедім. Пленумдарда жазып алған сөзді заулатып оқып беріп жүргенге, орысшаға жүйрік деп жүрген болар деп: «Мен орысшаға шорқақпын ғой, екі тілді газетте істей алмаймын», – дедім қалай да бармасқа бекініп. «Орышаны қарайтын орынбасарың бар, қорықпа», – деп Қожамсейітов те қояр емес.

Үшінші хатшы Қалит Закирянов деген кісі болатын. Өзі сол жылы ғана келген жұмсақтау басшы еді. «Осындай жас кезде қызмет істемегенде, қашан істейсіндер?» – деп бірталай үгіттеді. Орысшасынан қорқатынымды айтып, мен де келісе қоймадым. «Ойлан» деп қайтарып жіберді. Бір он бес күннен аса бере қайта шақыртсын. Тағы сол әңгіме. Шыны керек, аса құлықты болмасам да, сіресе беруге ұялғаннан келістім. Бір жағы 7 жыл жұмыс істеп, бауыр басып қалған Ақадырдағы ортаны да қимаймын.

Осылайша Балқаш қаласымен аралас жатқан іргесіндегі Приозерный ауданының газетіне 1983 жылы редактор болып келдім. Сағындық Үсенұлының үйретіп жіберуімен аупарткомның бірінші хатшысы Толмазовқа кірдім «здрастыйымды» айтып. «Обкомның тапсырмасы бойынша сіздерге редактор болып келдім», – дедім партиялық тәртіппен тақ-тұқ етіп. Басын столынан баяу көтерген бірінші хатшы: «Мен редактор шақырған жоқпын, бара беруіңе болады», – десін. Ақадыр ауданының бірінші хатшысы, қауқылдаған, қарапайым Иван Кол-



басинге үйреніп қалған басым, Толмазовтың мына қылығын көрген соң тіптен салым суға кетсін. Жан дәрмен редакцияға келіп, Сағындық Үсенұлына қоңырау шалып, жағдайдың мәз еместігін жеткіздім. «Сен балалық жасап, кетіп қалып жүрме. Дәриға Анықбаеваға бар», – деп Сәкең де шыр-пыры шығып жатыр. Зордың күшімен жіберген редакторы ағаттық жасап, кетіп қалар десе керек.

Отыздағы албырт кезім ғой, «Мынау өзі шовинист сияқты ғой, мұндай қырсықпен жұмыс істегенше, кетіп қалғаным жөн болар» деген ойдан да аулақ емес едім. Содан, не керек, үшінші хатшы Д. Анықбаева ұжымға ертіп апарып, таныстырып, орныма отырғызды. Ерте қайтыс болып кетті, Дәриға десе, Дәриға дейтіндей, марқұм салмақты, тамаша адам еді. Біріншімен арадағы сол қырғиқабақ одан кейін де тарқай қоймады. Пленум сайын Толмазов газетті сынай келіп, маған соқтығады. Орыс газетінен бір қате кетсе аңдып отырады. Маңайында «Валентин Васильевич» деп құрақ ұшып жүрген жағымпаздары жеткілікті. Менің қолымнан олай жасау келмеді.

Бір жылдай жұмыс істеп үйреніскен соң үшінші хатшы: «Мен ана мәселені көтерейін деп жатырмын, бет бермекпін, дөңгелек стол ұйымдастырамын» деп ақылдасқан болып, алдына барып тұрыңыз. Сондайды жақсы көреді біздің бастық», – деп ақыл берген еді. Бірақ, өзі шақырмаса, мен өздігімнен алдына бармадым. Кейін білдім, сөйтсем, Толмазов редакторлыққа ұсынып, облысқа өз маңайындағылардан үш рет адам жіберіпті. Көбінің мамандықтары мұғалім немесе басқалай болса керек. «Мамандығы журналист болу керек» деп обком оларды бекітпей қойған ғой. Сөйтіп жүргенде тосыннан келген маған «мұның бір көкесі бар-ау» деп, оң қабақ танытпай жүрген екен.

Келгеніме екі жыл толған соң облысқа келген сайын Сәкең қыңқылдай бастадым. «Біріншіңіз күн беретін емес. Өзіңіз жі-



беріп едіңіз, өзіңіз құтқарыңыз», – деп. Содан облыстық газеттің партия тұрмысы бөліміндегі Мақұлбек Рысдәулетов партия мектебіне екі жылдық оқуға кетіп, обкомдағы үгіт-насихат бөлімінің ұсынысымен мен осы жетекші бөлімге меңгерушілікке шақыртумен ауысып келдім. Бұл 1985 жылдың қыркүйегі болатын.

Облыстық газеттің басшысы Сабыр Сауытбаев Солтүстік Қазақстан облыстық «Еңбек туы», өлкелік «Тың өлкесі» газеттерінде жауапты хатшы, редактордың орынбасары болып қызмет атқарған, «Жезқазған туына» 1973 жылы алғашқылардың бірі болып келген тәжірибесі мол журналист еді. Келгеннен бері орынбасар болып, редакторлық тізгінді қолға алғанына бір жылдай ғана болған Сабкеңнің ширыға еңбек етіп, газетті ширатуға барынша ден қоя бастаған кезі екен бұл. Аудандық газетте жүргенде де облыстық басылым бетінде мақаламыз жиі жарияланып, тығыз байланыста болатынбыз. Әлі есімде, тағы да сол обкомның ұйғаруы бойынша аудандық газеттің қызметкерлері облыстық газет редакциясында іс-тәжірибеден өту керек деген бастама енгізілді. Ұмытпасам, 1982 жылы болу керек, «Ақадыр таңы» газеті редакторының орынбасары едім. Тағылым алуға бір аптаға мені жіберді. Иссапарларға келіп жүргенде бұрыннан таныстығымыз бар Зайыр Шайқыстанов басқаратын насихат бөлімінде болудан бастадым. Марқұм Зәкеңнің ол кездері «Жезқазған туында» құлашқұлаш очерктерімен көрініп, оқырманға жақсы танылып жүрген кезі. Маған обкомның Трофимчук деген бір лекторының үлкен материалын орысшадан қазақшалауға беріп қойды. Көлемі салақұлаш мақаланы екінші күні әрең деп тәржімалап беріп едім: «Жақсы аударыпсың», – деп, шекесіне қолын қойды да секретариатқа жөнелтті. Тәжірибеден өтуіміздің түрі осы тәріздес болды. Сауытбаевпен сол кезден бері таныспыз. Сәлеміміз түзу болғанмен, қарамағына келіп қызмет істеудің



жөні бөлек енді. Редактордың бірінші орынбасары Сапабек Мырзатов, екінші орынбасары Көбейсін Еңсебаев, жауапты хатшы Балтабек Әбеуов сынды басшылардың есімдеріне де сырттай қанықпыз. Барлығы жарқын көңілмен, жатырқамай қарсы алды. Партия тұрмысы бөлімінің материалдарын редактордың өзі қарайды екен. Мұның өзі ерекше салмақ салғандай сезіндім.

Сайлаухан Нәкенов ағамыздың Қазақ радиосының Жезқазған облысы бойынша меншікті тілшілігінен «Жезқазған туына» қайтып оралғанына да шамалы уақыт болған екен. Ол кісі өнеркәсіп бөліміне, мен партия тұрмысы бөліміне меңгеруші болып обкомның бюросында бірге бекідік. Номенклатуралық деңгейдегі партия тұрмысы, насихат және өнеркәсіп бөлімдерінің меңгерушілері редакциялық алқаның мүшелері болып саналатын. Сайлаухан ағай маған жанашырлық танытып, ақылын айтып қояды. «Сен Жезқазғанға бекер келдің-ау, бұл жерде үй алу қиын. Жәйрем кен-байыту комбинатының газетіне редактор іздеп отырған көрінеді. Ауылыңа жақын, Жәйремге баруың керек еді. Әрі комбинат директоры Садық Асатов – өнер мен әдебиетке құштар азамат. Газет редакторына бірден үй алып береді», – дейді ой салып.

Қазақ радиосының тілшілігіне дейін газеттің мәдениет бөлімін басқарған, жауапты хатшылықты атқарған Сәкең шындығында редакцияның ішкі-сыртқы жағдайын жақсы білетін. Облыс ашылған алғашқы кездегідей емес, редакция қызметкерлеріне пәтер бөлудің саябырлап қалғаны да белгілі. Дегенмен, мен обкомның «переводымен» келгенімді көңілге тоқ санап, алған бетімнен қайта қоймадым. Облыстық газеттің мектебінен өтуді жөн көрдім. «Ұлытау өңірі» газеті редакторының орынбасарлығынан Нұрперзент Домбай да менен бір ай кейін облыстық партия комитетінің ауыстыруымен келіп, насихат бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалды. Айтса



айтқандай, үй алудың кезегі біз ойлағандай келе қоймады. Жа-  
тақхана жағалап бір жылдай жүріп қалдық.

Облыстық газетке мен келген күз айы партия ұйымдарын-  
дағы есеп беру-сайлау науқаны басталған кез еді. Обкомның  
бірінші хатшысы Давыдов және басқа да хатшылар мен об-  
латком төрағасы қатысатын жиналыстарға міндетті түрде  
бару керек. Ол туралы материалдар шұғыл жазылып, келесі  
нөмірге салынуға тиіс. Шыны керек, оңай болмады. Оның  
үстіне Жезқазған мен Сәтбаевтың үй құрылысы комбинаты,  
темір-бетон зауыты сияқты кейбір кәсіпорындарының қай  
жерде екенін де таба алмай, жиналыстан қалып қоймас үшін  
алғашқы уақытта такси іздеп шарқ ұрған сәттер көп болды.  
Сонымен қатар, пленум, партия конференцияларының мате-  
риалдарын редактордың орынбасарлары бастаған екі-үш адам  
тікелей машбюрода отырып «диктовкамен» айтамыз. Парт-  
комдардың жұмысын көрсету, белсенділердің іс-тәжірибесін  
тарату сияқты жоспарлы жұмыстар және бар. Кәсіподақ пен  
комсомол да осы бөлімде. Газет аптасына бес рет шығады.  
Апта сайынғы лездемеде шолушылар әр материалға шұқшия  
шүйлігіп, талдайды-ай келіп. Мүйізі қарағайдай журналис-  
тердің де жазғаны олқы соқса, ешкімнің бетіне қарап жатпай-  
тын. Шындығы айтылады. Әр лездемеден шындалып, ширьға  
түсесің. Совет құрылысы бөлімін басқаратын Серікгүл Ал-  
тайбаева, хат бөліміндегі Ескен Қасенов ағай, ауыл шаруа-  
шылығындағы Сұлтан Әлиев, мәдениет пен өнер бөлімінде-  
гі Шахмұрат Ибадатов, ақпараттағы Бақыт Балғарина сынды  
әріптестерімізбен аралас-құралас болып, тіл табысып кет-  
тік. Өнеркәсіп бөлімінде аз уақыт меңгеруші болған Сайлау-  
хан Нәкенов келесі жылы редактордың орынбасарлығына  
ауысқанда, орнына бір ауыздан Әлібекті ұйғарған-ды.

Ол кездегі тілшілер қауымы да осал емес. Батырбек Мыр-  
забеков, Әлібек Әбдірашев, Қасым Орынбетов, Дәметкен



Ахметова, Сара Смағұлова, Рәзиға Әшеева, Сағынкүл Жантурина, Сәуле Нүрекенова сияқты қалам қарымдарымен ерекше көрініп жүргендер еді. Бұлар сол кездің өзінде кез келген бөлімнің құлағынан ұстауға дайын отырған журналистер болатын. Редакцияның штабы саналатын секретариатта Төлеш Асанов, Мәулетхан Ақсанов, Бибіаят Үсенова отырды. Кейін олардың қатарына Бекежан Нұрғазин деген азамат келді. Балқашта Шәкен Мұсаханов, Ақтоғайда Қасымқан Қаленов, Жаңаарқада Қалиакпар Әбілдин деген меншікті тілшілеріміз өңір тынысын мүмкіндігінше жеткізіп отыратын.

Бір айтарлығы, редакция жұмысының қайнаған қазаны сияқты, біреу келіп, біреу кетіп дегендей, журналистер қатары да үнемі жаңарып, толығып жататын. Өзіндік қолтаңбалары қалған жігіттердің көбі есімізде. Телевидениеден Аманжол Үсенов ағамыз, 1988 жылы «Торғай таңынан» Ибрагим Бекмаханов, Жаңаарқадан ақын Ғалым Жайлыбаев, Көкшетаудан 1990 жылы Абдолла Дастанов, Қарағандының «Орталық Қазақстанынан» Базарбай Әлеуханов, мұғалімдіктен Ғазиз Ештанаев, баспасөздегі құпияны сақтау қызметінен Қуаныш Сихынбаев, Шет ауданының газетінен Жағыпар Қарабалаев, Камаш Сейталиға, жазушы Төкен Әлжанов келіп, ортамыз толған кездер болды. Жергілікті жоғары оқу орнының тіл-әдебиет факультетін бітірген соң редакцияға келіп еңбек жолын бастаған Әнуар Омаров пен Асылхан Сәдуақасов та – «Жезқазған туынан» қанаттанған азаматтар. Сол ыстық ұядағы әсерлі кездерін бүгінге дейін ұмытпай, кездескенде риза көңілмен айтып жүреді.

Фототілшілер де есте. Газеттегі суреттің маңыздылығы сонша, екі фототілші болатын. Кәмілбек Бәкіров пен Сейтжан Отызбаев. Кәмекеңмен талай іссапарларға бірге шығып едік, марқұм өмірден ерте кетіп қалды. Кейін моңғол елінен келген журналист Қуандық Шамақай деген азамат жылға толар-толмас бізде істеді.



Ұжымда қатарлас жүрген ұстаздарымыз көп болды. Бас редактордан бөлек жауапты хатшы Балтабек Әбеуовтен бағыт-бағдар алып, үйренгеніміз аз болған жоқ. Балтекең үнемі ізденіп, жаңа тақырыптарды көтеруге, өткір жазуға бейім тұратын. Бізді де соған бағыттап маза тапшайтын. Редактордың орынбасарлары Сайлаухан Нәкенов пен Сапабек Мырзатов, партия мектебінен соң ортамызға оралып, жауапты хатшы болған «шон» журналист Мақұлбек Рысдәулетов сияқты аға буын өкілдері қолға алған дүниені тартымды да кесек жазудың қыр-сырына біршама бойлатып бақты. Редактор тарапынан да бөлім жұмысынан тыс, шұғыл тапсырмалар болып тұратын.

Бірде Сабкең кабинетіне шақыртып, обком жақтан оралса маңғазданып, әр сөзіне үлкен мән бере сөйлейтін әдетімен: «Жезді ауданының потребсоюзына келген үнді шайын басшылар бөліп алған көрінеді. Обком сол жөнінде тез арада әшкерелейтін фельетон жазындар деп тапсырма берді. Соған сен барып кел», – деді. Сын мақаланың кімге болсын жайсыз тиетіні белгілі. Дау-дамайы көп болады. Соған орай әрбір сөйлескен адамнан түсініктеме жаздырып алып, істің мәнін бажайласам, бас-аяғы бір жәшік шайды саудаға түсірмей, банкіге апарып бөліп алған. Ішінде аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары, банк басшысы сияқты лауазым иелері бір-екі килодан алған.

Жоғары жақтың тапсырмасын орындау керек, келе сала «Қолынан келді, қонышынан басты» деген фельетон жаздым. Бүгінгі көзқараспен қарар болсақ, түкке тұрмайтын күлкілі жағдай. Ал ол уақытта партия арыз-шағымға сергек қарайтын. «Ұлытау» кеңшарының бергі бөлімшесінде тұратын бір апайдан аудан басшыларының үстінен шағым көп келетін. Ол туралы да тексеріспен айналысып, «Бір хаттың ізімен» деп айқайлатып жазып жүрген кездер болды.

«Жезқазған туының» тағы бір ерекшелігі, мұнда кейбір басылымдарда кездесетін айтыс-тартыс, дау-дамай деген болған



жок. Ұжымның бірлігі жақсы болды. Тек жоғарыға түскен бір домалақ арыздың салдарынан Сапабек Мырзатовтың қисынсыз зардап шеккені есімнен кетпейді. Отбасындағы жағдайын тілге тиек етіп біреу арыз айдаған. Партияның қайта құруы дәуірлеп тұрған кез. «Партия жиналысында қараңдар» деп обкомнан пәрмен түскен. «Партиялық сөгіс беріліп, қызметінен алу обком партиядан сұралсын» деген жиналыстың хаттамасының өзі жоғары жақтың айтуымен алдын ала белгіленіп қойылған ғой. Сөйтіп ешқайсымыз Сапекенді ақтап алатын шешімді сөз айта алмай, жоғарғы жақтың айтқанына жығып бергеніміз өкінішті болып еді.

Еңбек жолын аймақтағы алғашқы басылымдардың бірі «Қызыл кеншіден» бастап, «Строитель Большого Жезказғана», «Советтік Қарағанды» газеттері мен телерадио хабарлары жөніндегі комитетте жұмыс жасаған С. Мырзатов көпті көрген, көңілге түйгені мол салиқалы адам еді. Алғаш келген кезімде әріптестердің біразы: «Ойбай, Мырзатовтан байқа», – дегенге мен жайсыз адам ба деп ойлайтынмын. Сөйтсем, тәртіпті, әділдікті жақтайтын дұрыс басшы екен. Кейбіреулер сол тікмінезділігінің «екпінінен» қаймығады-ау деймін.

Кейін мен «Мысты өңір» газетінде бас редактор болған кезде осындай өзіммен етене бірге жұмыс істеген, Жезқазған аймағындағы журналистика мектебін қалыптастыруға еңбектері сіңген, бүгінде арамызда жоқ танымал журналистердің есімдерін жаңғырту мақсатында орынбасарым Абдолла Дастанов екеуміз бірлесіп бес номинация бойынша шығармашылық бәйге жарияладық. Әр салаға қатысты тақырыптарды қамтыған 2010 жылғы баспасөз күні қарсаңында мәреге жеткен осы бәйгеде кезіндегі «Жезқазған туының» сардар журналистері Сабыр Сауытбаев, Сапабек Мырзатов, Сайлаухан Нәкенов атындағы сыйлықтар болған еді. Осы шығармашылық конкурсқа бір шеті Балқаш, Теміртау, енді бір жағы Ұлытау өңірлерінен



бас-аяғы отызға тарта мақала түскен болатын. Қалған екі номинациядағы сыйлықтардың бірі көзі тірісінде «Сарыарқа» газетінде Ұлы даланың Ұлытауы туралы тарихи мақалаларын үзбей жариялаған қажырлы қаламгер Қуаныш Ахметов атындағы болса, екіншісі қалалық газеттің таралымын ұйымдастыруда ерекше еңбегімен танылған журналист Ақылбек Шайхы ағамызды еске алуға арналды. Біз марқұмдардың рухына қолдан келер осы шаралар арқылы бас иіп, есімдерін ел есіне сапып, жаңғыртқан едік.

Қаламгерлердің қуатты шоғырын қалыптастырып, ел жүрегіне жақын басылымға айналған «Жезқазған туы» газетінің атауы облыстық Кеңес сессиясының шешімімен 1990 жылдың желтоқсанында «Сарыарқа» болып өзгертілді. Бұл халқымыздың ұлттық құндылықтарымызға бет бұрып, саналарының оянып, салт-дәстүрлеріміздің қайта жаңғыра бастаған үлкен өзгерістер алдындағы кезең болатын. Тәуелсіздік таңы шуағын шашар қарсаңындағы қоғамдық ой-сананың жаңғыруы, ұжымдық шаруашылыққа ұйысып келген қазақ даласы үшін таңсық дүние – нарықтық қатынастардың келуі, жаңа экономиканың бүгесі мен шігесі, ана тіліміздің өгей күйден арылып, төрге шығуының қам-қарекеттері туралы толғана жазуымен «Сарыарқа» оқырмандардың көңіл төрінен орын алды. Содан бері де ширек ғасырдан асатын уақыт артта қалып, талай өркенді өзгерістерді өткеріппіз. Жезқазған облыс мәртебесін қайтадан Қарағандының қолына тапсырды. Жаңа облыс ашылғанда жер-жерден жиналған журналистер де өз өңірлеріне қарай бет бұрды. Алайда Жезқазғанда қалыптасқан үлкен мектептің үлгісі осындағы көптеген әріптестеріміздің бойында сақталып қалғаны анық. Олай болса, жақсы дәстүрлер жалғасын таба берсін дейміз.

**Амандық РАХҰЛЫ,**  
**Қазақстан Республикасы Ақпарат саласының үздігі.**  
*«Сарыарқа», №13, 06.04.2018*



## ЖАҚСЫЛАР МЕН ЖАЙСАҢДАР ЖАЙЛАҒАН ЖЕР

*Қазаққа Ұлытауды, Қарсақбайды айтып таныстырудың қажеті шамалы. Ұлтымыздың ұясын, қазақ өндірісінің қарашаңырағын білмейтін қазақтың «қазақпын» дегеніне күмәнмен қарау керек. Қаны – қазақ, жүрегі – қазақ азамат реті келсе, осы өлкенің тым болмаса бір мәрте топырағын басып, суын ішіп, ауасымен тыныстай алса, өзін нағыз бақытты адам сезінері хақ. Өйткені Ұлытау мен Қарсақбай – ұлтымыздың байырғы һәм бүгінгі тарихы. Бұл топырақтан бабалар ізін көруге болады. Өз басым оңтүстіктің тумасы болсам да, осы өңірдің бел баласына айналып кеткенімді тағдырымның ерекше тартуы деп білемін.*

Ес біліп, етек жинап, ат жалын тартып мінер шаққа жеткеннен бастап «Қазақ хандығында Хандар ордасы болған қасиетті Ұлытауды, қазақ жұмысшы табының қарашаңырағы Қарсақбайды көрсем» деп армандайтынмын. Соның сәті 80-жылдардың бас кезінде түсті. Өйткені қарсақбайлық Айтқадыр Тілеуовпен бірге оқыдым, оның ізін ала оқуға түскен Төлеш Асановпен де көңіліміз жарасып, достасып кеттік. Ол жігіттер мені өздері туып-өскен өлкеге қонаққа шақырды. Мен студенттік өндірістік тәжірибеден өтуге жолдаманы облыстық «Жезқазған туы» газетіне алдым. Бір жағы жұмыстамын, бір жағы қонақтамын. Жазғы мезгілде, каникул уақытында Ұлытау, Қарсақбай, Жезді, Жезқазғанды және т.б. жерлерді армансыз аралаған күндер бүгінде тәтті сағынышқа айналған.

Бұл 1981 жыл болатын. Алматыға оралатын уақыт келгенде газеттің сол кездегі бас редакторы марқұм Ұ. Төлеуов ағамыз:



«Аманғали, басың бос бойдақ екенсің, оқуыңды бітірген соң, ел жағында қарайлайтын шаруаң болмаса, бізге келсей. Мұнда көріп жүрсің ғой, қыз-келіншек жағы көбірек, ал редакцияда мүмкіндігінше ер азаматтардың көбірек болғаны дұрыс қой», – деді. Ағаның сол сөзі ойымнан шықпай қойды және маған Жезқазған халқының қарапайымдылығы, кісіні бөле-жара қарамайтын бауырмалдығы ұнаған болатын, оқу бітіретін кезде жолдаманы Жезқазғанға сұрадым.

«Жезқазған туы» газеті редакциясының ұжымы азамат, журналист болып қалыптасуыма ең көп ықпал еткен, менің өмірімдегі ең үлкен мектебім болды. Алғашқы күндерден-ақ тәжірибеден өтуге келгеннен таныс Ескен аға, Қасым, Сабыр, Балтабек, Сайлаухан, Батырбек, Мақұлбек, Кәмілбек ағалар, кейінірек Көбейсін аға, сол сияқты Дәметкен, Серіккүл, Рәзиға, Базаркүл, Орал, Мәкен, Сағынкүл, тағы басқа ұжымдағы әпкелерден көп көмек көрдім. Кәсібіме қатысты ғана емес, өмірге қатысты да ақыл-кеңестер алып, тәлімін тыңдадым. Шахмұрат, Сара, Бибаят, Сәуле, Әлібек, Бақыт, Гүлбаршын сияқты құрдас-қатарластарыммен де тез тіл табысып, бірге жұмыс жасап, жастықтың жалынды күндерінде қатар сайрандадық.

Газет редакторының орынбасары, өз арамызда «сталиндік кадр» атанып кеткен Сапабек Мырзатов көке туралы ерекше ықыласпен үнемі еске алып жүремін. Ол кісі өндірістік кент Қарсақбайда өскен, сталиндік кезенді естияр кезінде көрген, өзі де әділдігіне жүгінетін, бірбеткей, бірақ жастарға үлкендік қамқорлығы көп азамат еді.

Сапекенді айтқанда бір оқиға үнемі еске түседі. Жас кезіміз ғой, аздап сөздің жақсы мағынасындағы қиялилау кезіміз. Бірде жазған әзіл әңгімеме әл-Фарабиге еліктеп «Аман-Ғали ибн Сейд-Ахмед ибн Әбу әл-Созақи» деп қол қойдым. Бөлім меңгерушісі менің мұнымнан еш оғаштық көрмеген қалпы Сапе-



кеңе тапсырады. Алдына келген материалдарды қарап отырып, шұбатылған фамилияны көріп, «шошып кеткен» Сапекең әр кабинетке барып: «Бізде мынандай автор бар ма?» – деп сұрайтын көрінеді. Содан Сара Смағұл болса керек, «әл-Созақидың» кім екенін айтыпты. «Сені Мырзатов шақырып жатыр», – дегесін кабинетімнен кабинетіне жеткенше «Не бүлдіріп қойдым екен?» деп әртүрлі ойға берілдім. «Әй, мынауың не?» – деген Сапекең алты атаудан тұратын аты-жөнімнің мәнісін сұрады. Ақырындап отырып түсіндірдім. Жарықтық, мәселенің мәнісін білгенде, рахаттанып тұрып бір күліп алды. Сосын: «Шұбырта бермей, Аманғали әл-Созақи десең де жетеді ғой», – деп «псевдонимімді» қысқартып тастады. Содан редакцияда «әл-Созақи» атанып кеткенім бар.

Тағы бір ерекше көкем – қаламы қарымды журналист, жазғанда желдей жүйткіп кететін, желдірте, желпінте жазатын жазушы, жарықтық Апекең – Апбаз Қаражігітов еді. Ол кісімен де көп бірге жүріп, біраз нәрсе үйрендік. 1992 жылы Алматыда Дүниежүзі қазақтарының тұңғыш Құрылтайын шақырғанда Жезқазған облысының «Азат» қозғалысының төрағасы ретінде сол жиынға делегат болып сайланып, қатыстым. Құрылтай делегаттары – шетелдік қандастар бірнеше күн бұрын келіп Ұлытауға тәу етіп, барлық делегаттар Алматыда екі күн жиын өткізіп, одан ары Түркістанға бет алдық. Пойыздың бір купесінде Апбаз көкем, Қайырбек Сәдуақасов, арқалы ақын Шынболат Ділдебаев төртеуіміз бірге бардық. Орта жолда тамбурда шылым шегіп тұрсам, қасында екі адамы бар Апекең келді. Келе: «Әй, Аманғали, мыналарға айтшы, мен Аппаз Қарамын ғой», – деді. Түкке түсінсем бұйырмасын, бірақ сөз саптасынан бір жағдайдың болып қалғанын ішім сезе қойды да: «Ия, көке, сіз Апекеңсіз, біздің делегацияның үлкенісіз ғой», – деп сөзіне мақұлдау таныттым. Апекеңнің қасындағы екеу қолдарындағы қағаздарына бір, бізге екі қарап, ақыры иықтарын қиқаң еткізді де, келесі вагонға қарай бет-



теді. Сөйтсем... Аппаз көкем бір адамдай қулығы болса да, негізі аңғалдығы басымдау адам еді ғой. Әлдекім ол кісіні «Түркістанға тек шет елдерден келген қазақтар ғана барады екен, жергілікті қазақтарды вагоннан түсіріп жатқан көрінеді» деп сендіріп қойыпты. Сөйтіп жатқанда, делегация құрамындағы адамдарды түгендеп жүрген биліктің адамдары келіп қалған. «Қоянның қашуына мылтықтың басуы» дей ме мұндайды?! Апекең қорқып кетіп, әлгілерге: «Мен Түркиеден келе жатқан Аппаз Қара» деген қазақпын», – деген ғой. Ал тексерушілер соның алдында, шамасы, нағыз Аппаз Қараны да жолықтырған ба, «Бұ неғылған қаптап кеткен Аппаз Қаралар?» деген болу керек, менен келіп нақтылағандарына қарағанда. Сөйтіп, Апекең көкем «Аппаз Қара» атанған еді.

Ойымда ештеңе жоқ, Жезқазғанға келгесін осы әңгімені жігіттерге айтпаймын ба? Мүмкін соны басқашалау етіп жеткізді ме екен, Апекең маған кәдімгідей қатты ренжіді. Амандаспай алты ай жүрді. Көңілінің қалғаны соншалық, амандассам, сәлемімді алмайтын. Жарты жыл дегенде айыбымды жуып-шайып, көкемнің құшағына қайтадан еніп кеттім ғой. Жаны жаннаттан жай тапқыр Апекем-ай! Ұлы топырақтың ұлағатты перзенттерінің бірі еді ғой...

Өртүрлі газеттерде қырық жылдай еңбек ете жүріп «Жезқазған туы» газетінің редакциясындағыдай жайсандар мен жақсылар тоғысқан ұжымды көрмедім. Шағын естелігімде есімдері аталмай қалғандар болса, ғафу өтіне отырып, жалындаған жастығымнан ұлтшыл азаматқа айналуымның ұясындай болған төл газетімнің мерейтойымен барлық оқырмандарын, сонау 1973 жылдан бері еңбек еткен, бүгінде еңбек етіп жүрген журналистерді, техникалық қызметкерлерді шын ниетіммен құттықтаймын! Оқырманың көп болсын!

**Аманғали ӘБУОВ,**  
**«Жезқазған туы» газетінің бұрынғы қызметкері.**  
**«Сарыарқа», №14, 13.04.2018**



## МЕНИҢ МЕКТЕБИМ

Облыстық «Жезқазған туы» газеті редакциясының табалдырығын тұңғыш рет 1981 жылы жазда аттадым. Ол кезде Алматыдағы Қазақ мемлекеттік университеті журналистика факультетінің 2-курс студентімін. Басқа факультеттерді біле қоймадым, ал журфак өз студенттерін өндірістік тәжірибеге 1-курстан бастап бес жыл бойы жіберетін. Алғашқы тәжірибемді өзім түлеп ұшқан, КазГУ-ге үкілі үмітпен шығарып салған Жезді аудандық «Октябрь туы» газетінің редакциясында өткізгенмін. Енді, міне, таныс та бейтаныс облыстық газет редакциясына өзімнен бір курс жоғары оқитын жерлес досым Айтқадыр Тілеуовтің арқасында танысып, ендігі айырылмастай дос болып кеткен Аманғали Әбуовпен келіп тұрмын. Бас редактор Ұзақбай Төлеуов біздің келісіміздің мән-жайын білгеннен соң, хатшы қызды шақырып алып: «Үлкен мұрт пен кіші мұртты ертіп кел», – деді. «Үлкен мұртты» газеттің жауапты хатшысы Балтабек Әбеуов екен де, «кішісі» жауапты хатшының орынбасары Шахмұрат Ибадатов болып шықты.

– Мына жігіттер практикаға келіп отыр екен, – деді Ұзекен марқұм екеуіне көзілдірік үстінен бажайлай қарап. – Баяғыда біз де осылардай болдық, алайда ол кездері редакциялардың қазіргідей жағдайы болған жоқ. Сондықтан ондап көмектесе алмады, ал біз көмектесейік, қолдайық болашақ ізбасарларымызды.

Сөйдеді де, екеуімізді де екі ай бойғы өндірістік тәжірибе уақытында штатқа жұмысқа алуға және қаламақыны жақсылап төлеуге тапсырма берді.

Міне, облыстық «Жезқазған туы» газетінің редакциясы ұжымымен алғашқы таныстығым осылайша көңіліме мәңгі



*Облыстық «Сарыарқаның» бұрынғы қызметкерлері  
Мақұлбек Рысдәулетов пен Дәметкен Ахметованың  
газетіміздің 30 жылдық тойына Тараздан арнайы келіп,  
сый-сияпат жасап тұрған сәті*

ұмытылмас шуақ құядан басталған еді. Адамшылықтың бір парасы өзгеге жақсылық, қайырымдылық жасау екендігін сол жолы көкірегіме қапысыз түйдім ғой деп ойлаймын. Өзімнің де кейіндері редакциялар тізгінін қолыма ұстап, басшылық жауапкершілікке жегілген уақыттары адамшылық бағыттан бұрылмауға күш салуым осы бір оқиғадан да арна тартқанын жоққа шығарғым келмейді.

...Осыдан кейін де «Жезқазған туында» қатарынан екі жыл өндірістік тәжірибеден өттім. Екінші келгенде қасымда курстас досым, бүгінде елімізге белгілі журналист, Президент сыйлығының лауреаты, «Егемен Қазақстан» газеті құқық бөлімінің меңгерушісі Александр Тасболатов болды. Ал үшін-



ші келгенімде шығармашылық ұжымға әбден етене, тонның ішкі бауындай аралас-құралас болып кеткендей болғанымды анық сезгенмін. Оқуымды аяқтаған соң еш жаққа бұрылмастан, осы редакцияға келіп жұмысқа тұратыныма қапысыз сеніп те алғанмын. Ол ойымды журналистердің барлығы әрі ығып, әрі қатты сыйлайтын газет басшысының бірі – редактордың бірінші орынбасары Сапабек Мырзатовтың: «Бесінші курсыңды сырттай бітірерсің, бізде жұмыста қал», – деген сөзі де бекіте түскен.

Дегенмен, қолыма диплом алғаннан соң бір жыл ұшқан ұям – «Октябрь туында» жұмыс істеуіме тура келді. Кейін білгенімдей, облыстағы әріптестері аудандық газет басшысы, менің алғашқы редакторым Ишекеңнің – Ишанбек Жауыртаевтың: «Ең болмаса, бір жыл бізде жұмыс істесін», – деген тілегін жерге тастай алмаған...

Бір жыл бойы «Жезқазған туы» қайдасың, қашан енді?!» деп алаңдап келген көңілдің уанышы 1985 жылдың күзінде мүмкін болды. Алайда «Өндірістік тәжірибе кезіндегідей ауылдар мен өндіріс орындарын емін-еркін аралып, суреттемелер мен очерктерді бұрқыратармын» деп келген көңілім су сепкендей басылған. «Бас штабтың» басшысы Балтабек Әбеуов: «Төлешті маған беріңіздер», – деп жата жабысты. «Мен жазатын адаммын ғой, қарайып қалмаймын ба?» – деген уәжім Балтекеңнің темірдей тегеурінді тілек-талабының тасасында қалды. Сонымен, не керек, қолыма строкомерді ұстап, секретариат жұмысына кірістім де кеттім. Әрине, кейін тағдырдың осы бір жазуы үшін сан мәрте алғыс айтарымды ол сәтте білгенім жоқ...

Балтабек Әбеуов – хас шебер қалаған кірпіштей әр сөзін, әр сөйлемін ширата өріп, қайтып суырылмастай шегендеп тастайтын, айтар ойын бұлталақтап жүріп алмай, санаға шеге қаққандай жеткізетін нағыз публицист-қаламгер болып



шықты. Өзімді публицистиканың көркем шығармалармен шектес жанрларына қалам сілтеуге бейіммін деп санайтын маған бұл қатты әсер етті. Жалпы, мақтанғаным емес, мен аралас-құрмалас сөйлемдерге, ауыр ойларға «құмар» болсам да, басы артық сөз, сөйлемсіз бір тыныс, бір деммен жазуға бейімдеу сияқты едім. Ол – Ишанбек Жауыртаевтың мектебі болатын. Енді Балтекеңнің жазу мәнері жазу машығыма тағы бір қайта сын көзбен қарауға итермелеген.

Секретариат – «бас штаб» десе дегендей, редакциядағы жұмыстың нағыз қайнаған жері. Газеттің бейне-бітімі, кескін-келбеті; әр нөмірдің тақырып-мазмұны; сауат деңгейі – бәрі-бәрі секретариат жұмысына тікелей қатысты болатын. Секретариаттың бір өзінде басшысы мен қосшысы бар оннан астам адам жұмыс істейтін. Балтекең соның барлығын мінсіз басқарып, мінсіз үйлестіреді. Ол топтамаларға, арнаулы және айқарма беттерге ортақ тақырып (шапка) қоюда алдына жан салмайтын. Ел өміріндегі айрықша оқиғалар тұсында, ауыл шаруашылығындағы науқандар уақытында, өндірістегі елеулі жаңалықтар кезінде «Жезқазған туының» бірінші беттері топтамаларсыз шықпайтын және ортақ тақырыптары ешқашан бірін-бірі қайталамайтын. Осының барлығының басында, қажет болса, редакцияда күндіз-түні жүруге бар Балтабек Әбеуов тұратын. Оның газет үшін беріле жұмыс істейтін және қандай да қиындықтан қашпас қасиеті маған үлгі болды. Ал секретариаттағы жұмыстың өзі бір ғана жақсы жазу машығы аздық ететін газет шығару ісіндегі барлық үдерістердің қалтарыс-бұлтарыстарын игеруіме, сөйтіп осы саладағы келешегіме мықты тұғыр жасауыма берік негіз қалады.

Секретариатта бес-алты жыл жұмыс істегеннен соң, 90-жылдардың бас кезінде облыстық газеттің хат және бұқарамен байланыс бөлімінің меңгерушілігіне және редакция алқасының мүшелігіне тағайындалдым. Бұл Сапабек Мыр-



затов, Сабыр Сауытбаев, Ескен Қасенов, Апбаз Қаражігітов, Сайлаухан Нәкенов, Қасым Орынбетов, Балтабек Әбеуов, Көбейсін Еңсебаев сынды аймақ журналистикасының негізін қалаушылар еңбек ететін аса әлеуетті шығармашылық ұжымның отыздың о жақ, бұ жағындағы мен секілді жас маманға жүктелген үлкен сенімі мен зор жауапкершілігі еді.

Бұл бөлім де, аракідік арыз-шағымның соңынан іссапарға шығатының болмаса, басқа бөлімдердегідей құлашты кеңге сермеп жазуға мүмкіндік бере бермейтін. Негізінен оқырман хаттарымен жұмыс істейсің. Елеулі төңкеріс жасап тастамасақта, жаңадан бірнеше айдар аштық. Оның бірі – «Ой түбінде жатқан сөз...» бірінші беттен түпкілікті орын тепті. Оқырман хаттарының ешқайсысының да назардан тыс қалмауына баса көңіл бөлдік. Егер барлығын бірдей жариялау мүмкін болмаған жағдайда, олардың негізгі айтпағын мазмұндап, шолу жасауды жүйелі жолға қойдық. Қайткенде де оқырман хатынан тиісті органдар хабардар болып, ол бойынша қажетті шара қолданылуына қол жеткізу болды мақсатымыз. Ол кезде редакциядан жолданған хаттың кез келгені биліктің қандай тарабынан болса да жауапсыз қалмайтын.

Көбіне шалғайға шыға алмасам да, ол кезде облыс орталығы болып табылатын Жезқазғанда күн сайын дерлік орын алып жататын қым-қуыт оқиғалардан репортаж, суреттеме жазып, қаламызға сапарлап келетін белгілі тұлғалардан сұхбаттар алу мүмкіндіктерін құр жібермеуге тырысып бақтым. Және өзім жазған дүниелер мен бөлім дайындаған топтамалардың барлығын дерлік макетке өзім түсіріп беретінмін. Бұл, әрине, секретариаттың жұмысын жеңілдеті түсетін. Оған газеттің сол кездегі жауапты хатшысы Мақұлбек Рысдәулетов дән риза.

Туған ағамдай болып кеткен Мақаң – денесіне сай мінезі де аса кең, арамдықтан ада, аңқылдаған, кей кездері салдырлап



та кететін, «бас штабты» өзіне дейін басқарған Балтекендей емес, «ұсақ-түйекке дейін мән беру керек» дейтін принципті мойындай қоймайтын батыршалыс мінездің иесі еді.

Ол кезде қазіргідей интернет жоқ, партия съездері мен пленумдарының материалдары телетайппен келіп түседі. Баяғы патшалардың грамоталарындай, жазып жіберсең ұзыннан-ұзын төгіліп түсетін қағаздағы мәтіннің бас қаріптерін белгілеп, көлемін есептеуің керек. Сонда ащы ішектей шұбалаңдаған қағаздағы мәтіннің жолдарын бір-бірлеп есептеп отыруға Мақаң шыдамайды да, бырғиған дәу саусақтарын жазып жіберіп, қарыстап өлшей жөнеледі. Онысын бір күні редакторымыз Сабыр Сауытбаев көріп қалып, қатты ашуланғаннан желкесіне дейін қызарып кеткен. «Ей, Мақұлбек, мынауың не ойын, бұл съездің материалдары ғой, дұрыстап есептемеймісің?!» – деп ол кісі кейіп те, күйіп те жатса, Мақаң: «Сәке, менің қарысым – алпыс жол, нанбасаңыз, мына Төлештен сұраңыз», – деп еш саспастан, «қырық алпыс, қырық бір алпыс...» деп қарыстауын одан әрі жалғастырып кете берген. Әрине, Мақаңның есебінің «нәтижесінде» газеттің жарты бетіне дейін не артылып, не кем шығып жатады...

Неге екенін білмеймін, сол Мақаңмен қатты әзілдесіп, сол Мақаңа інісіндей еркелегім келіп тұратын. Ал ол мені қасынан тастамауға тырысушы еді...

Бір күні секретариатқа салмағын екі аяғына кезек тастап, қос қолдай ұстаған қағазы бар Сапабек Мырзатовтың өзі кіріп келді. Жайшылықта редактордың өзімен әзілдесіп жүре беретін журналистер Сапкеңді көрсе бірден ығып сала беретін. Шындығында ол кісі жазғаныңа өте қатал қарап, әрбір материалды қатаң тезінен өткізетін. Сондықтан оның қарауынан өткен мақалада ешбір мін болмаушы еді. Бірақ та сол мінсіз мақалаға қолдарын жеткізгенше журналистер бір қабат терлерін сылып беретін. Міне, сол қатал Сапкең жауапты хатшы-



ның қос орынбасары отырған бөлмеге кіріп келді де, Мәулетханға қарата: «Әй, Ақсанов, мынау бір қауым елдің қанын сен сорып алдың ба, «қансыз қалды» дегенің не сөз?!» – деп дүрсе қоя берді әріптесіме.

Мәулетхан біртоға, сыпайы, ешкімге де дауыс көтеріп жатпайтын, қатты ашуланғанның өзінде бұрқ етіп қана басылатын, ішкі мәдениеті басым жігіт болатын. Қатаң басшының тұтқиылдан дүрсе қоя беруі Мәкеңді абдыратып тастады. Орнынан атып тұрғанымен, аузына сөз түспей, алақтады да қалды. Басында жүрегім «су» ете түскенімен, қауіптің өзімнен біржола ауғанын ішім сезді де еріксіз күліп жібере жаздадым. Шындығында ол менің аудармам еді.

Телетайптан шет елдің, Одақтың және Қазақстанның жаңалықтары фотохабар түрінде де келіп жатады. Мәтіні, әрине, бірыңғай орысша. Оларды біз азды-көпті қаламақы табу үшін өзіміз аударамыз. Мына фотохабарда шетелдің бірінде табиғи апат болып, мыңдаған адам баспанасыз қалғанын жазған ғой. Сондағы «остались без крови» деген сөйлемді күдіктене отырып, бірақ тым асығыс болғандықтан «артынан анықтармын» деген оймен «қансыз қалды» деп аударып жібергем. Қауырт шаруалар араласып кетіп, дер кезінде жөндеуді ұмытқам. Ол, міне, қашан да қырағы, қалт еткен қатені қапы жібермейтін Сапкеңнің – сол күнгі нөмірдің кезекші редакторының назарына келіп «сүрінді».

Сапкең Мәулетханнан жөпелдемеде жауап ала алмасын сезген соң, қолын бір сілтеді де бұрылып кете барды. Тек «Дереу жөндеңдер!» деген сөзді кетіп бара жатып, артына бұрылмастан нығырлап айтты. Мәкең «уф» деп терең тыныс алып, маған сұраулы жүзбен қарады да, артынша орнына жайғаса бере басын шайқап күліп жіберді. Онсыз да күлкі қысып отырған менің тығыным атылып қоя берген. Осы оқиғадан кейін екеуіміз де аудармамызға аса мұқият қарайтын болдық – бір



ғана сол шағын көрініс санамызда ұмытылмастай жатталып қалды.

Сол 80-жылдардың аяғы, 90-жылдардың басында көркем әдебиет, оның ішінде проза ауылының есігін бағып, жабдығынан сығалай бастадым. «Бәйге күрең» деп аталатын алғашқы әңгімем, әрине, алдымен облыстық «Жезқазған туына», содан соң республикалық «Жұлдыз» журналында басылды. Әріптестерім жылы қабылдап, қолымды қуана қысып жатты. Кейін «Боздау» деп аталатын көлемді әңгіме жазып, алдымен редактордың бірінші орынбасары Көбейсін Еңсебаевқа оқуға бердім (мәдениет, әдебиет тақырыбындағы материалдарды үстінен қарап, өндіріске жолдама беретін Сайлаухан Нәкенов ағамыз болмай қалды-ау деп ойлаймын).

Әлі есімде, фойеде он шақты журналист темекі тартып, гулдесіп тұрғанбыз. Көбеағам қабылдау бөлмесі жақтан есікті серпе ашып шықты да: «Оу, жігіттер, сүйінші, бізде де бір Шыңғыс Айтматов келді дүниеге!» – деп жұрттан асыра жарқын реңде дауыстап жіберді. «Көбеке, беріңізші, біз де оқиық», – деп жармаса кетті жігіттер. Бұл арада да мақтанайын деген ойым жоқ. Басты айтпағым – «Жезқазған туында» алдыңғы толқын ағаларымыздың өзінен кейін ілесіп келе жатқан жас қаламгерлердің сәл-пәл жетістігінің өзіне алғаусыз қуанатыны. Осы бір аса жағымды атмосфера жастарды әрдайым қанаттандырып, өздеріне деген сенімдерін нығайтып отырушы еді.

Әрине, кез келген, соның ішінде шығармашылық ұжымдағы оң ахуал алдымен бірінші басшының адами тұлғасына тікелей байланысты екені даусыз. Бұл ретте «Жезқазған туы» алғаш керегесін керіп, уығын шанышқан сәттен бастап оның пешенесіне парасатты, адамгершілігі жоғары, тірліктің ұсақ-түйегінен биік, шығармашылық жұмыстың қиындығын жақсы білетін әрі терең түсінетін басшылар бұйырды. Егер Сайлау-



бек Қожамсейітов жаңа облыстық басылымның қаз тұрып кетуіне аз уақыт ішінде оң негіз қалап берсе, өзіміз студенттік кезде жақсылығын көрген, содан шуақтанған Ұзақбай Төлеуов қарашаңырақтың іші-сыртын бүтіндеді, бұдан соңғы редакторымыз Сабыр Сауытбаев еліміздің түпкір-түпкірінен жиылса да, бір үйдің балаларындай болып кеткен ұжымдағы бірлік пен сыйластық ахуалын шып-шырғасын шығармай, сызат түсірмей дамытып, алып жүре білді.

Әлі есімде, күн сайын өтетін лездемеде бірі-бірін сынағанда, әлдебір мақала жөнінде дауласқанда бұлар енді бірі-бірін көрмейтін шығар деп ойлағандайсың, алайда, кешкілік жұмыс аяғында барлығы емен-жарқын күлісіп, көл жаққа бірге демалуға топырлай кетіп бара жатады. Газеттің беделі үшін жаға жыртысуға дейін баратын, алайда өзара достығын, сыйластығын ұсақ-түйектің қанжығасына байлап жібермейтін ондай берекелі ұжымды сүймей көр сосын!.. Бұл ұжымға түскен тентек те, телі де, қисық пен қыңыр да еріксіз түзелетін: өйткені оларда осы ұжымда қалам десе, бұдан басқа жол жоқ болатын және уақыт өткен сайын өздерінің қалайша «қатарға қосылып» келе жатқандарын аңдамай да қалушы еді.

Бөлім меңгерушіліктің екі жылдан астамын артқа тастаған кезде, ол тұста атауы «Сарыарқаға» ауысқан облыстық газеттің жауапты хатшысы болып тағайындалдым. Жұмысы етене болғанымен, енді елуге тарта адамы бар редакциядағы төрт басшының бірі әрі тірлігі қым-қуыт, жауапкершілігі мол саланың жетекшісі ретінде еңбек етуім керек болды. Үш басшыны қоспағанда, күні кеше осы табалдырықты имене аттағанда өзімді сынай қабылдап, артынша аялай баптаған аға-апаларыма билік айтуым керек. Келісімімді беріп алсам да осы ойлар жүрексіндіре беріп еді. Бірақ «Енді бізге сенің билік айтуың қалды!..» немесе «Көтере алмас шокпарды қарыңа іліп нең бар?!» дегенге саятын сөз айтқан да, айтпақ түгілі қабағынан



андатқан да бір адам болған жоқ! Қайта: «Басшының сырттан келмей, өз арамыздан табылғаны қандай ғанибет, «өсті», «өсірдік» деген осы!» – десіп, шынайы қуанысып жүрді. Сонда деймін, арнасы кең, ағысы жайлы өзенге тап болған қайықтай, еш қиындық сезінбестен, жұмысым бұрынғы тірлігіммен үйлесіп кете берген.

Көлемі шектеулі дүниеде көкейіндегіні тұтастай қағазға түсіре алмасың анық. Осы себепті жекелей тоқтай алмай тұрған айтулы азаматтар: Сайлаухан Нәкенов, Ескен Қасенов, Апбаз Қаражігітов, Батырбек Мырзабеков, Аманжол Үсенов, Бағдат Мекеев, Рәзиға Әшеева және басқа да аға-апаларым, Әлібек Әбдірашев, Ғалым Жайлыбай, Ғазиз Ештанаев, Базарбай Әлеуханұлы, Бекежан Нұрғазин сынды замандастарым мен шындалған мектептің бір-бір бөлшегі болғанын, олардың да әрі маман, әрі адам ретінде қалыптасуыма сол бір өткелекте әсер еткенін әлі күнге шуақпен еске аламын. Аты аталған һәм аталмаған әріптестерімнің қай-қайсысы болса да жеке-жеке естелікке кейіпкер болуға әбден лайықты.

**Төлеш АСАНТЕГІ.**  
**«Сарыарқа», №14, 13.04.2018**



## «САРЫАРҚАНЫ» САҒЫНБАУ МҮМКІН ЕМЕС

1981 жылдың 11 наурызы күні менің еңбек жолым басталды. «Сен қыз қазақша, орысшаға жақсысың ғой, біздің бастық қос тілге жүйрік хатшы іздеп жатыр, сөйлесіп көрсей, мүмкін жолың болып, жұмысқа тұрып кетерсің», – деген Мәкен Үсенова есімді тәтемнің ақылымен редакцияның басшысына бардым. Редактор Ұзақбай Төлеуов менімен көп сөйлесіп отырмады: «Жөнің дұрыс секілді, қалғанын жұмыс барысында көреміз, сеніп отырмын, сенімнен шыға алмасаң, өкпелемейсің», – деп бірден кесіп айтты, ескертіп қойды. Сөйтіп, редактордың алдындағы кабинеттегі машинканың жанына қонжидым.

Алғашқы кездері көптеген қызық та күлкілі жағдайларға ұшырағанымды бүгінде сағынышпен еске аламын. Мысалы, бірде Ұзақбай аға: «Маған дереу Сәрсенді шақырып кел», – деді. Әлі кімнің кім екенін біле қоймаған кезім ғой. Ана кабинетке, мына кабинетке кіріп: «Сәрсен деген кісі қайсысы екен?» деп ер азаматтардың бет-жүзіне қараймын. Содан, менің біреуді іздеп жүргенімді байқап қалған болу керек, қазір кім екені есіме түспей отыр, ағалардың бірі: «Кімді іздеп жүрсің?» – деді. Мен: «Сәрсен ағаны», – деп едім: «Бізде Сәрсен аға деген жоқ, бірақ сондай есімді тәтең бар, кабинеті анау», – деп сілтеп жіберді. Сөйтсем, Сәрсен – әйел кісі екен. Кейін осы оқиғаны айтып бірталайға шейін күліп жүрдік. Бірақ мен де жаңылыса қоймаппын, Сәрсен тәтем ермінезді жан болып шықты. Редакцияның хат бөлімінде, ал жолдасы Өмірбек аға механик болып еңбек етеді екен.

Ұзақбай ағадан соң редакцияға Сабыр аға Сауытбаев басшы болды. Айтқың келгенді емеуріннен танып, біліп қояты-



ны болушы еді ол кісінің. Адамгершілігі мол еді, қызметкерлердің жағдайын түсінуге ұмтылып отыратын.

80-жылдардың ортасынан бастап елдегі жағдай күрт нашарлап кетті ғой. Қазіргілер «Азық-түлікті талонмен алатын едік, ұзақ-сонар кезекке тұратынбыз» десек, ертегі тыңдап отырғандай, сенбейді. Сабыр аға жұмыс аяғы бітпесе де, бір-бір жарым сағат бұрын: «Қайта қойыңдар, үйлеріндегі шаруаларыңды істендер», – деп қайтарып жіберетін. Әрине, ол кісінің басқа да көптеген жақсылықтары болды, мен солардың тек біреуін ғана айтып жатырмын.

Редакция хатшысының жұмысы жауапты хатшымен тығыз байланысты болады екен. Айталық, бұйрықтарға бастық қол қойғанмен, соны негізінен жаухатшы дайындайды. Редакцияға жұмысқа тұрған сәттен бастап Балтабек Әбеу аға маған қамқор көңіл танытты. Менің жақсы болғанымды, басшылықтан сөз естімегенімді қалайтын. Ол кісінің үйіндегі Орал тәтеміз де



редакцияның телетайпында істеді, менің ақылшы тәтемнің бірі болды. Қазір ЖезУ-дің бухгалтериясында жұмыс істейтін Ғалия есімді қыз сол кезде редакцияда еді. Кейде екеуіміз шү-йіркелесіп, ананы-мынаны айтып, әңгімелесіп қаламыз. Біздің мұнымызды Балтабек аға жақтырмайтын. «Жұмыс уақытында адам деген жұмыс істеу керек, екеуің екі бөлек отырыңдар», – дейтін. Сондағысы, әңгіме-сөздің кесірінен жұмыстан ақау жіберіп алсақ, сөгіс естіп қалады-ау деген жанашырлығы екен. Балтабек аға да, Орал тәте де әлі күнге шейін телефон соғып хабарласып жатады. Үйдегі балалар: «Жезқазғандағы папаңыз звондап жатыр», – деп әзілдейді. Мен Балтабек аға екенін бірден біле қоямын.

Газеттің бұрынғы атауы – «Жезқазған туы» еді, кейін «Сарыарқа» атанды. Менің ойымша, газеттің бұрынғы да, қазіргі де атауы – өзінің затына сай атаулар. Өйткені аймақтағы қазақтілді журналистиканың қарашаңырағы іспетті газет шын мәнінде Жезқазған жұртшылығының туы тәрізді еді. Ал «Сарыарқа» атауы мұндағы еңбек еткен жандардың толық бет-бейнесіне сай келеді. Өйткені мұндағы қызмет істеген адамдардың бәрін де өз басым Сарыарқаның даласындай көңілдері кең, жүректері мейірімге толы жандар ретінде бағалаймын. Сондықтан да маған «Сарыарқа» дархан көңіл жандардың ұясындай сезіледі. Мен үшін жақсылардың бәрі осы редакцияға жиналғандай әсер ететін, сол әсерімнен әлі де арылған емеспін. Шындығында да солай. Жоғарыда аттары аталған аға-тәтелерімнен өзге Мақұлбек Рысдәулетов, Амандық Рахұлы, Көбейсін Еңсебаев, Батырбек Мырзабеков, Базарбай Әлеуханов, Ғазиз Ештанаев, Қасым Орынбетов, Ибрагим Бекмаханов, Әлібек Әбдіраш, Аманжол Үсенов, Ғалым Жайлыбай, Нұрперзент Домбаев, Аманғали Әбуов, Шахмұрат Ибадатов, Жағыпар Қарабалаев, Бекежан Нұрғазин, Жұртшыбай Қожықов. Осылардың қайсысын алсаңыз да, «Аман бол,



ағаларым!» дейтін өлең жолдары тап осы кісілерге арналғандай болады да тұрады.

Редакцияның телетайпында жұмыс істеген Рая Серікбаевамен де әлі күнге шейін апалы-сіңлідей сырласамыз. Раяның жолдасы марқұм Нағи да «Сарыарқаның» бір баласы секілді еді, ол да бәрімізбен тонның ішкі бауындай араласып кеткен болатын. Әрине, шағын естелікте барлық жандарды, өткен оқиғалардың бәрін електен өткеру мүмкін емес. Мүмкіндігінше, әріптестерімді өз түсінігім бойынша, қысқаша ғана сипаттап өткім келеді.

Сұлу тәтем Базар Жолдыбаеваның жөні бөлек. Байқампаз кісі. Ол кісінің ұзатылып бара жатқанымда айтқан сөздері әлі құлағымның түбінде жаңғырып тұр. Бірде тәтеміз Сабыр ағаға: «Сапке, өзіңіз де, хатшыңыз да, жүргізушіңіз де бір-біріңізге ұқсап қалыпсыздар», – депті. Мұнысы рас еді. Өйткені Сабыр аға да, мен де бәкене бойлы, сарғыш өңді жандармыз ғой. Жаңадан алған орыс жігіті де жұқалтаң келген, қысқа бойлы жігіт екен. Базар тәтенің соны аңғарып, әзілге айналдырғанын Сабыр аға: «Осы Базардың байқамайтыны жоқ», – деп бізге өзі айтып берген.

Рәзиға Әшеева тәтеміз қазір Астанада тұрады. Біздің редакциядағы өткір тілді журналистердің бірі ғана емес, бірегейі еді. «Рәзиға барған жерінен сын жазбай келмейді», – дейтін едік. Кейін Астанаға ауысқан соң да республикалық басылымдарда еңбек етті, Елбасының қолынан сыйлық алды. Маған деген апалық қамқорлығы сонша, айына тым құрығанда бір мәрте телефон шалмаса, отыра алмайды. Ұлы Мараттың қызығын көріп, немерелер сүюіне тілектеспін.

Дәметкен Ахметова, Бәтима Сейілбекова тәтелерім мені өздерінің сіңлісіндей көруші еді. Қазір екеуі де арамызда жоқ. Бәтима тәте бухгалтер болғандықтан, қаржы жетпей жатса, соны тауып беруге ұмтылып жүретін. Тіпті: «Дүкеннен менің



атыма жаздырып ала беріңдерші», – дейтіні бар еді. Біз солай істеуші де едік. Жатқан жерлері жайлы, жарық болсын.

«Біздің менталитетімізге келмейді, тыныш отырыңдар, көп бос сөз сөйлемендер», – деп Сара апамыз үнемі бізді тәрбиелеп жүрді. Ақын Сара Смағұл – өзіне де, басқаға да қатал сын көзбен қарайтын жан. Мені көп қамқорлығына алып жүретін: «Жұмысыңды тындыр, артыңнан сөз ермесін», – деп. Осындай сөздерден кейін қайдан демаласың? Қазір денсаулығызда да сыр беріп қалыпты деп естіп жатырмын, тезірек жүгіріп кетуіне тілекшімін.

«Бұл кісі бай, неге екенін айтайын ба, өйткені ол мінезге бай», – деді бірде Ақылбек Шайхы ағамыз журналист Сағынкүл Жантурина туралы. Қатар жүргенде байқай қоймайды екенбіз, Ақылбек ағаның әлгі сөзінен соң, Сағынкүл тәтеміздің жүріс-тұрысына, сөйлеген сөзіне, кісіге деген қарым-қатынасына кәдімгідей зер сала қарайтын болдым және ағаның аңғарымпаздығына таңғалдым. Шынында да Сәкеңнің тұла бойы тұнып тұрған байлық екен ғой. Сағынкүл тәте бірде маған: «Гулечка, сен үнемі жымып жүрші, саған жарасады екен», – деді. Айтқанын істедім, тікмінезділеу жан едім, содан бастап мінезімде жұмсақтық пайда болды. Міне, Сағынкүл тәтенің шарапаты. Ол маған бір ауыз сөзімен биязылықты үйретіп жіберді.

Мен Сәуле Нүрекенованы «Сарыарқаның» ер мінезді ерке қызы деп білемін. Өйткені ол өмірдің сынағына сынбады, тұрмыстың қиыншылығына мойымады. Енді, міне, адал еңбегінің, маңдай терінің арқасында жүрген жерінде абыройға бөленді, құлыншақтарын жеткізіп, немере сүйіп отыр.

Бақыт Еркебұланованы «қазы апа» десе жарасқандай. Өйткені, өзінің негізгі жұмысына қоса, редакция адамдарының ашқұрсақ қалмауын бұл кісі ешқандай бұйрықсыз, өкімсіз өз міндетіне алған. Шай қойып, ет асып жүргені. Үйінен жылқы-



ның семіз қазысын асып әкеліп: «Жендер, жендер», – деп отыратынын қайтерсің?

Бақытқа қатысты мынандай бір жағдай еске түсіп кетіп отыр. Ұзақбай ағамыз редакцияның жігіттеріне: «Осындағы қыз-келіншектерге көз салмандар, дене бітімдерін сөз етпелдер, ұят болады», – деп тапсырма берген екен. Хатшы болғасын, басшы «ананы шақыр, мынаны шақыр» дейді ғой. Бірде маған: «Анау ұзынаяқ қызды шақыр», – десін. Бір жақсысы, редакцияда Бақыттан басқа «ұзынаяқ» ешкім жоқ еді, бастықтың тапсырмасын бірден орындадым. Сол кезде жап-жас, тіп-тік жүретін Бақыт әлі сол қалпы. Мен оған қарап кейде қызығамын. Жан сұлулығын да, тән сұлулығын да Тәңірім одан аямаған ғой!

Редакцияның секретариаты орналасқан кабинеттің төрінде жауапты хатшының орынбасары Бибаят Үсенова отыратын. Ол макет сызғанда алдына жан салмайды. Өнерлі, адамның жан дүниесін тез түсінеді. Қазір Астанада дизайнер-тігінші. Президенттің бағдарламасымен жұмыс жасайды. Алғашқы кезде тұйықтау болатынмын, көп сөйлей қоймайтынмын. Сонда Бибаят: «Гуля, сенің даусыңды қашан естиміз, сөйлесей, әңгіме айтсай», – деп қоймайтын. Кейін әңгімені өкіртетін болдық, сөзді де сапырып жатамыз. Сондайда қыздар: «Гуля, тоқташы», – деп қалады. Мұндайда: «Менің тілімді шығарған – осы Бибаят, соған айтыңдар», – деп күлетін болдым.

Газет шығарудың жұмысы корректорсыз бітпейді. Аянбай, түн демей, күн демей жұмыс атқарып жүрген қыздар үйлеріне барып-қайтуға уақыт таппаушы еді. Олар Әсем, Ғазиза, Зәуре, Баян Смағұлова, Баян Қабылова, Сарбиназ Сайдалина, Саулеш Досанова, т.б. еді. Бухгалтерияда жұмыс атқарған Гүлзағида апамыздың да, Айнагүлдің де редакцияда өзіндік орындары бар.

Сарбиназ Сайдалина бізге жұмысқа Коми АССР-інен келді. Алғаш көргенде әскери адам секілді еді. Шынында да, жол-



дасы Әлібек екеуі әскери қызметте болған екен. Редакцияға келіп бірнеше жұмыс атқарды, бірнеше мамандықты меңгерді. Әмбебап қызметкер болып шыға келді. Бұрын газет почтамен таратылатын, кейін біз газетімізді бөліп алған соң, газетті тарату тірегінде алғашқы болып меңгеруші-газет таратушы болған – осы Сарбиназ. Жақын сіңлімдей, сағынамын. Жүрегі нәзік, редакцияны, бірге жұмыс істеген адамдарды қатты бағалайды, телефонмен сөйлескенде «Сарыарқаны» сағынатынын айтады. «Кетпес едім, ауырып қалмағанымда...» – дейді. Оның сөзіне сенемін, өйткені «Сарыарқадай» ұжымды сағынбау мүмкін емес.

Облыс тараған соң қалалық газетке Амандық Рахұлы тағайындалды. Өзімнің жерлесім, ағатайым болғандықтан мені жек көрген жоқ. Бірақ жұмысқа өте қатал болды. Ол дұрыс та шығар, шынықтым. Сол қарашанырақта газетімізді шығару бір ырғақпен жүріп жатты. Кейін Төлеш Асанов келді. Жаңа бағытпен жұмыс істеуді жоспарлаған Төлеш компьютерлік цех ашып, газет шығару компьютермен атқарылатын болды. Жаңа мамандарды шақырды. Әлия Әлтекешова жұмыстан бас көтермейтін, Гүлиза Ақышева қашан болсын, қанша қиналса да, «шаршаған жоқпын» деп отыратын. Бухгалтер Орынбасар Тембаева – өз ісінің білікті маманы. Ақкөңіл, жүрегі кең адам. Әрдайым қуанышымызды да, мұңымызды да бөлісіп жүрген апамыз. Ер адамдарға тән шынайы жомарттық мінезі де бар. «Оператор болмаймын» деп жүрген Бикен қызымыз қазір компьютерде материал тергенде, диктовка жасап отырған журналистер саусақтарына ілесе алмайды. Мен Бикен сұлу деп айтамын, өйткені биязылығы, қазақ қызына тән мінезі өзіне жарасып-ақ тұрады. Жолдасы – Қанат. Мен: «Қанат Жезқазғанның ең сұлу қызын алыпты, талғамы керемет екен», – деймін. Бұл әзілім емес, шын сөзім.

Айнұр Хамитова – осы газетке келгенде «Мен адал қызмет атқарамын» деп ант қабылдаған сияқты. Түскі тамаққа бар-



май компьютерде теруді үйренді, кейін әйдік дизайнер болып шыға келді. Одан қалса, қолына бір жұмысты алса, соның түбіне жетпей қоймайды. Қазір редакцияда бухгалтер.

Газетте жарнама беті ашылды, оған жауапты коммерциялық директор болып Жанар Кәркенова деген журналист қыз тағайындалды. Айбарша, Венера, журналист Мақпал Ештанаева деген қыздар да осы газет жұмысына аянбай атсалысты.

Нарық қабырғамызға қатты батқан да шақтар болды. Уақытылы айлығымызды ала алмай қиналды. Сол кезден де бір тамаша оқиға есте қалды. Газеттің журналисі, марқұм Қуаныш Сихымбаев ағамыз үйдегі жеңгемізге: «Үйдің кітапшасын бер, банктен несие аламын», – депті. Ештеңе түсінбеген жеңгеміз: «Құдай-ау, несиен не? Оның керегі не? Керегі жоқ», – демей ме. Сонда Қуаныш аға жеңгемізге: «Ана жақта редакцияның бүкіл адамдары айлықтарын ала алмай қиналып жатқанда, сенің керегі жоғың қалай?» – деп ренжитін көрінеді. Мұндай адалдық, қамқорлықты кім жасай алады? Марқұм жұмақтың төрінде жүрген шығар...

Қазіргі Ұлытау ауданының әкімі Әнуар Омаров, облыстық «Орталық Қазақстан» газеті бас редакторының бірінші орынбасары Еркін Мұсабеков те «Сарыарқада» журналистік сынақта сыналған азаматтар. «Мен бір жүрген жалғыз арғымақпын», – дейтін Ахат Құрмансейітов – сөзі де, өзі де өткір журналист. Газетіміздің құрметті журналисі Абдолла Дастанов – сыншыл да, шыншыл. Қаламы шындыққа тік қарайды, жағымпаздықты жаны жек көреді. Ізтай Белгібай – тума талант иесі. Шынайы шеберлікпен журналистік қызметті атқарып жүрген, жұмысына адал азамат. Сара апаның бүкіл тапсырмасын жүгіріп жүріп орындап тастайтын.

Бауырымдай болған Мырзатай Темірбеков – журналист, аудармашы. Жұмысқа келгенде ең алдымен, жүгіріп келіп менің қолымды сүйеді. Өйткені кезінде оған компьютерде жұмыс



істеуді үйреткен болатынмын. Соған деген ризашылығы. Жас журналист қыздар Диана мен Анардың жазғандарын сүйсіне оқып отыратынмын. Оларға алдағы уақытта да шығармашылық табыс тілеймін.

Редакцияның шаруашылық жұмыстарын да тап-тұйнақтай етіп адалынан атқаратын жүргізуші Жұмабек Қозыбаевқа, журналистер таза жерде жұмыс істесін деп тазалықты қадағалап жүретін Лидаға да көптің айтар алғысы мол.

Қазір қарашаңырақтың тізгінін кезінде «Сарыарқада» тілші болып шыңдалған Дархан бауырымыз қолына алды. Редакциядағы оң өзгерістерді естіп, қуанып қаламын. Талабы оң, жұмысы жемісті болсын! Газетіміздің 45 жылдығы құтты болсын! Қаламы ұшқыр журналистері де, оқырмандары да көбейе берсін!

**Гүлбаршын АҚТАМБЕРЛИНА,**  
**Қарағанды қаласы.**  
*«Сарыарқа», №14, 13.04.2018*



## ДЕМОКРАТИЯНЫҢ «КЕРМЕК» ДӘМІ

*Бұдан жиырма жылдай бұрын осындай тақырыппен деректі дүние жаздым. Жариялағаным жоқ. Жатыр...*

*Төмендегі сол тақырыпқа түрткі болған жағдай жайлы. Есебі – естелік!*

Өткен ғасырдағы сегізінші онжылдықтың соңына салым сана сілкінді. «Жеделдетейік!» деп желпіндік. «Қайта құрайық!» деп қасқайдық. «Демократия!» деп дүркіредік.

Одан облыстық газет қайдан қалсын?! Бөлім бастығы біткен баламалы негізде қайта сайланатын болды. Неге «қайта», жаңасын баламалы негізде сайласа, болмай ма? Басшылық айтты, бітті! Талқыланбайды, орындалады.

Ол кезде «Өнеркәсіп, құрылыс, транспорт және байланыс бөлімінің меңгерушісі» деген лауазым болған. 1987 жылы көктемде Сайлаухан Нәкенов редактордың орынбасарлығына тағайындалып, орнына мен отырдым.

Обкомның бір бюросында бекідік. Жарықтық ақынжанды Сәкеңнің басы толған идея еді. «Орында!» деген өктемдік жоқ, «Осы қалай?» деп ортаға тастайды. Соның оннан бірін орындап-ақ кенде қалмайтынбыз.

Дем берген демократияның дүмпуімен дүрлігіп жүргенде, бірде Сәкең шақырды. «Дайындық қалай?» – деді. Айтпағы басқа екенін байқап қалдым: жайшылықта жайдары жүретін жүзі күреңітіп, күмілжи берді.

«Маған балама кім?» – дедім, басқасы біткендей. Өзі де соны айтуға шақырған екен: «Базарбай болады», – деді. Сосын: «Әрең көндірдім. Бірақ, біліп қой, мен даусымды саған беремін», – дегенді қосып қойды.



«Дидардың» директоры Базарбай Әлеуханов ол кезде біздің бөлімде еді. Жатық жазатын, жақсы журналист. Алайда екеуіміздің арамызда сайлау туралы сөз болған жоқ. Сәкең оған не дегенін күні бүгінге дейін білмеймін.

Білетінім – сайлауда оңбай сүріндім. Алған даусым – екеуі-ақ! Оның біреуі – өзімдікі. Бір ғажабы, сайлау қортындысын естірткен бетте Базарбай бөлім меңгерушілігінен бас тартты. Ешкім ештеңе түсінбей қалды.

Сайлау қортындысының астарында кәсіпқой көзқарас емес, адами фактор жатқаны анық. Өзім осылай ойлаймын. Оған кейін талай көзім жетті. Жершілдікке жатқызғысы келген жылпос та табылды. Базарбай екеуіміздің арамызға от тастағысы келген де болды. Былтыр 10 қаңтарда «Додаға түскен «Дидар» деген мақалам «Жас Алашта» жарияланып, бір жанашырым отыз жыл бұрынғы оқиғаны еске салғанда, таза таңғалдым.

Осыдан кейін ойымның дұрыстығы одан әрі беки түсті. Тек «сырлас» әріптестің бәрі жоғарыдағы жалғыз дауыстың иесі өзі екендігіне емеурін танытқанына түсінбедім. Себебі, оны берген Сәкең екеніне сенемін.

Шынын айтқан бір-ақ адам: ол – газет басшысы Сабыр Сауытбаев. Сайлаудан соң бірден шақырып алып: «Мен даусымды Базарбайға беріп едім. Бұлай боларын білмедім. Оқасы жоқ, енді ешкімге өкпелеме», – деді.

...«Жезқазған» мейманханасының үшінші қабатында дәмхана бар еді. Үйге қайтарда соған соғып, «Экстраның» екі жүз грамын қырлы стақанға құйдырып алып, сол жерде тұрып тартып жібердім.

Арақтың ащылығы демократияның «кермек» дәміне қарағанда түк емес екен...

**Әлібек ӘБДІРАШ,**  
**Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты,**  
**Балқаш қаласы.**  
**«Сарыарқа», №14, 13.04.2018**



## ИГІ ІСТЕРДІҢ ЖАРШЫСЫ

Қоғамның өмір сүруін қамтамасыз етудегі ақпарат құралдарының рөлі туралы көрнекті Алаш қайраткері Ахмет Байтұрсынновтың: «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі», – дегені белгілі. Иә, бұқаралық ақпарат құралдары әрқашан өз дәуірінің ақиқаты айтылатын мінбері болған. Онда сол уақыттың өзекті мәселелері, оны шешудің жолдары, қоғам дамуындағы ілкімді оқиғалар мен олардың игі ықпалдары, жетістіктері мен табыстары, қажет болған жағдайда қолбайлау кемшіліктер, өмірдің көлеңкелі тұстары да ашық айтылып отырған.



1973 жылы шаңырағын көтерген облыстық «Жезқазған туы» газеті, оның мұрагері саналатын аймақтық «Сарыарқа» газеті – ақпарат кеңістігінде өз орнын белгілей алған басылымдардың бірі. Міне, осы газеттің жарық көргеніне 45 жыл толып отыр. Осы айтулы оқиғамен «Сарыарқаның» ардагерлерін және осы басылымның шекпенінен шығып, еліміздің түкпір-түкпірінде еңбек етіп жүрген қаламгерлерді шын жүректен құттықтаймын! Сондай-ақ, осы газеттің тұрақты оқырманы әрі тілекші адамы ретінде көзден кетсе де көңілде сақталып қалған сәттермен бөлісе кетуді жөн санап отырмын.

Әуел баста «Жезқазған туы» газетінің тұңғыш редакторы Сайлаубек Қожамсейітовті, одан кейінгі редакторлық тізгінді ұстаған Ұзақбай Төлеуовті сырттай ғана білгеніммен, ол кісілердің уақыт ұсынған мәселелердің шешімін табуда біліктілік танытып, газет ісін жолға қоюға үлкен еңбек сіңіргендерінен хабардар болатынмын. Нәтижесінде, салиқалы да сал-



мақты тізгін тартары бар әдемі бір шығармашылық ұжым қалыптасты. Негізі менің бұл газетпен етене араласуым Сабыр Сауытбаев редактор болған тұстан басталған болатын. Әлі есімде, мен облыстық партия комитетінің қызметкері ретінде Балқаштағы мыс қорыту зауытында төмен байытылған мысты сұйық ваннада балқыту тәсілін өндірісте қолдану тәжірибесін түбегейлі зерттеп, оны халыққа насихаттаумен айналысқан болатынымын. Сол бір кездері «Жезқазған туы» газеті тарапынан маған үлкен қолдау көрсетілгенін атап өткенім жөн.

Біздің шығармашылық байланысымыз еліміз тәуелсіздігін алған сәттен кең қанат жайды десем, әсте қателеспеймін. Облыстық «Қазақ тілі» қоғамында қызмет істеген жылдары қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту жолында, өзінің заңды мемлекеттік тұғырына қондыру бағытында бірлесе атқарған жұмыстар аз болған жоқ. Ұлытауда аудан әкімі орынбасары болған кездері де газетпен байланысым үзілген емес. Керісінше, аудан еңбеккерлерінің ерен еңбектерін жазып көрсетуде, ауыл шаруашылығының түйінді мәселелерінің түйінін тарқатуда, қарапайым халықтың мұң-мүддесін қолдау-қорғау жолында газет көптеген игі істерге мұрындық болды. Әрине, мұның бәрі газетті әр жылдары басқарған елі мен жерінің адал перзенттері Әубәкір Ахметбеков, Амандық Рахов, Төлеш Асанов сынды кәсіби хас шеберлердің, олардың қастарындағы сөз атты кереметтің алыс тартар айқын даңғылына жол ашып, бүгінде қаламы қарымды азаматтар санатындағы Ғалым Жайлыбай, Батырбек Мырзабеков, Базарбай Әлеуханұлы, Ғазиз Ештанаев, Сара Смағұл, Әнуар Омаров тәрізді ондаған аяулы жандардың арқасында жүзеге асқаны белгілі. Сондай-ақ, мен үшін марқұмдар Сапабек Мырзатов пен Сайлаухан Нәкеновтің орны ерекше.

Уақыт бір орнында тұрмайды. Әр заманның өз талаптары бар. Бүгінгі аймақтық «Сарыарқа» бұрыннан қалыптасқан



шығармашылық дәстүрге адалдығын сақтай отырып, заман талабына сай болуға ұмтылуда. «Жас келсе іске» демекші, алғыр, түсінігі анық, зейіні зерек, бойына қазақи рух сіңген Дархан Мұқанов бастаған шағын шығармашылық ұжым қазіргі ұшқыр уақыттың бітім-болмысы мен толыққанды тынысын терең түсініп, оны өзінің замандастарының санасына сіңіру жолында еселі еңбек етіп келеді. Жақында «Сарыарқа» жақтан тағы бір қуанышты хабар естіп жатырмыз. Газет редакциясы еліміздің Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің тапсырысымен «Қазконтент» АҚ әзірлеген WebPress жобасына қосылып, газеттің сайты жұмысын бастапты. Жылдам ақпарат тарату, ақпарат тарату аумағын кеңейту тұрғысынан интернетті игеру қажеттілігі айтпаса да түсінікті. Бұл ретте заманға сай цифрлық технологиялар мүмкіндігін пайдаланып, ірі жобаға ену «сарыарқалықтардың» зор жеңісі деп білемін және аймақтық басылымдарға қамқорлық танытқан министрлікке, «Қазконтент» АҚ басшылығына алғысымды білдіремін.

Қырық бес жыл аз уақыт емес. Талай марғасқалар еңбек еткен газеттің ғұмырын жалғау – бүгінгі буынның мойнына артылған асыл парыз. Осынау игі жолда табандары таймасын, тағдыр бақыт байласын!

**Кенжеболат ЖОЛДЫБАЙ,**  
**саясаттанушы,**  
**Астана қаласы.**  
*«Сарыарқа», №14, 13.04.2018*



## КӨЗДЕН КЕТСЕ ДЕ, КӨҢІЛДЕН КЕТПЕГЕН

Сөзімен де, емімен де дәру берген  
марқұм Қуаныш СИХЫМБАЕВ жайлы бір үзік сыр

*Іс-әрекетімен де, қадір-қасиетімен де өзгелерді өзіне тартып тұратын жан-дар болады. Біздің Қақаң – Қуаныш Сихымбаев сондай жандардың санатынан еді...*

1984 жылы Жездіден Ұлытауға келгенімде аудандық «Ұлытау өңірі» газетінде Асанәлі Тәліпов, Нұрперзент Домбаев, Құрманжан Сламахунов, Аманкелді Бейсекеев, Ләззат Тортаева және осы Қуаныш Сихымбаев жұмыс істейді екен. Мен Қақаңның қарамағына, ауыл шаруашылығы бөліміне тілші болып орналастым.

– Бөлімнің жұмысына бұрыннан-ақ қанық екенсің ғой, – деді Қақаң менің «Октябрь туы» газетінде де ауыл шаруашылығы бөлімінің тілшісі болғанымды естіп. – Малшылардың жайлап отырған жері болмаса, баққан да, тапқаны да бірдей. Көсілтіп жаза бер, – деп қойды сосын.

Қақаңның кісі қызығатын бір қасиеті – оның үлкенмен де, кішімен де сыпайы сөйлесуі еді. Жүріс-тұрысының өзі би-паз, сызылып тұратын. Редакциядағы қыз-келіншектер мойнына жел қарысқан жандарды көрсе: «Біздің Қуаныш ағаға сәлем салыңдар. Жазылып кетесіндер», – деп қалжыңдап отыратын.

Қақаңның тағы бір қасиеті – қонақжайлығы еді. Ол кездері 1 мамыр, 9 мамыр, 7 қараша күндері шеру болатын. Шеруден соң біз жиналып алып, бір-біріміздің үйімізді аралап шыға-



тынбыз. Ұмытпасам, 1 мамыр болуы керек, шеруден кейін Қуаныш аға бәрімізді үйіне шақырды. Бұл – ол кісінің дағдылы ісі. Ең бірінші Қақаңның үйінен бастауымыз керек. Сол бетпен ағаның үйін бетке алдық. Үй тау жақта, өзеннің арғы бетінде. Ал үйге жету үшін «Қылкөпір» деп аталатын жіңішке темір тақтайшамен өту керек. Бәрімізді өткізіп салып тұрғын Қақаң ең соңынан өзі де өткелге түсті. Бір-екі аттағаны сол еді, біз жүріп әбден сулап тастаған темір тақтайшадан аяғы тайып кетіп, бір аяғын суға малып алды. Су онша терең емес, қызыл асықтан асатындай ғана еді.



– Тезірек көпірге шығыңыз! Суық өтіп кетеді, – деп бәріміз шу ете қалдық. Қақаң тыңдамады да. Басындағы шләпісін баса киіп алды да, құрғақ балағын тізесіне дейін түріп алып, суды кешіп жүре берді. Біз қыран-топан болдық.

Үйге келген соң жігіттер жағы жүз грамды ыңғайлай бастады. Ал келіншектер Қақаңның балағын түріп тастап, аяғын «ақаңмен» ысқылауға кірісті.

– Әй, қыздар, қойыңдар. Аяққа қор қылғанша, ішімізге кетсін. Оның өңештен өткен қызуы да өкшеге дейін жетеді дейді ғой білетіндер, – деп Қақаң тағы күлкіге кенелтті.

Қуаныш аға ұзақ жыл астмамен ауырып, көп бейнет шекті. Дәрігерлер климат ауыстыру керек деген соң амалсыздан Жезқазған қаласына көшкен еді. Мұнда да газеттен қол үзген жоқ. Өмірінің соңына дейін Жезқазғанда облыстық, кейін қалалық газет болған «Сарыарқа» газетінде еңбек етті. 45 жылдық тарихы бар осы басылымда мен Қақаңмен тағы да қызметтес болдым, тағылымын алдым, тәжірибесін үйрендім...

Алланың берген қасиеті шығар, Қақаң көп жылғы «серігі» болған астмадан айығып, кейін өзі емші болып, көп адамның



дертіне шипа көрсетіп, арақ пен темекі сынды жаман әдеттің соңынан ерген талай жандардың бетін бері қаратты. Газетте жүріп сөзімен де, емімен де елдің жанына дәру бола білді.

**Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ.**  
**«Сарыарқа», №14, 13.04.2018**



## МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР

*Аймақтардағы меншікті тілшілер газеттің жергілікті жердегі сенімді тірегі саналатын. Облыстық «Жезқазған туы» газетінің үш өңірде меншікті тілшілері болды. Олар да газет мазмұнын жандандыруға өз үлестерін қосып, туған өлкесінің шежірешілеріне айналған еді.*

БАЛҚАШТАҒЫ меншікті тілші қызметін ұзақ уақыт Шәкен Мұсаханов атқарды. Еңбек жолын Қоңырат кенішінде электровоз машинисі болып бастаған Шәкең өңір тарихымен қатар, өндіріс тынысын да жақсы білетін. Балқаш зауытынан, «Прибалхашстрой» тресінен ауқымды мақалалар жазғанда кәсіпорын жұмысының ұңғыл-шұңғылын жан-жақты көрсете алатын. Балық шаруашылығына қатысты тақырыптарға келгенде де біліктілік танытушы еді. Балқаш қаласымен қатар Ақадыр ауданының өмірін де қамтып отыру осы тілшіге жүктелген болатын.

Шәкен Мұсаханұлы 1951 жылы ҚазМУ-дің журналистика бөлімін бітірген соң біраз уақыт сол кездегі облыстық «Советтік Қарағанды» газетінде істеді. «Жезқазған туы» ашылған жылдан бастап меншікті тілші болған Шәкең бұл қызметті үзіліссіз 16 жыл атқарып, 1989 жылы құрметті демалысқа абыроймен шықты. Одан кейін де қолынан қаламын тастамай, өмірінің соңына дейін газетпен байланысын үзген жоқ.

Ақадыр, Приозерный аудандық газеттерінде істеген жылдарымда Шәкеңмен әріптес ретінде жиі араласа жүріп, кейін ағалы-інілідей жақсы сыйлас болып кеткен едік. Қолынан келген жақсылығын аямайтын, ешкімге арамдығы жоқ, аңқылдаған бала мінезді адам болатын марқұм.



Ол кездегі тілшілердің барлығы мақалаларын қолжазбамен жібереді. «Жезқазған туына» келгеннен соң байқадым, Ш. Мұсахановтың жазғандары бірден машинкаға жіберуге келе қоймайды екен, шамалы өңдеу жасауға тура келеді. Хаттары жатып қалып, кешігіп шығатын кезде Шәкең маған хабарласады. Көбінесе жедел шығу үшін деректерін телефонмен айтып: «Осыны жылдамдатып жаза сал», – деп өзіме тапсырма жүктеп қоятын.

Әсіресе, меншікті тілшілерді жинап, есептерін тыңдаған кезде абдырап, балаша сасқалақтап қалатын. Соңынан бәрі біткен кезде жайдарыланып: «Әй, өзі тұс-тұстан шығып, қатты састырдыңдар ғой, Балқаштың балығын жемейсіңдер ме?» – деп, тілшілердің әкелген «базарлығының» бар екенін сездіріп, жігіттердің біразын бір жерде бас қосуға қоғамдай бастайтын.

АҚТОҒАЙДА меншікті тілшілер ауысып тұрды. Ең ұзағырақ істегені Қасымқан Қаленов болды-ау деймін. Одан кейін аудандық «Арқа еңбеккерінің» қазанында «қайнап-піскен» Үмітай Жармағамбетов деген азамат тілші болып келді. Өлең жазатын, тәп-тәуір ақындығы бар еді. Ғұмыры қысқа болды. Бір жылдай бұл өңірде меншікті тілші болмай тұрған соң редакция аппаратында жүрген жерінен өзіміздің Қаскең – Қасым Орынбетов сұранып, Ақтоғайға тілші болып кетті.

Күзге салым кеткен Қаскеңнен шамалы ұсақ-түйектен басқа, біраз уақыт тұшымды мақала бола қоймады. Шыны керек, ағамыздың бір басына жетерлік жалқаулығы бар екенін әріптестерінің бәрі біледі. Алғашқыда: «Жаңа жерге орналасып жатырмын, анау-мынау шаруаларым бітпей тұр...» – деп жүрді. Сонымен, жүйрік уақыт зулап, арада үш-төрт ай өте



шығады. Жыл қорытындысы бойынша меншікті тілшілерді шақырып, әрқайсының есебін тыңдайтын кезде келіп қалды. Редакцияда бірталай бөлім бар, әрқайсысы жоспар жасағанда өңірдегі тілшілердің мойнына бірді-екілі материалдан жүктеп қоятыны бар. Ол орындалмаса, осындай есеп беруге келгенде бөлім



менгерушілері өре түрегеліп, меншікті тілшілерді араша талаушы еді. Қаскеңе қатысты «материал бермеді» деген әңгіменің қарасы көбейіп кетсе керек. Редакторымыз Сабыр Сауытбаев та ренжігенде қызарып кететін әдетімен: «Қасым, мұның қалай енді, еліңе сұранып кеттің, жібердік, еркінсіп жата бермей мақала жазбайсың ба. Тым болмаса, осы төрт-бес айдың ішінде телефон шалып сен біздің амандығымызды да білмедің ғой», – деп қынжылысын білдірді. Осы сәтте Қаскең де жұлып алғандай: «Сабке, күн сайын газет үйге келеді, қараймыз. Төртінші бетінде ешқандай некролог жоқ, амандықтарыңызды содан біліп отырған жоқпын ба», – демесі бар ма. Шекесі одан сайын қызарған бастығымыз: «Әй, саған дауа жоқ екен, шықшы өзің», – деп жиналыстан Қаскеңді шығарып жіберген болатын. Осы күні бұл оқиғаны еске алғанда: «Ақталуымның амалы ғой, әйтпесе, әдейі айтқан жоқпын», – деп Қаскең өзі де күліп жүреді.

ЖАҢААРҚА ауданындағы меншікті тілші Қаражал қаласының да тыныс-тіршілігін қоса қамтып отыратын. Аудандық газетте редактор болған жазушы Бұқпа Әшімов он жылға жуық, одан кейін Қалиакпар Әбілдин он жылдай меншікті



тілші болып жемісті қызмет жасады. Қарағанды педагогикалық институтының физика-математика факультетін бітіргенімен, 1958 жылдан бастап журналистік қызметпен айналысқан Қ. Әбілдиннің қалам қарымы қуатты болатын. Биязы, сыпайы қалпынан айнамайтын Қалиакпар ағамыз отырған жеріне көрік беріп, сөйлей қалса шешендігімен, бастап кетсе көсемдігімен танылып жүретін. Алғаш журналистикаға бет бұрғанымда Жаңаарқада батасын берген тәлімгерлерімнің бірі осы кісі болатын. Білімінің көкжиегі мол Қалекен қай саланы болсын жетік білетін. Білмейтін саласын жазбайды, қарабайырлыққа ұрынғанын көргеміз жоқ. Еркіндікке дағдыланған меншікті тілшіліктің жағдайы белгілі, сағындырып, мақаласы көрінбей қоятын кездері де болатын. Бірақ Қалаған қарап жатпайды екен, әдебиеттің қаймағын қалқып ішуге бейім ол өлеңін өріп, шығармашылықпен айналысса керек. Оны кейін әртүрлі басылымдардан жылт етіп көрінген тарихи, тағылымдық жазбалары мен өлеңдер жинағы кітап болып басылғанда білдік.

Қалекеннің қолына қаламын бір алуы қиын, егер қолына қаламын ұстаса, түбін түсіре жазатын. Қолтаңбасы да тасқа басқандай айқын да айшықты. Ескертуді материалдың сапасына емес, санына қарай еститін. Дегенмен, мінезге бай, қашанда қарапайым Қалиакпар Әбілдинді ұжым басшылары да құрмет тұтатын. «Аз жазса да саз жазатыны» бәрін жуып кететін. Бұл кісінің де өмірден өткеніне жеті жыл болып қалыпты.

Нарық заманына қадам басқан 1991 жылдан бастап редакцияның қаржылық жағдайына байланысты меншікті тілшілердің алды қысқаруға ұшырады. Кейін меншікті тілші деген болмады. Бүгінде сол меншікті тілшілердің Қаскеннен басқалары арамызда қалмапты. Жатқан жерлері жайлы болсын жайсандардың!

**Амандық РАХҰЛЫ.**

**«Сарыарқа», №14, 13.04.2018**



## РЕДАКЦИЯДА ӨТКЕН ӘР КҮНІМ ЫСТЫҚ



Әр нәрсеге бір нәрсе себепші. Қайғының кірін қуаныш жуатыны – заңдылық. Сәтсіздіктен соң сәттілік болуы, ол да – өмір заңы. Жаратқаннан «Не берсең де, қайырымен бер» деп тілейтініміз де сондықтан. Менің сүйікті газетім «Сарыарқаның» да өз өмірімде алар орны сондай.

...Редакцияның ішкі аурасы – атына заты сай, қазақтың жазиралы дарқан даласындай кең, ашық-жарқын. Ондағы аға-апайларым қандай!.. Әкеміз бен анамыздай, апаларымыздай болды десем, еш өтірігі жоқ.

Таңертең үйімізден шыққанда кейбіреулер сияқты ұнжырғамыз түсіп, «жұмысқа» бара жатқандай емес, бейне бір асыға күтіп отырған екінші үйімізге бара жатқандай болатынбыз. Осы редакцияда жүріп, әріптестен құрбыға айналған Диана Оразалина айтпақшы, «бір тырқылдап алып», берілген тапсырмаларымызды орындауға жүгіріп кететінбіз. Орайы келгенде тағы да әрі әріптес, әрі құрбы, әрі сіңлі болып кеткен Ақсымбат Әліні еске алуды жөн көрдім. Ақсымбат екеуміздің Жезқазғанда бармаған жеріміз, баспаған тауымыз қалмады ғой (Осы жерде әлеуметтік желіде жазылса көзінен жас аққанша күліп тұрған смайликті қосып жіберуге болатын еді). «Сарыарқада» жүріп, көптеген тамыр-таныс, достар, сыйлас жандар таптым. Қазір бәрімен аралас-кұраласпыз.

Таңертең Сара апам телефон шалып: «Қызым, амансың ба, қайдасың?» – дегенді ести сала редакцияға немесе объек-



тіге құстай ұшатынбыз. Кейде жазатын материал көп болып кетіп, ертең газетті баспаханаға жіберу керек болып қалады. Сондай кезде түнде тұрып та жаза беретінбіз. Журналистер бір-бірімізге: «Тұрдың ба? Мен мына материалды жазып жатырмын», – деп түнгі үш-төрт, таңғы бес-алтыда хабарласып, керек кезде ой қосып, таңертең тоғызда апайымызға дайын материалды апарып көрсететінбіз. «Шаршадым», «уақытым жоқ», «үлгермедім» деген сөздер біздің лексиконымызда жоқтың. Кейде газет таратушы, корректор болып та кете береміз. Оған қосымша ақы сұрамаймыз. Үлкендердің тапсырмасын орындамай қалуды ұят көретін едік. Пейіліміз – таза, ниетіміз – түзу. Мұның барлығы осы редакциядағы бір-бірімізге деген сыйластық, қазақи тәрбие, мейірімділік, адалдық деген жақсы қасиеттердің жемісі деп білемін.

Иә, сол «Сарыарқа» бүгін тоқсанның жартысына шығып отыр. Жоғарыда өткен шақпен жазған себебім, қазір бұл шаңырақ менің анда-санда бас сұғатын «төркініме» айналды. Бұл редакцияда өткізген әр күнім мен үшін ыстық, сағынышты естеліктерге толы. Қазір мұнда 45 жыл бұрын салынған сара жолды жалғастырып, шаңырақты құлатпай келе жатқан жас толқын жұмыс істеуде. Дархан Мұқанов бастаған жастар газетті жаңаша, заманауи етіп өз деңгейінде шығарып келеді.

Ал, «Сарыарқа», мерейтой құтты болсын! Сенің бар жақсылығың мен жетістігіңе тілектеспін. Оқырман көп болсын. Қаламы ұшқыр жас журналистер толыса берсін. Жазар көбейсін! Жезді қалам – Жезқазғанның сырласы да, мұңдасы да, жоқтаушысы да өзіңсің. Біз тек тілекшіміз. Оқырманбыз.

Жасай бер, бар бол, сүйікті «Сарыарқам»!!!

**Анар ҚҰРМАНБАЕВА.**  
**«Сарыарқа», №14, 13.04.2018**



## ӘРҚАШАН ТІЛЕКШІМІН

Ең алғашқы жұмыс орнымның бірі осы «Сарыарқа» редакциясы еді. Ол кезде жасым жиырмаға да толмаған кез болатын. Газетке келуіме тікелей себепкер газеттің сол кездегі жауапты хатшысы Гүлбаршын Ақтамберлина болатын. Осы газетте ұзақ жылдар бойы еңбек еткен Гүлбаршын тәте біз сияқты жас мамандарға үнемі бізге қамқоршы болып жүретін.

Редактор Төлеш Асантегі алдына барған мені бірден жұмысқа қабылдап, бұйрық шығарды. Төлеш аға бастаған ұжым жылы шыраймен қабылдады. Корректорлық, одан кейін дизайнер-беттеуші қызметтерін атқардым. Корректор болған соң үлкен жауапкершілік болатын, материалдарды қайта-қайта оқып, одан ертеңіне шыққан газетті қайта оқитынмын.

Газет ұжымы да өте тату, кәсіби тұрғыда білікті мамандар еді. Ол кезде «Сарыарқа» аптасына үш рет шығатын. Үш нөмірдің арасында уақыттың қалай өтіп кеткенін байқамай қалатынбыз. Сол күнделікті қарбалас тірлік шыңдап, өз ісіміздің маманы болып шығуымызға зор ықпал етті деп ойлаймын.

Алғашқы еңбек ұжымым болғандықтан «Сарыарқа» газеті әрқашанда ыстық болып қала бермек. Тәлім-тәрбие берген, қолдау көрсеткен, сенім білдірген жандарға алғысымды айтамын.

Редакцияда 3 жыл қызмет атқардым. Одан кейін Астана қаласына қоныс аударып, «Халық сөзі» республикалық қоғамдық-саяси газетінде еңбек еттім. Газетте жұмыс істеу өмірімді өзгертті деп те айта аламын. Көп білетін журналист қауымнан мен де біраз дүниелер жинақтаумен келемін.



Газеттің 45 жылдық мерейтойымен құттықтай отырып, алдағы барша істері оңға басуына тілектеспін. Сүйікті газетімнің оқырманы көп болсын!

**Венера ҚАБИЕВА,**  
**газеттің бұрынғы қызметкері,**  
**Астана қаласы.**  
*«Сарыарқа», №14, 13.04.2018*



## ӨРКЕНДЕЙ БЕР!

Жезқазған-Ұлытау аймағы тұрғындарының сүйікті басылымы «Сарыарқа» газеті 45 жасқа толғалы жатыр дегенге зор қуанышпен сені құттықтағалы отырмын. 1973 жылдың 13 сәуірінде сенің туғаныңды көрген едім. Бүгін сенің қырықтың қырқасын артқа тастап, үлкен азамат болғаныңа үлкен қуаныштамын.

«Қызыл кенші» газетінен басталатын аймақ баспасөзінің тарихында кешегі «Жезқазған туының», бүгінгі «Сарыарқаның» алар орны зор. Аты өзгергенімен газеттің мән-мазмұны сол қалпында, басылған материалдары оқырман ойынан шығады. Одан әрі өсіп, өркендей бер, іздеп жүріп оқитын оқырманның сүйікті басылымына айнал. Президент нұсқауына сай жаңғыру, жаңару бағытында материал басып, өлке тарихына көбірек көңіл бөлсе дұрыс болар еді.

«Мен қазақпын!» деген әрбір адамның арайлы таңы «Сарыарқамен» атып, күні «Сарыарқамен» батсын деп тілеймін!

**Өмірбек МҰҚАНОВ,**  
**«Сарыарқаның» байырғы оқырманы,**  
**Жезқазған қаласының Құрметті азаматы.**  
*«Сарыарқа», №14, 13.04.2018*



## ЕКІНШІ ТӨРКІНІМ

Қырық бес жылдың бес қысы мен көктемін өзіңмен өткергеніме қуанбасам, еш өкінбеймін. Бұл мерзім бәзбіреуге болмашы ғана уақыт болып көрінсе, мен үшін – өмірімнің бір белесі, асуы. Журналистер шеберханасына айналған «Сарыарқа» мені кәсіби журналист ретінде қалыптастырып, қанатымды қатайтты. Білімімді молайтып, азаматтық ұстанымымды, өмірлік көзқарасымды орнықтырды. Күні бүгінге дейін қаламымды ұштап, шеберлігімді шындап келеді.

Өз жұртымды тастап, Жаңаарқаның келіні, Жезқазғанның тұрғыны атанған 2013 жылдың күзінде түйіндемеді қолтықтап, жұмыс іздей барған жерім көп болды. Дегенмен, бәрінің жауабы «Өзіміз хабарласамыз» дегенмен шектелді. Таныс-тамырсыз шешілмейді-ау деп ойландым да бір сәт. «Оны қайдан таптым?» деп тағы мазаландым. Бірақ «Сарыарқа» газетінің сол кездегі жауапты хатшысы Гүлбаршын Ақтамберлина хабарласып, редактор жолығуға шақырғанын жеткізгенде «жұмыссыздар қатарын көбейтемін-ау» деген күдігім сейілді. Сонда редакция ұжымына жас журналисті қабылдау-қабылдамау шешімін шығаруға екі-үш сағат қана жетіпті. Мен де қолдан келгенше сенімге селкеу түсірмей, жүктелген міндеттерді орындауға кірістім. Алғашқыда елін, жерін білмейтін Жезқазғанды жатырқадым да. Бөтенсідім. Кіп-кішкентай қала мен үшін анау-мынау мегаполистен үлкен көрінетін. Жүріп-тұрудың өзі мұң-тын. Бірақ, сұрай жүріп үйренісіп, редакцияның, тіпті жезқазғандықтардың бірі болып сіңісіп кеттім. Әрине, редакция ұжымының көмегіңсіз емес.

Ол кезде ұжым қазіргідей жастардан құралмаған еді. Басшым – Төлеш Асантегі әкемдей, өзге қызметкерлер анамдай



жаста-тын. Бәрі мені баласындай жылы қабылдап, қамқорлық танытты. Қызметте қатаң талап қойып қана қоймай, тәлім-тәрбиесін қатар беретін ұжым сүрінгенде сүйеу, құлағанда қорған болып, қуанышқа ортақтасты. Шығармашылықтағы, мінездегі кем-кетік тұстарды нұсқап, болашаққа бағдарлады.

Журналистік жолды енді бастаған маған Төлеш ағамның қолдауы мен бағыт-бағдары ауадай қажет еді. Ол да білгенін үйретуден жалықпады. Мақаланың тақырыбын дәл тауып қойып және ішкі мазмұнын аздап ширатып беру арқылы жазбамызды ел оқитын әжептәуір дүниеге айналдыратын. «Журналист ақиқатты айтып, шындықты жазуы керек», – деп тәрбиелеген ұстазым Төлеш Асантегінің мектебінен өткенімді мәртебе санаймын.

Көргені мен көкейге түйгені көп Сара Смағұл, Бақыт Еркебұланова, Сарбиназ Сайдалина, Гүлиза Ақышева, Бикен Есенбаева мен Айнұр Хамитова апаларым ұдайы ақыл-кеңес-



терімен бөлісіп, жанымнан табылатын. Редактордың орынбасары Сара апамның бір қоңырауы жинақталып, берген тапсырмасын созбаққа салмай аяқтауға себепші болатын. Үнемі қозғалыста жүретін сәнқой Бақыт апам жаныма жайлылық сезімін сыйлап, үй тірлігінде пысық келіншек, қызметте абыройлы маман болуды үйретті. Дизайнер Гүлиза тәтем компьютерлік «InDesign» бағдарламасынан бөлек жазылған мақала, репортаждардың мазмұнында кеткен қателіктерді түзеп, жастарға қиын соғатын тақырып қоюға әбден машықтанған. Әріптес бола жүре сырлас досыма айналған Анар Құрманбаеваның орны бір төбе. Әр қызметкердің өзіне ғана тән ерекшелігіне қарап бой түзегенімді бір естелікке сыйдырту мүмкін емес. Бір, жо-о-о-қ, екі кітапқа арқау болады. Сөзсіз...

«Сарыарқалықтарға» ортақ дүние ол – жұмысқа деген адалдық қасиеті. Оларды газетке деген махаббат біріктіріп тұрды. Жүрегі «газет» деп соққан «сарыарқалықтардың» бәрі бесасап десем, асыра айтқаным болмас. «Білмеймін», «қолымнан келмейді» дегендер сөздік қорында мүлде жоқ олар қажет жағдайда корректор, оператор, газет таратушы кейпіне оп-оңай еніп кетіп, бір-біріне көмектесетін. Ұжымдағы осы бауырмалдық пен қамқорлық жібі күні бүгінге дейін үзілмей, сақталып келеді.

Орда бұзар жасқа енді ғана жеткеніне қарамастан, 2016 жылы басшылық тізгінін қолға алған Дархан Мұқанов қаламы жүйрік, қиялы ұшқыр аға буын редакторлар салған сара жолды шеберлікпен дөңгелетіп әкетті. «Сарыарқаның» тезінен өткен, әлі де өтіп жатқан жас мамандар шаңырақтың килелі екенін сезінетіндей. Істеріне жауапкершілікпен қарайтын Санжар, Арайлым мен Ғалия сынды бауыр-қарындастарым күн сайын менімен бірге есейіп, өсіп келеді. Біздің басылымның одан әрі өркендеуіне қаламы қарымды қаламгерлермен қатар осы жастардың да қосар үлесі зор екеніне сенемін.



«...Енді біз сенің төркінің боламыз. Жезқазғандағы әкең де, анаң да, туғаның да осы ұжым болады. Қандай жағдай болмасын, еш қымсынбастан айт», – деп Төлеш ағам айқындап бергендей, «Сарыарқа» менің еркелігімді көтеретін, қатемді кешіретін төркініме айналды. Бұрынғы да, қазіргі де әріптестеріме күн-түн демей хабарласып, қолдау таба алатын мен бақыттымын. Өйткені менің бір емес, екі төркінім бар! Екеуі де – өмірімнің жарқын сәттерімнің куәсі.

«Сарыарқа» деген төркінім тоқсанның жартысына кеп жатқанда үнсіз қала алмадым. Қалам тербеп, ақтарылғым келді. Дегенмен, ықшамдауға тура келді. Ертең 50, 60, 70 жылдық мерейтойларда еркін көсілермін. Төркінімнің торқалы тоқсан жылдығын да бірге тойлаудан дәмелімін. Ендеше, Жаратқаннан «Сарыарқаның» ғұмыры ұзақ болсын деп тіледім!

**Диана ОРАЗАЛИНА.**  
**«Сарыарқа», №14, 13.04.2018**



## ЖАСАЙ БЕР, «САРЫАРҚАМ»!

*Жезқазған өңірінің бетке ұстар газеті «Сарыарқа» мен үшін үнемі бірінші орында. Басқа да өңірлік газеттермен ақпарат айдынында үздіксіз шығып келе жатқан басылымға көптеген аға-апаларымыз еңбек сіңірді. Биыл ай-мақтағы қарашаңырақ басылым өзінің 45 жылдығын атап өткелі жатыр екен. Осы орайда өмірімнің ерекше сәттерін өткерген, еңбек жолым басталған, журналистикаға қадам жасауыма қолдау көрсеткен газетім жайлы менің де айтарым бар...*

Ең алғаш «Сарыарқа» газетіне 2013 жылы мамыр айында іс-тәжірибеден өтуге келдім. Ол кезде Қарағанды мемлекеттік университетінде журналистика мамандығына оқып жатқам. Бір жапырақ қағазым қолымда, журналистика саласына енді аяқ басқан студент газеттің сол кездегі басшысы Төлеш Асантегі мырзаға жолықтым. Менімен жақынырақ танысып, сәлден соң: «Газетті шын жүрегіңмен сүю керек, барынша махаббатыңды төгіп, бірге жаңаруың керек», – деп ақылын айтып, сәттілік тіледі. Міне, сол сәттен бастап осы сөз мәңгі жадымда қалды. Екі аптаға созылған іс-тәжірибеден көп нәрселерді ұғынып, біраз дүниені санама сақтадым. Газет редакторының орынбасары Сара Смағұл талай рет жазған мақаламды қып-қызыл қылып түзетіп, қайтарып беретін. Осылайша тәжірибе жүзінде «Сарыарқада» шыңдалдым. Аз ғана уақыттың ішінде екі апталық іс-тәжірибеміз аяқталып, «жақсы» деген бағамен Қарағандыға оралдым.

2015 жылы тағы да іс-тәжірибеден осы газеттен өттім. Бұрынғыдай емес, төселген, редакция қызметкерлерін жақын



таныған маған бұл жолы аса қиын болмады. Әріптестеріммен тез тіл табысып, үнемі жүгіріп жүретін Анар Құрманбаева есімді журналистен білмейтінімді сұрап, болмасам да ұқсап бағатынмын. Түскі үзіліс кезінде газет қызметкерлері бірігіп ас ішіп, сондай бір ұйымшылдықпен апта сайын газетті күліп-ойнап жүріп шығаратын. Ұжымның осы ұйымшылдығына, барлық қиындықты бірге көтеріп және әрқашан жеңіп шығатынына қызығып та, қызғанып та қарайтындар көп еді...

Сөйтіп, 2016 жылы Қарағанды мемлекеттік университетінің журналистика факультетін аяқтадым. Арман көп, барлық журналистер сияқты телевидениеден жарқырасам деген ойым болды. Бірақ газет мені әрқашан өзіне магнитше тартып тұратын. Сондықтан да өмірімнің алғашқы қадамын туған жерім Жезқазғанда бастауды жөн көрдім. Әлбетте, өзімнің сүйікті «Сарыарқамнан» бастаймын деп шешім қабылдадым.

2016 жылы 1 қыркүйекте тағы да Төлеш Сүлейменұлының алдына барып, жағдайымды айттым. Дипломымды қарап, бірер сұрақтар қойды. Сәлден соң: «Танымайтын емес, өзіміздің баламызсың, жұмысың құтты болсын», – деп қолын созды. Сол сәтте кеудемді қуаныш кернеп, рақмет айта беріпін. «Рақметіңді кейін айтасың», – деп бірден №7 мектепке салтанатты жиынға қатысып, жазып келуді тапсырды. Сөзге келмей, бірден жұмысқа қабылдағанына қуанып, №7 мектеп-лицейге қарай ұштым. Міне, осы картина өмір бақи жадымда қалатыны сөзсіз.

Ең алғашқы басшым Төлеш Сүлейменұлының басшылық қана емес, адамгершілік қыры жайлы айтпай кету әбестік болар. Ешқашан қателігімді бетіме басып, дауысын көтеріп айғайлағанын көрмеппін. Тіпті, мақаламда бірнеше спортшының тегін бірінші, атын екінші жазып қойғанымда да, шақырып алып: «Балам, екінші бұл қателік кетпесін», – деп барлығын дерлік өзі жөндеп шықты. Ұялғанымнан басым салбырап,



жерге қарап тұра бердім. Қазір қарап отырсам, Төкеңнің осы қасиеті біз сияқты талай жасты шыңдауға, қаламын ұштауға сеп болыпты.

Сол кездері газетімізде біршама өзгерістер болып, басқа да жауапкершілікті бірге алып жүруге тура келді. Журналист бола жүріп, хат та тасыған кездеріміз болды. Бірақ ешқайсымыз ешқашан шағым айтып, ренжіген емеспіз. Бір терінің пұшпағын илеп, үлкен-кіші демей, газет жұмысына әрдайым жұмыла кететін. Сондай-ақ, газетте үнемі күліп жүріп барлық шаруаны тындыратын Диана Оразалинаның орны бір төбе. Фототілші Ғалия Әбдіғаппарованың да газеттің әр нөміріне қосып жүрген үлесі зор. «Сарыарқа» газетіндегі аға журналистер Абдолла Дастанов пен Амандық Рахұлы – біз сияқты жастарға жол көрсетіп, жөн сілтейтін, басылымның арғы-бергі тарихын бірге жасасқан алтын қорымыз десем, артық айтпағаным. Еңбек жолымда көп жерде қателігімді түзетіп, жақсылығымды асырып отыратын кісілердің осы газетте істейтініне қуаныштымын.

Кейіннен «Сарыарқаға» басшы болып журналист Дархан Мұқанов келді. Жас та болса, ол да көп нәрсені үйретті. Газетке біршама жаңашылдық енгізіп, ұжымды басылымның ажарын келтіруге жұмылдыра білді. Жаңа айдарлар, арнаулы беттер пайда болып, мазмұны да қызықты бола түсті. Оқырмандар газеттегі ол өзгерістерді байқап, айтып та жүр. Тың идеялар мен бастамаларға жол ашқан Дархан Қабылдашұлы ұжымға барынша жағдай жасауға тырысып бағуда. Ең бірінші газеттің сапасына, нөмірге салынатын материалдардың мазмұн, маңызына мән беру керектігін ылғи айтып жүреді.

Бүгінгі тоқсанның жартысын еңсерген қарашанырақ ұжымын, оқырмандарын мерекелерімен шын жүректен құттықтаймын. Ұлытау-Жезқазған аймағының, бұрынғы Жезқазған облысының тарихын тасқа басқан газет аға буын қаламгерлердің



тынымсыз еңбегінің арқасында бүгінге жетіп отыр. Алда алар асулары да аз емес деп сенемін. Жезқазған өңірінің ақпарат жаршысы «Сарыарқаның» ғұмыры ұзақ, жазары көп болсын. Талай журналистің қанатын қатайтып, абыройын асқақтатқан сүйікті газетім, жасай бер!

**Перизат ШӘМШБЕК,**  
**газеттің бұрынғы қызметкері,**  
**Ұлытау ауданы.**  
**«Сарыарқа», №14, 13.04.2018**



## ӘДЕМІ ӘЗІЛДЕР, ҚУАТТЫ ҚАЛЖЫҢДАР

*Кез келген ұжымның ішкі қазанында әртүрлі қызықты оқиғалар орын алып жатады. Бір-бірімен әзілдесіп, қалжыңдасып отыру сөз сапырған журналистер арасында тіпті көбірек кездесуі – жазылмаған заңдылық. Мерейтой тұсында соның кейбір еске түскендерін қағазға түсірдік.*

### «Кентаев әлі тірі ғой...»

Редакцияда әрбір дүйсенбі күні өткен аптаның нөмірлеріне шолу жасалады. Мақтауға тұрарлық дүниелер мақталады, кейбір кеткен қателер көрсетіліп, кемшін тұстар ортаға салынады.

Әлібек Әбдіраш шолу жасап тұр. Ол мақалаларды талдағанда жіліктей шағады. Байқаған қатесін де жасырмайды. Ол шолуын аяқтаған кезде редактор Сабыр Сауытбаев:

– Шолушыға кімнің сұрағы бар? – деді әдеттегіше. Ешкім үндей қоймады.

– Ендеше, мен бір сұрақ қояйыншы, – деген Сапкең, – Әлібек, осы Кентаев ағамыз қашан қайтыс болды? – деп сұрады.

Редактордың сұрап отырған Кентаевы – Социалистік Еңбек Ері, майталман кенші Қасымхан Кентаев болатын. Әлібек редактордың сұрағын естігенде селк ете қалды.

– «Қашан қайтқаны» несі? Ол кісі әлі тірі, Сәтбаевта тұрады, – деді де, «Мен неғып естімей қалғам?» дегендей жан-жағына қарады.

Сабыр Сауытбаев өте сабырлы кісі еді жарықтық. Ешқандай дауыс көтерген жоқ. Тек қана:



– Егер тірі болса, мақалаға неге марқұм деп жазғансың? – деді. Бәріміз дереу қолымыздағы газеттен Әлібектің мақаласын іздей бастадық. Ол «Кеншілер әулеті» айдарымен Қасымхан ағаның баласы туралы жазып, сөз арасында «марқұм әкесі Қасымхан Кентаев та даңқты кенші еді» деп жазып қойыпты. Мақала авторы сол күнгі газетке әрі кезекшілік жасапты. Яғни, бәріне тек өзі ғана «виноват». Сол қателікті редакцияда редактордан басқа ешкім аңғармаған. Газеттің келесі нөміріне редакцияның атынан «Қасымхан ағамызға ұзақ ғұмыр тілейміз» деген тілегімізді жариялаған едік.

### «Мәруа және оның балалары»

Жезқазған кентіндегі «Балалық шақ» балалар үйіне басшылық жасаған Мәруа Құлышеваның тағылымды істері 90-жылдардың орта тұсында халық арасына аңыздай тарап жататын. Әсіресе, ол кісі туралы әріптесіміз Сара Смағұл аса бір ерекше сүйіспеншілікпен әңгімелейтін. «Осы айтқандарыңызды жазбайсыз ба?» – десек, «Жазу керек, жазу керек», – деп бір жылдан аса жүрді. Ара-тұра: «Тақырыбын «Мәруа және оның балалары» деп қойсам, дұрыс бола ма?» – деп ақылдасып та қоятын. Бір күні: «Мәруаны да бітірдім-ау, әйтеуір. Әбдүллә (С. Смағұл мені солай атайды), уақытың болса, оқып шықшы», – деп, машинкадан шыққан мәтінді берді. Оқып шығып, әрине, керемет ырза болдым. Төгілдіріп-ақ жазған екен. Сәлден соң: «Редактор осы нөмірге саламыз деді», – деп тіпті қанаттанып отырды. Өзі кезекші еді газетке.

Ол кезде мақалалардың тақырыбын әдемілеп көрсету үшін суретші Жұртшыбай Қожықовқа қолдан жаздырамыз, кейін баспаханада оны клишеге айналдырады. Газетті дайындау барысында алдындағы жай әріптермен терілген тақырыпты өшіріп, оның орнына суретшінің әдемілеп жазып берген, кли-



шеге түсірілген тақырыбын салуды ұмытып кетіпті. Ертесіне газеттің бетінде бір топ баланың ортасындағы Мәруаның суреті тұр, мақаланың тақырыбының орны бос тұр.

Сол аптада мен шолушы едім. Газеттің нөмірлерін айтып-айтып келіп, аталмыш мақалаға келгенде: «Сара Смағұлдың «Мәруа және оның балалары» деген очеркі өте керемет жазылған дүние екен» демеймін бе. Сөйтсем, Сабыр Сауытбаев: «Біздің ешқайсымыз көре алмай отырған тақырыпты қайдан оқып тұрсың?» – дегенде «летушкаға» қатысып отырғандар дүр сілкініп, бір күлісіп алған еді.

Сараның сол очеркі кейін республикалық «Жүректен – жүрекке» атты конкурста бас бәйгені жеңіп алып, сыйақысына 1000 АҚШ долларын иеленген еді.

### **«Жартылай сөгіс беріңіз»**

Журналистика ардагері Қасым Орынбетов пен Амандық Рахұлы бір-біріне «жезде-балдыз» болып қалжындаса береді. Облыс тараған соң қалалық газет ретінде жұмысын жалғастырған «Сарыарқаға» Амандық Рахұлы басшылық жасады. Шамасы, үйде қол қусырып қарап отырғанша, бір мезгіл редакцияға барып, уақыт өткізейін, газет жұмысына да көмектесейін деген болу керек, Қаскен жарты «ставкаға» жұмысқа тұрды. Шынын айтқанда, жұмысқа келгенінен келмегені көп, ең бастысы, кейде апталап материал жазбай қояды. Кезекті аппарат мәжілісінде осы туралы айта келіп, Әужекең Қаскенге сөгіс жариялайтынын мәлімдеді. Сол-ақ екен, Қаскен кәдімгідей қолын көтеріп: «Бір ауыз сөз айтуға бола ма?» – деп сұрады. Әужекең: «Айтыңыз», – деп жатыр. Сонда Қаскен: «Редактор мырза, мен өзімнің атыма айтылған сынды толық мойындаймын. Бірақ, білгім келетіні, маған сөгісті қалай бергелі отырсыз?» – деп сұрақ қойғанда бәріміз де ештеңе түсіне қоймадық. Әужекең де ештеңе түсіне алмаса керек: «Қалай



бергені қалай? Кәдімгідей бұйрығыңызды аласыз», – деді. «Сонда толықтай аламын ба? Жартылай аламын ба?» – деген Қаскеңнің сөзін түсіну мүлдем мүмкін болмай бара жатты. Әужекең де аздап шытынайын деді ме екен: «Толықтай, жартылай» дегенді қайдан шығардыңыз? Сөгістің аты – сөгіс емес пе?» – деп бір тоқтады. «Мен жұмыста жарты ставкамен жүрген адаммын. Сондықтан маған берілетін сөгіс те жартылай ғана болғаны әділетті болар еді. Әйтпесе, жарты ставкада жұмыс істеп, толықтай сөгісті арқалап жүремін бе?» – деген кезде ғана Қаскеңнің редактормен қалжыңдасып отырғаны түсінікті болды. Әужекең де: «Сен шалдың сөзің құрсын», – деп күліп жіберді. Жаңылыспасам, сол жолы Қаскең сөгістен мүлдем құтылып кетті.

### «Жарияламай тұра тұршы...»

Зейнеткерлікке шыққанмен, жазуға үйреніп қалған қол жыбырламай тұра ала ма? Ардагер журналист Көбейсін Еңсебаев та бір циклді мақалаларын «Сарыарқаға» апарып береді. Газетте материал тапшылығы сезілді ме екен, жоқ әлде реті солай болып қалды ма екен, Көбекеңнің екі мақаласы бірінен соң бірі жарық көреді. Редакцияға келіп, газет алып сыртқа шығып бара жатқанда ол кісіге журналист інісі Батырбек Мырзабеков жолығып қалып, жөн сұрасады. Көбекең Баткеңе мақаласын көрсетеді. «Өткенде біреу шыққан, оқыған шығарсың, келесі нөмірге тағы біреуін дайындап қойыпты», – дейді. Сонда Баткең ойланбастан: «Көбеке, газетке жиі шыға берген де жақсы емес-ау... тіл-көз бар дегендей... «Сарыарқаға» үш рет қатарынан шыққан Есағаның артының не болғанын білесіз ғой», – депті.

Есаға, яғни, Ескен Қасенов «Сарыарқаның» ардагерлерінің бірі еді. Сол кісі қайтыс боларының алдында газетке арасын жиілетіп үш рет шыққан болатын. Баткеңнің мына сөзін есті-



ген Көбекең кәдімгідей ойланып қалыпты. Үйіне барғасын газеттің редакторы Төлеш Асантегіге: «Менің ана материалымды әзірге газетке жарияламай қоя тұрындаршы», – депті. Төлеш себебін сұраса: «Кейін айтамын», – депті қысқа ғана.

Кейін бұл туралы Төлештің: «Алдында ғана материалдарымды жылдамдатып шығарып бер деген Көбекеңнің мұнысы несі деп жүрсем, ағамызды Баткең қорқытып қойған екен», – деп күліп отырып айтқаны бар. Аңқаулық дейміз бе? Аңғалдық дейміз бе? Дұрысы адалдық шығар.

### **«Жылытпамды жемей келмеймін»**

Ресми бектілген жұмыс уақыты сақталмайтын бірден-бір мекеме газет редакциясы болса керек. Ешкім ешқашанда бұл мекемеде сағат 9-да жұмысқа келіп, кешкі сағат 6-ға шейін отырмайды. Түскі үзілістен соң, журналистердің түс қайта жұмысқа келмеулері де мүмкін. Кейде шектен тыс шығып кететін де жағдайлар орын алып жатады. Сабыр Сауытбаевтың да шыдамы таусылды білем, жұмыс уақытын сақтау туралы жиналыс шақырды. Әсіресе, түскі үзілістің тым ұзаққа созылып кететіні сөз болды. «Тура екіде келмесендер де, екі жарымның кезінде бәрің де редакцияда болыңдар», – деген талап қойды. Көпшілік бұл талапқа келіскендей болған, тегі, екі жарымнан кешікпей келетіндігіне сенімсіздеу болса керек, журналист, ақын Ибрагим Бекмаханов: «Сағат екі, екі жарым деп немеге нақты уақыт белгілейміз? Жұмысқа нешеде келсек те, бәрібір осы газетті шығарып жатырмыз ғой. Өз басым жылытпамды жемей жұмысқа келе алмаймын», – деп кесіп айтты. Шынында ғой, түскі асын ішіп үлгермесе, кісі жұмысқа келе ме?

**Абдолла ДАСТАНОВ.**  
**«Сарыарқа», №15, 20.04.2018**



## «ГАЗЕТ ХАЛЫҚТЫҢ ЕҢ СЕНІМДІ РУХАНИ СЕРІГІНЕ АЙНАЛУЫ ТИІС»



*Бүгін бұрынғы Жезқазған облыстық «Жезқазған туы» газетінің алғашқы нөмірі жарық көргеніне тура 45 жыл толып отыр. Атаулы күн қарсаңында облыстық газеттің заңды мұрагері – аймақтық «Сарыарқа» газетінің бас редакторы Дархан МҰҚАНОВПЕН сұхбат құрған едік.*

– Аймақтағы айтулы басылымның мерейтойы құтты болсын! Әңгімені тарихы терең, тағылымы мол басылымның қалыптасуы жолында тер төккен аға буын журналистерден бастап, өткенге көз жүгіртсек.

– Рақмет! Иә, 45 жыл деген аз уақыт емес. Осы жылдар ішінде аймақ журналистикасында бірнеше буын ауысса, соның дені осы «Сарыарқаның», кешегі «Жезқазған туының» шекпенінен шықты. Олардың алды – бүгінде республикаға танымал қаламгерлер. Ақын Ғалым Жайлыбай, кейін Жамбыл облыстық «Ақжол» газетін басқарған Мақұлбек Рысдәулет, атакты баспагер Бейсенбай Сүлейменов сынды азаматтар алғашқы еңбек жолын «Жезқазған туы» газетінде бастағанын мақтанышпен айтамыз. Бүгінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде факультет деканы болып отырған филология ғылымдарының докторы, профессор Өмірхан Әбдіманұлы да біздің газетте қызмет етіп кеткен журналист. «Жезқазған туының» уығын шаншып, алғашқы нөмірлерін шығарған Сайлаубек Қожамсейітов, Сайлаухан Нәкенов, Шә-



кизада Дәрмаханбетов, Итен Қарымсақов, Ізбасар Қабдырахманов, Болат Бабақов, Апбаз Қаражігітов, Қасым Орынбетов, Ескен Қасенов, Балтабек Әбеу есімдері газет тарихында ғана емес, қала, аймақ шежіресінде алтын әріппен жазылып қала бермек. Журналист, редакторлардан бөлек, «көрінбейтін майдан жауынгерлері» – терімші, корректор сияқты қызметтер атқарған Гүлнар Күлмағанбетова, Сарқыт Шәріпова, Базар Жолдыбаева, Бақыт Еркебұланова апаларымыздың еңбегін аға буын әріптестеріміз әлі күнге ауыздарынан тастамай айтып жүр.

Былайғы жұртқа білінбеуі мүмкін, бірақ газет жұмысы, оның әр нөмірінің жарыққа шығуы – бейнеті көп күрделі процесс. Бүгінгідей компьютер техникасы, баспа құралдары дамымаған сонау 70-жылдары ол тіпті қиын жұмыс еді.

Қырық бес жыл ішінде «Жезқазған туы» журналистердің бірнеше буынын тәрбиелеп шығарғанын айттық. Әр жылдары редактор болған Ұзақбай Төлеуов, Сабыр Сауытбаев, Әубәкір Ахметбеков, Амандық Рахұлы, Төлеш Асановтың алдынан қаншама журналистер, басқа да қызметкерлер өтті. Марқұм Сапабек Мырзатовтың есімін ағаларымыз ерекше тебіреніспен еске алады. «Сарыарқада» ұзақ жыл қызмет еткен марқұм Қуаныш Сихымбаевты көз көргендер ұмыта қойған жоқ. Ардагерлеріміз Көбейсін Еңсебаев, Батырбек Мырзабеков, Ибрагим Бекмаханұлы ағаларымыз қолынан қаламын тастай қойған жоқ. Тұрақты авторларымыз. Өзім ерекше құрметтейтін, қарамағында тілші болып тәлімін алған, тәрбиесін көрген ақын, журналист Сара Смағұлдың «Сарыарқаның» арғы-бергі тарихындағы еңбегі зор. Осы газетте жүріп шыңдалған Әлібек Әбдіраш, Әнуар Омар, Аманғали Әбуов, Абдолла Дастанов, Базарбай Әлеуханұлы, Ахат Құрмансейітұлы, Ерсін Мұсабековті танымайтын қазақ жоқ бұл төңіректе. Сәтбаев қалалық



«Шарайна» газетінің редакторы Ізтай Белгібайұлы да «Сарыарқаға» бөтен емес.

Газет те осы жылдар ішінде заманның талабы, уақыттың ағымына қарай түрлі өзгерістерді бастан кешті. Ол өзгерістер тек газетте ғана емес, өңіріміздің қоғамдық-саяси, экономикалық-әлеуметтік өміріндегі түрлі оқиғалардан туындады. Облыстың тарауы, облыстық газеттің қалалық басылымға айналуы, түрлі қаржылық, басқа да қиындықтарды бастан кешуі – бәрі-бәрі тарих. Оны ұмытпауымыз керек.

Жыл басынан бері газетімізде «Сарыарқа – 45» айдарын ашып, нөмір сайын газет тарихы, аға қаламгерлер мен редакция ардагерлері туралы материалдар жариялап келеміз. Ондағы мақсат – осы қарашаңырақ басылымның іргетасын қалаған, қуатты ақпарат құралы ретінде қалыптасуына негіз салған аға буынның еңбегіне құрмет көрсету, бүгінде бақилық болып кеткен ардагерлердің рухына тағзым ету, оларды кейінгі буынға таныту, үлгі ету. Осы жылдар ішінде тек газет қызметкерлері ғана емес, оқырмандардың да бірнеше буыны ауысты. Ол оқырмандар да газет тарихынан, ондағы күрделі шығармашылық процестен хабардар болуы тиіс. Басылымның мерейтойын осы мақсатпен ұштастырып, танымдық, тағылымдық шараларға басымдық беру ойымыз бар.

– «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі» дейміз. «Сарыарқа» халықтың сөзін сөйлеп, мұң-мұқтажын айтатын ақпарат құралы болып қана қоймай, ұлттық құндылықтарымызды дәріштеп, ана тіліміздің абыройын қорғады, аймақтағы жылт еткен жағымды жаңалықты сүйіншілеп, өңір тарихын тасқа басты. Бүгінгі қоғамдық ахуалға, нарықтық жүйеге байланысты газеттің атқаратын қызметі де еселене түскен шығар.

– Иә, сөз басында «осы жылдар ішінде газет түрлі өзгерістерді бастан кешті» деуіміз де содан. Экономикалық формация, саяси жүйедегі өзгерістер ақпарат құралдарын да айна-



лып өтпейді. Басқа салалардағыдай газет-журналдар, телерадио құралдары да нарыққа бейімделе бастады. Ол бейімделу жолы да оңай болған жоқ. Оның бәрін тәптіштеп айтсақ, таңды-таңға ұрып сұхбат құруға болады. Қысқа қайыра болсақ, қандай қиындық көрсе де, ауыртпалық кешсе де, алдымыздағы аға буын газетті сақтап қалды. Мәртебелі оқырман алдындағы міндетін абыроймен атқарды. Ендігі міндет – газетті заман талабына сай бейімдеп, нарықтық қатынастарда есесін жібермейтіндей жағдайға жеткізу.

Бізде газет, газет қана емес, барлық ақпарат құралдары идеологиялық орган болды ғой кезінде. Мемлекет бұл саланың барлық мәселесін өзі шешіп берді. Қаражат, таралым, пошта қызметі, кадр жұмысы болсын, барлығын партия, басқару органдары реттеп отырды. Редакция негізінен тек шығармашылықпен айналысты. Бүгінгі ахуал, әрине, басқаша. Және бұл жаңа ахуалдың қалыптасқанына да біршама уақыт болды. Тек біздің «Сарыарқа» ғана емес, өңірдегі басқа барлық басылымдар жаңа талаптарға барынша бейімделіп жұмыс істеп жатыр деп айтуға болады.

**– Әңгіме ақыры нарықтық қатынастарға қарай ауды ғой. Нарық десе ойымызға ең алдымен қаржы жағы оралады. Жақында редакция өз қажеттілігіне пайдаланатын көлік алды деп естідік. Соған қарағанда материалдық жағдайларыңыз жаман емес сияқты.**

– Көлік алғанымызға да біраз болды. Нақтырақ айтсақ, былтыр желтоқсан айында Қарағандыдағы автосалондардың бірінен сатып алдық. Редакциямыздың меншікті көлігі болмағанына да он бес жылға жуық өтіпті. Ал материалдық жағдайға келер болсақ, ертеректе бір ағамыз қарашаңыраққа келіп, «Мәдениеттерің жақсы, тұрмыстарың мәз емес екен» депті деген бір сөз бар еді. Сол айтқандай, жалпы ақпарат құралдарының, әсіресе қазақ басылымдарының қаржылық жағдайы белгілі



жәйт. Бірақ, жылап-сықтап, түңіле беруге болмайды. Әр нәрсеге үмітпен қарап, нарықтың жықпыл-жықпылын тани беру керек сияқты.

Жалпы алғанда, қазіргі жағдайымыз жаман емес. Былтырдан бері мемлекеттік-ақпараттық тапсырыстың көлемі ұлғайды. Соған сай редакцияға жаңа компьютерлер, басқа да қажетті техникалар алынды. Материалдық-техникалық базаны қаржылық мүмкіндігімізге қарай бұдан әрі де жаңалау ойымыз бар.

Ашығын айту керек, қаржы мәселесінде жергілікті биліктің қолдауын сезініп отырмыз. Сол қолдауды ақтап, газетті көтеру бағытында жұмыс істеу керек. Оқырманмен байланыс қазір көп жерде үзіліп қалған. Соны қалпына келтіру, интернет пен әлеуметтік желі дамыған мына заманда газет бәсекеге қабілетті болуы үшін ғаламторда жоқ, болса да оңайлықпен табылмайтын дүниелерге қалам тербеп, танымдық материалдарды көбейту қажет, аймақ тарихын, тарихи тұлғалар мен осында өткен тарихи оқиғаларды, өндіріс ошақтарының жұмысы мен ондағы озаттарды насихаттауымыз керек. Сонда газет өміршең болады. «Ойбай, интернет бар, газет құриды» дейтіндердің «жорамалы» жоққа шығады. Желідегі желдей ескен өсек-аяң, астыртын ақпараттық соғыстарды көріп отырып, «Ақпарат ғасыры» атанған ХХІ ғасырда газет кез келген адамның ең сенімді рухани серігіне айналуы тиіс деген ойға келесіз. Құрылымдық, ұйымдық тұрғыдан да ойластыратын бірқатар мәселелер бар. Соларды біржақты етуіміз керек.

Осы жерде реті кеп тұрған сияқты, жақында газетіміздің сайты ашылғанын да айта кетейін. ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің тапсырысымен әзірленген WebPress жобасына қосылып, сайтты болып жатырмыз. «Қазконтент» АҚ дайындаған WebPress платформасындағы республика бойынша 50 шақты аймақтық газеттер қатарында «Сарыарқа»



ның» да өз сайты бар. Қазір соны игеріп, архив материалдарын жинақтап, топтастырумен айналысып жатырмыз.

– Арқада жатып шартарапқа хабар таратуға мүмкіндік беретін сайттарыңыз құтты болсын! Енді маман мәселесіне келсек. Экономикалық қиындықтарға шыдас бермей, басқа салаға ауысып кеткен әріптестеріміз жетерлік. Аймақта журналист мамандардың жетіспеушілігі әлі де сезіледі. Бұл қиындықтан қалай шығып жатсыздар?

– Сөзіңіздің жаны бар. «Сананы тұрмыс билейтінін» ешкім жоққа шығара алмайды. Отбасылы, едәуір жасқа келген біраз аға әріптестер басқа саланы таңдауына тура келді. Оған өзіңіз айтқан қаржы мәселесі себеп болды.

Бір қарасақ, аймақта салыстырмалы тұрғыдан алғанда басылым саны анау айтқандай көп те емес. Алайда маман мәселесі – өзекті. Бұл енді – «бас жаққа барысатын» тақырып. Бір газет басшысы шеше салатын мәселе емес. Мұнда маман даярлаудағы кемшіліктерді де көріп отырмыз. Журналистика мамандығына оқыту жүйесін ақпарат құралдарының ұсын-ныс-тілектерін ескере отырып қайта қарау керек сияқты. Мүйізі қарағайдай республикалық БАҚ басшылары бүгінде университет бітіріп келген маманды қайтадан «оқытуға» мәжбүр боп жүргендерін айтуда.

Ал өзіміздегі жағдайға келсек, бұрынғыдай бәленбай бөлім, отыз-қырық журналист ұстайтын үлкен редакция емеспіз. Қаржы үнемдеу мақсатында бұған дейін біраз оңтайландыру болған. Ол оңтайландырудың оң әсері болмады деп те айтуға болмайды. Қазір бір газетті шығаруға шамамыз жететін сияқты. Журналистеріміз қалалық, облыстық түрлі конкурстарда топ жарып, бәйге алып жүр. Аға әріптестер де қолдау көрсетіп, ақылдарын айтып тұрады. Авторлармен жұмысты жандандыруға тырысып бағудамыз.



Журналист – шығармашылық мамандық. Бар білімді төрт жылда басына «кұйып», қолына дипломын ұстатып шығара салатын басқа мамандардай емес. Журналистің тұлғалық қасиеттері де маман ретінде қалыптасуына, күнделікті жұмысына көп әсер етеді. Бұл мамандық иесіне қоятын өзімнің де бірқатар талаптарым бар. Сол үдеден шығатын жан кездесе, қуана қарсы аламыз.

– Аймақтық БАҚ мәселелері жөнінде тұшымды сұхбат құрдық деп ойлаймын. Уақыт бөлгеніңізге көп рақмет! «Сарыарқаның» қырық бес жылдығы тағы да құтты болсын! Қарашаңырақ басылымның абыройы артып, мәртебесі биіктей берсін. Сұхбатыңызға рақмет!

Мейрамгүл САЯЖАН.  
*«Шарайна» газеті, №14, 13.04.2018*



## АЙМАҚ БАСПАСӨЗІНІҢ ҚАРАШАҢЫРАҒЫ

*«Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі» деген Алаш арысы Ахмет Байтұрсынұлынан қалған сөз бар. Қандай аумақта, қанша таралыммен шықпасын, қай газет болса да өз оқырманы – халыққа арқа сүйейді, соның мұңын мұңдап, жоғын жоқтайды. Қоғамда танымдық, тәрбиелік қызмет атқарады. Осы міндетін адал атқарып келе жатқан аймағымыздағы қарашаңырақ басылым «Сарыарқа» газеті бүгінде өзінің қырық бес жылдық белесін бағындырып отыр. 1973 жылы Жезқазған облысы құрыла сала оқырманға жол тартқан облыстық «Жезқазған туы» газетінің заңды мұрагері саналатын «Сарыарқа» – Ұлытау-Жезқазған өңіріндегі айтулы басылымдардың бірі.*

Қырық бес жыл жеке адам өмірі үшін де, тарих үшін де аз мерзім емес. Ал тұтастай бір аймақтың тарихын тасқа басып, шежіресін түзген іргелі басылым үшін – үлкен мереке. Тек басылымның өзі үшін ғана емес, оның мыңдаған оқырмандары үшін де тарихи сәт. Олай дейтініміз, осы қырық бес жыл ішінде газетте қаншама қаламгер қызмет етті. Қаламын ұштап, шығармашылық тұрғыдан шыңдалды. Көпке жол көрсетіп, жөн сілтейтін тұлға ретінде қалыптасты. Ал газеттің әр нөмірін асыға күтетін оқырманның газет арқылы танымын кеңейтіп, шартараптан хабар алғаны, белгілі бір мәселелер төңірегінде ой түйгені даусыз шындық.

– Газеттің қоғам өміріндегі орны ерекше болып келген, әлі де солай болып қалмақ. «Жезқазған туының» әр нөмірі, әр беті – тарих. Біле білсек, бүгінгі «Сарыарқаның» тарихы – кешегі



Жезқазған облысының тарихы. Облыс құрылмағанда, облыстық газет те болмайтын еді. Газет болмаса, бүгінде біз Сайлаубек Қожамсейітов, Ұзақбай Төлеуов, Сабыр Сауытбаев, Сапабек Мырзатов, Әубәкір Ахметбеков, Апбаз Қаражігітов марқұмдарды тебірене еске алып, аға қаламгерлер естелік жазып отырмайтын ба еді деген де ойға қаласың. «Жезқазған туы» дегенде ойға Қасым Орынбетов, Батырбек Мырзабеков, Көбейсін Еңсебаев, Амандық Рахұлы, Сара Смағұл, тағы басқа көптеген журналист аға-апаларымыз оралады. Газет туралы айтқанда, сол кісілердің еңбегін кейінгі буынға үлгі етуіміз керек, – дейді «Сарыарқаның» бас редакторы Дархан Мұқанов.

Шынымен «Сарыарқа» газеті – баспасөз құралы ретінде тарихы бай басылым. Арғы тарихын айтпағанда, бергі Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында «Сарыарқа» ұлттық құндылықтарымыздың жоқшысы, мәдени мұрамыздың насихатшысы болды. «Азат» қозғалысы, «Қазақ тілі» қоғамымен бір-



лесе ана тіліміздің абыройын қорғап, төл тарихымыз, ұлттық мәдениетіміздің жанашыры бола білді.

Экономикалық формация өзгеріп, нарықтық қатынастар өмірімізге енгелі де біршама уақыт болды. Қалада жаңа газеттер ашылды, бұрыннан бар кей газеттер жабылып жатты. Осы өзгерістердің барлығын мойымай көтеріп, уақыттың сынынан сүрінбей келе жатқан – тағы да «Сарыарқа». Қаржылық қиындықты да көрді, баспана мәселесі де біраз қолайсыздық туғызып, қала ішінде бірнеше рет көшіп-қонды. Сол қиындықтар артта қалып, газет ұжымы бүгінде қаражаттан таршылық көрмей күн кешуде. Бұған мемлекеттік тапсырыс көлемінің ұлғаюы да өз әсерін тигізді. Былтыр қыркүйек айынан бастап газет толық 16 бет болып шығуда. Бұл газетте жаңа айдарлар, арнаулы беттер ашуға, оқырман сұранысын қанағаттандыратын тың материалдар жазуға мүмкіндік берді. Газет бетінде заман талабына сай танымдық материалдарға толы «Кәсіп пен Нәсіп», «Заң және Заман», «Бірінші байлық», «Имандылық иірімдері» сияқты арнаулы беттер тұрақты түрде жарық көруде. Редакцияның материалдық-техникалық базасы да күн санап жаңарып, жұмысқа қажетті техникалар сатып алынуда.

Газеттің шығармашылық ұжымы Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы міндеттерді жүзеге асыру жолында да көп еңбектенді. Әр нөмірде латын әліпбиіне көшудің тиімділігі, латын графикасына негізделген әліпби нұсқалары туралы жан-жақты жазып, көптің көңіліндегі күдікті сейілтіп, жазу реформасының артықшылықтарын кеңінен түсіндірді. Жыл басынан бері газет тақырыбы, яғни газет атауы мен бет айдарлары латын графикасымен жазылуда. Бұл да еліміз толық латын әліпбиіне көшкенге дейін оқырмандардың көзі үйрене берсін деген игі қадам. Оқырмандар да бұл бастаманы жақсы қабылдаған сыңайлы. Наурыз мейрамы қарсаңында еліміздің бас газеті «Егемен Қазақстан» да осылай атауын латын әріптерімен жазып шығаруда.



«Сарыарқадағы» тағы бір қуанышты жаңалық – жақында газеттің сайты ашылды. ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі, «Қазконтент» АҚ-ы мен газет редакциясының келісімі негізінде «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында дүниеге келген WebPress жобасы бойынша Арқаның ақпараты енді ғаламторға орналастырылып, жер-жаһанға тарау мүмкіндігіне ие болды. Аталған жобада «Сарыарқамен» қатар еліміздің әр түкпіріндегі 50 шақты аймақтық, аудандық басылымдардың сайттары орналасқан.

Газеттің шығармашылық әлеуеті де аймақтағы алдыңғы қатарлы басылым деп айтуға негіз бола алады. Дені жастардан құралса да, газетте аймаққа танымал аға журналистер де қызмет етеді. Қазақстанның ақпарат саласының үздігі, ардагер журналист Амандық Рахұлы, тәжірибелі журналист Абдолла Дастановтың мақалалары газеттің салмағын арттырып, қоғамдағы өзекті мәселелерді қамтуымен құнды. Журналистер Диана Оразалина, Арайлым Ерқоңырова – жас та болса қарым-қабілетін танытып үлгерген, болашағынан үміт күттіретін мамандар. Қала, облыс деңгейіндегі байқауларда «Сарыарқа» журналистерінің топ жаруы – осы сөзімізге дәлел.

Бүгінде тоқсанның жартысын жасаған газеттің бағыты айқын, мақсаты анық. Оқырман тілегінен шығып, қоғамдағы өзіндік функцияларын адал орындап келе жатқан газет аймақ жұртшылығына әлі де қызмет ете бермек. Әрине, ғаламтор мен әлеуметтік желілердің әлеуеті артқан мына заманда ол озық технологиялар газетке зор ауыртпалық туғызары анық. Жедел ақпарат тарату тұрғысынан дәстүрлі баспасөзді интернетпен қатар қоюдың өзі әбестік. Алайда дәстүрлі БАҚ-тың, оның ішінде газеттің ақпарат айдынынан бүгін-ертең шығып қалатын реті жоқ. Қайта желдей ескен ақпарат ағынынан, сенсация мен жеңіл күлкі қуған ТВ мен интернет кеңістігінен қалың жұртшылықтың теріс айналу тенденциясын бүгіннен



байқап отырмыз. Өрелі оқырман болған, бола береді де. Газеттің арқа сүйері де сол оң-солын таныған, дүниетанымы кең оқырмандары. Бұл тұрғыда газет басшысы:

– Интернет өмірімізге дендеп енді екен деп, газеттің болашағынан түңілуге әсте болмайды. Түңілсе, IT-технологиялары бізден әлдеқашан дамып кеткен Еуропа елдері, Жапония, АҚШ сынды елдер баяғыда газет шығаруды қояр еді. Алайда «The New York Times», «The Washington Post», «The Times», «The Guardian», «Asahi Shimbun» сияқты әлемдік басылымдар өз деңгейін бір саты да түсірген жоқ. Таралымы да жақсы, ақпарат таратудағы әлеуеті де зор. Олай болса, 4G интернетке енді қолымыз жетіп жатқан біз неге газеттен түңілуіміз керек? Оның үстіне бізде белгілі бір деңгейде мерзімді басылымдарды оқу мәдениеті қалыптасқан. Бұны аға буынға қатысты айтып отырмыз. Кейде түрлі себептермен үйіне газет уақытылы бармай қалса, телефон шалып, «Газет қайда?» деп шағымданатын оқырмандарымыз жеткілікті. Осындай оқырмандар – біздің байлығымыз. Ендігі міндет – осы дәстүрді ары қарай жалғастыру, жастардың газет, кітап оқу мәдениетін қалыптастыру, – дейді.

Бас редактордың бұл сөзі, бір қарағанда, үлкен ауқымды, біздің күнделікті өмірімізбен қабыспайтындай болып көрінуі де мүмкін. Бірақ келіспеске шара жоқ. Жастардың беті дәстүрлі баспасөзге бұрылса, олардың интеллектуалды деңгейінің де өсері анық. Алдына осындай мақсат қойып отырған «сарыарқалықтарды» төл мерекелерімен құттықтап, мәртебелі оқырманның оң бағасын иелене беріңіздер деген тілек айтамыз.

**Ізтөлеу ТҮСІП.**  
**«Мысты өңір» газеті, №13, 13.04.2018**



## ГАЗЕТА – ДРУГ, ГАЗЕТА – СОБЕСЕДНИК

*Газета «Saryarqa» сегодня привлекает к себе внимание читателей уже тем, что название пишется на латинице. И это дань не столько креативу, что в характере молодого, прогрессивного главного редактора Дархана Муханова, сколько демонстрация патриотизма. В городе любимую газету помнят не только как «Сарыарқу», но и как «Жезқазған туы», помнят талантливых журналистов нескольких поколений, метким словом будораживших умы и сердца своих поклонников. И сегодня «Saryarqa» – в числе лучших печатных органов нашего региона.*



– Дархан, Вам не было и 30 лет, когда заняли должность главного редактора газеты «Сарыарқа», на страницах которой печаталась не одна плеяда маститых акул пера. Как читатель, могу сказать, что за эти полтора года газета несколько оживилась, радуют серьезные, аналитические материалы, которые всегда были присущи данному печатному органу, и что хорошо, газета не прерывает связь поколений, публикуя ветеранов публицистики.

– «Сарыарқа» – газета с историей, тут работали корифеи региональной журналистики. Когда-то здесь не только редактора, но и должности заведующих отделов были в номенклатуре парткома, их назначали с согласия областного комитета пар-



тии. Конечно, сейчас другие времена, другое положение, но уровень ответственности никто не отменял. Мы гордимся тем, что в нашей газете работали, публиковались, творили такие известные в республике творческие личности как акын Галым Жайлыбай, Макулбек Рысдаулет, в своё время возглавлявший в Жамбыле областную газету «Ақжол», издатель Бейсенбай Сулейменов, профессор Казахского Национального университета имени аль-Фараби Омирхан Абдиманулы. Уже вписаны золотыми буквами в историю журналистики имена таких талантливых журналистов как Сайлаубек Кожамсеитов, Сайлаухан Накенов, Шакизада Дармаханбетов, Итен Карымсаков, Избасар Кабдырахманов, Болат Бабаков, Апбаз Каражигитов, Касым Орынбетов, Ескен Хасенов, Балтабек Абеу. Большой вклад в развитие газеты внесли и сотрудники «невидимого фронта», без которых в своё время газета не увидела бы свет, это наборщики, корректоры как Гулнар Кулмаганбетова, Саркыт Шарипова, Базар Жолдыбаева, Бакыт Еркебуланова. В разное время занимали должность редактора газеты Узакбай Толеуов, Сабыр Сауытбаев, Аубакир Ахметбеков, Амандык Рахулы, Толеш Асанов. Чтим память журналистов Сапабека Мырзатова и Куаныша Сихымбаева. Большое спасибо нашим ветеранам, нашему золотому фонду, которые радуют своими публикациями читателей – это Кобейсин Енсебаев, Батырбек Мырзабеков, Ибрагим Бекмаханулы. Особенное место в моём сердце занимает известный акын, журналист Сара Смагул. Её роль в развитии газеты огромна. Нет казаха в нашем регионе, который не знал бы имена Алибека Абдираша, Ануара Омара, Амангали Абуова, Абдоллы Дастанова, Базарбая Алеуханулы, Ахата Курмансейитулы, Ерсина Мусабекова. А ведь свой старт они получили в нашей газете. Своим мы называем и главного редактора «Шарайны» города Сатпаева Изтая Белгибайулы. С нового года мы ведём рубрику «Сарыарка-45»,



где освещаем историю газеты. За эти годы сменилось несколько поколений не только пишущей братии, но и читателей, которым будет несомненно интересно знать о тех, кто был рупором, живым свидетелем тех преобразований, которые происходили в истории нашего края.

**– Что значит для вас газета? Какой хотите видеть её в будущем?**

– Сейчас, с появлением интернета, ростом пользователей социальных сетей некоторые считают, что у печатных изданий нет будущего. Я с подобным мнением категорически не согласен. Сам работал в интернет-изданиях и хорошо знаю эту сферу журналистики. У каждого информационного направления свои особенности, порядки. Например, объёмные аналитические материалы лучше читать с бумаги, чем с экрана. Во-первых, удобно, во-вторых, вреда меньше здоровью. Если интернет действительно вытеснил бы все традиционные печатные издания, то в Америке или в странах Европы, в Японии, например, где современные технологии развиты давно, газеты уже не было бы. Но мы видим обратное. Вообще газета считается средством массовой информации для элиты. И каждый человек должен стараться быть в числе элиты и читать периодические издания. Поэтому не обращаю внимания на подобные пессимистические выводы. Сейчас важно поднять культуру, образованность граждан. Когда люди будут отдавать предпочтение достоверной информации, а не тратить драгоценное время на фейки – ложные подделки, тогда многие интернет-издания и социальные сети отойдут на второй план. А что касается региональных изданий, то газет в Жезказгане не так уж много. Меня радует то, что сотрудники этих редакций не видят друг в друге конкурентов, по многим вопросам солидарны. Есть ещё и общие проблемы. Главная из них – отсутствие в регионе типографии.



– **Редакция недавно приобрела автомобиль, значит, материальное положение у газеты неплохое?**

– Без собственного средства передвижения журналистам никак нельзя, а редакции в течение 15 лет приходилось обходиться без колёс. Что касается материального положения, то сейчас все печатные органы переживают нелёгкие времена. Но главное в нашем деле – позитив. Пытаемся выживать, и это у нас получается. С прошлого года увеличился объём госзаказов, благодаря чему в редакцию приобрели новые компьютеры и другую необходимую технику. У газеты появился и свой сайт. В планах – сделать газету более динамичной, публиковать больше интересных материалов, расширить читательскую аудиторию.

– **У Вас много подписчиков в фейсбуке, где постоянно публикуете свои тексты. Считаете ли вы себя блогером? Кстати, поздравляю Вас с рождением второго ребёнка, дочери. Мне понравилась Ваша подпись под фотографией из роддома, где пишете: «Одно дело сделал, теперь можно и номер закрывать». Расскажите о себе.**

– Блогером себя не считаю. Родился я в посёлке Карсакпай, учился в школе-лицее №7 имени К. Сатпаева. Выпускник Казахского Национального университета. Журналистскую карьеру начинал корреспондентом в газете «Сарыарқа», был заведующим отделом. Служил в национальной гвардии РК. После срочной службы заключил контракт до 2015 года. Впоследствии в течение года работал редактором информационного агентства Qamshy.kz в Алматы. На должность директора ТОО «Редакция газеты «Сарыарқа» был назначен в декабре 2016 года.

– **И это большое достижение в жизни, этим можно гордиться. А за что Вам бывает стыдно?**



– Сейчас, например, когда допускается ошибка в номере по техническим или иным причинам.

– **Дархан, редакция газеты «Подробности» поздравляет ваш творческий коллектив с юбилеем, желаем быть успешными и пусть армия благодарных читателей с каждым годом только прибывает!**

– Спасибо!

**Алма ДЖУМАНБАЕВА.**  
*Газета «Подробности», 13.04.2018*



## «САРЫАРҚА»: ИСТОРИЯ ДЛИНОЮ В 45 ЛЕТ

*13 апреля 1973 года навсегда вошел в историю города Жезказгана как день первого выпуска газеты «Жезқазған туы», где работали одни из самых известных журналистов и деятелей искусства современного Казахстана. Газете, чье название знакома читателям всей нашей необъятной республики, в этом году исполнилось 45 лет!*

45 лет – это огромный срок для печатного издания. Не каждый город может похвастаться газетой с таким сроком работы. Начиная с открытия и до настоящего времени, коллектив газеты не перестает нас удивлять содержательными статьями о жизни города. Первый номер газеты был издан в небольшом формате, его первые материалы были посвящены образованию двух новых областей – Джекказганской и Мангистауской, а также содержал сообщения коммунистической партии, поздравления лучших работников сельского хозяйства и многое другое. С момента основания и до наших дней газета объективно отражает экономическую, социальную и культурную жизнь города. Со временем спрос на нее так возрос, что она стала выходить пять раз в неделю. Ее информационные материалы искусно сочетались с историческими и художественными. В сложные для страны времена коллектив газеты неустанно трудился во имя информирования граждан о сложившейся ситуации в городе и в стране в целом. Следует отметить, что в 70-ые годы технические условия выпуска газеты были не сравнимы с современными: статьи набирались на печатных машинках, не было привычных се-



годня диктофонов и других технических средств. Даже сам сбор информации был не самым простым делом. Признаемся, сейчас мы просто не представляем свою жизнь без мобильных телефонов и интернета. А в 70-х обходились без всего этого и журналисты, договариваясь о встрече, всегда имели при себе только свое главное «орудие» – ручку и бумагу. Осознавая все сложности того времени, приходишь к осознанию того, что в те годы работали истинные виртуозы и мастера пера! Ровно 24 года газета просуществовала под названием «Жезқазған туы», до 1990 года было выпущено 4313 номеров, а 4314 номер порадовал читателей новым названием – «Сарыарқа». Тогдашний редактор газеты Сабыр Саупбаев так объяснял перемену названия: «Изменение названия газеты не стало неожиданным, ведь оно широко обсуждалось не только в узком редакционном кругу, но и с постоянными ее читателями. Так как Жезказганская область граничит со многими областями нашей необъятной страны, то нашу газету читали и в других городах и населенных пунктах. Поэтому ее название необходимо было изменить, и новое имя газеты – «Сарыарқа» – прекрасно подошло нашему печатному изданию». Таким образом, с декабря 1990 года газета официально получило название «Сарыарқа».

Сама же история газеты «Жезқазған туы» начинается с 1973 года, с даты ее первого издания – 13-го апреля. Первым редактором газеты был Сайлаубек Кожамсеитов, а ее первыми журналистами: Сайлаухан Накенов, Шахизада Дармаханбетов, Итен Карымсаков, Избасар Кабдырахманов, Болат Бабаков, Апбаз Каражигитов, Касым Орынбетов, Ескен Хасенов, Балтабек Абеу. Также немаловажный вклад внесли работники «тыла», невидимые корифеи печатного мира – корректора и наборщики текста – Гульнар Кулмаганбетова, Саркыт Шарипова, Базар Жолдыбаева и Бакыт Еркебуланова. Благодаря



грамотной и своевременной работе этих людей, газета обрела большой успех среди читателей. В разные годы в редакции проработало множество журналистов, чьи имена сегодня хорошо известны большому количеству читателей: Кобейсин Енсебаев, Галым Жайлыбай, Батырбек Мырзабеков, Ибрагим Бекмаханов, Газиз Ештанаев, Ерсин Мусабеков, Сара Смагул, Ануар Омар, Абдолла Дастанов, Базарбай Алеуханов и многие другие.

В разные годы главными редакторами газеты были: Сайлаубек Кожамсеитов, Узакбай Толеуов, Сабыр Сауытбаев, Аубакир Ахметбеков, Амандык Рахов, Толеш Асанов и нынешний редактор газеты Дархан Муканов. Каждый из них внес свою лепту в ее развитие. И Дархан Муканов, дабы не отстать от своих именитых предшественников, все свои знания и умения использует для развития этого печатного издания уже на современном этапе. Интересные и содержательные материалы о жизни города, техническая составляющая работы, новшества печатного мира, также интернет портал газеты – все это вводится стараниями нынешнего молодого и талантливого редактора газеты «Сарыарка». Несмотря на свой возраст, Дархан Муканов является одним из лучших в своей сфере, настоящим профессионалом своего дела. Под его руководством сегодня трудятся 15 человек, каждый из которых посвятил свою жизнь родной газете, поддержанию ее имиджа. Благодаря слаженной работе журналистов, фотокорреспондентов, технических работников газета буквально «влюбила» в себя своих читателей. Жители города с нетерпением ждут каждый ее новый номер, а это, уверен, единственно верный знак ее успешности и востребованности.

**Асылхан УЙСИНБАЕВ.**  
*Газета «Жезказганский вестник»,*  
*№13, 13.04.2018*



## ТІЛ ТАҒДЫРЫН ТУ ЕТКЕН

Жезқазған қалалық «Қазақ тілі» қоғамы – тәуелсіздік жылдарынан бастап тіліміздің өрісін кеңейту жолдарын тынымсыз насихаттап, осы уақыт аралығында, республика көлемінде көптеген жерлерде бұл қоғамдық ұйым жұмысын тоқтатқанмен, бағдарынан ауытқымай, өз қызметін қалыпты түрде жалғастырып келе жатқан қоғамдық ұйым. Қол жеткен нәтижелеріміз «тілім», «елім» деген асыл азаматтардың намысқа шауып, жан-жақтан тіл мәселесін тұрақты көтеруінің, табандылық танытуының арқасы дей отыра, тіл тағдырын ту етіп көтерген, сол кезде «Жезқазған туы» аталған, биыл 45 жылдығын атап отырған «Сарыарқа» газетінің рөлін ерекше атағым келеді. Бұл қазақ газетінің 90-жылдары облыс, қала көлемінде қоғамдық пікір қалыптастыруда, ұлттық жадымызды жаңғыртуда елеулі қызметтер атқарғаны ақиқат. «Қазақ тілі» қоғамы мүшелерінің 50 пайызы осы газеттің қаламы ұшқыр, жігерлі тілшілері болды десем, артық айтқандық емес. Олар тіл мәселесінде ең өзекті де түйінді проблемаларға үн қосып, тіл майданында белсенді іс-әрекеттерімен үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. Соның арқасында 90-жылдары қала көлемінде орналасқан оқу орындары мен мекемелерде, өндіріс, кәсіпорындарында Жезқазған қалалық «Қазақ тілі» қоғамының 65 бастауыш ұйымы ашылып, тіл үйірмелері қарқынды жұмыс істеді. Орыстілді балабақшаларда, мектептерде қазақ топтары ашылды. Қазақ халқының ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрі жаңғырып, көпшілікке уағыздалды. Алғаш Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесі Жезқазғанда үш күн тойланып, 150-ге жуық киіз үй тігілді. 173 көшенің аты жан-жақты талқыға түсіп, 50 көшеге қазақ қайраткерлері мен ақын-жазушылардың, көр-



некі ұл-қыздарының есімдері берілді. Бүкіл Дүние жүзі қазақтары Құрылтайының Жезқазған аймағына келгендеріне қоғам тарапынан тиісті құрмет көрсетілді. Алғашқы қазақ ғарышкерлері Т. Әубәкіров пен Т. Мұсабаев, қазақтың біртуар азаматы М. Өзтүрік облыс тұрғындарымен қауышты. Көненің көзі, тарихи ескерткіштеріміз Алаша хан, Жошы хан кесенелеріне қамқорлық, күтім керек екенін алғаш көтерген де – осы газет.

Бұл газет – ана тілінің қолданыс мәдениетін жоғары сатыға көтерген басылым. «Тіл тағдыры – ел тағдыры» айдары әлі күнге дейін осы газеттің бірінші бетінде. Ана тілінде курстар жүргізу мен оқыту әдістемелік бағдарламасы, терминологияға деген көзқарас, латын әліпбиіне көшу хақындағы ұсыныстары, ұстанымы күні бүгін де өзінің мән-маңызын жойған жоқ деуге болады. Бүгін біз «Қазақ тілі» қоғамының бастауында болған «Сарыарқа» газетінде шынайы еңбегімен көпшілік оқырман қауымның көңілінен шыққан ағаларымыз Сайлаухан Нәкеновті, Қуаныш Сихымбаевты, Қуаныш Ахметовті еске ала отыра, Қасым Орынбетов, Балтабек Әбеуов, Аманғали Әбуов, Батырбек Мырзабеков, Амандық Рахұлы, Төлеш Асанов, Ибрагим Бекмаханов, Төкен Әлжантегі, Шахмұрат Ибадатов, Базарбай Әлеуханұлы, Әнуар Омар, Ахат Құрмансейітов, Еркін Мұсабаев, Сара Смағұл, Ғазиз Ештанаев, Сәуле Нүрекенова, Мақпал Ештанаева, т.б. есімдерін ыстық ықыласпен атаймыз.

Аға буынның орнын жастар басты. «Жас келсе іске» дегендей, «Қазақ тілі» қоғамының 2009 жылдан бергі белсенді мүшесі Дархан Мұхан «Сарыарқа» газетіне басшы болып келді. Алаштың ардақты азаматы Міржақып Дулатов айтқандай, «Қай елдің баспасөзі мықты болса, сол елдің болашағы зор». «Сарыарқа» газетінің жас ұжымына шығармашылық табыс тілей отырып, бағындырған белесі биік болып, қаламыздың



ақпарат айдынында қазақ газеті жоғары сұраныс иеленсе, таралымы артып, өзге аймақтардың газеттерімен терезесі тең басылымға айналса екен деген тілегімізді білдіреміз.

**Мейрамкүл ЖОЛДАСБЕКҚЫЗЫ,  
Жезқазған қалалық «Қазақ тілі»  
қоғамының төрайымы.  
«Сарыарқа», №22, 08.06.2018**



## «САРЫАРҚАНЫҢ» САРБАЗЫ


Өткен ғасырдың сексенінші жылдары. Облыстық «Жезқазған туы» газетінде корректор болып жүрген мені редакция алқасы мәдениет бөліміне тілшілікке ауыстырды. Бөлім меңгерушісі – Апбаз Қаражігітов. Редколлегия мәжілісінен шығысымен Апекеңе еріп, бөлімге келдім. Меңгеруші отыратын орнымды көрсетіп, бөлімнің жағдайымен қысқаша таныстырып өтті. Содан соң бетіме барлай қарап: «Шырағым, редакция деген – сөз фабрикасы. Біздің шығаратын өніміміз – сөз. Сөз адамды биікке де шығарады, өртеп, күлге де айналдырып жібереді. Сөз деген өте қуатты қару ғой. Сондықтан алдағы жұмысында осыны есіңнен шығармағайсың. Қаламыңның қарымын дұрыс сөз, адал сөз жазуға жұмсағайсың», – деді.

Бұл кезде Апекеңнің «Ақ моншақ», «Шақпақ», «Әке дауысы» кітаптары жарық көрген. «Белгілі жазушының қарамағында қызмет істейтін болдым. Әрі Апекең – «Жезқазған туының» алғашқы нөмірін шығарған адамдардың бірі. Басқа бөлімге емес, тура осы мәдениет бөліміне қызметке келгенім қандай жақсы болды» деп іштей мәз болып, масаттанып отырған мені Апбаз ағаның мына сөзі қатты ойландырып тастады. Журналистік жұмыстың жоғары жауапкершілігін сезіндірген әңгімесін аяқтаған Апекең: «Ал, жұмысың сәтті болсын, енді мына хаттарды қорыта бер», – деп қолыма бір бума авторлардың хаттарын ұстата салды. Мәдениет бөліміндегі алғашқы жұмыс күнім осылай басталды. Содан бері отыз жылдан астам уақыт сынаптай сырғып өте шығыпты. Ал сол алғашқы жұмыс күні Апекең айтқан ағалық ақыл-кеңес өмір бойы жадымда жазылып қалды. Бұл Апбаз ағаның тәлімгерлік, ұстаздық қабілет-қарымының жоғарылығынан болар, сірә. Жас маманға



оң бағыт сілтеген осы кеңестен оның пейілінің түзулігі, жүрегінің кеңдігі көрініп-ақ тұр емес пе?!

Кейінірек бағамдасам, осы айтқан ақыл-кеңес Апекеңнің өзінің өмірлік ұстанымы екен. Ол – облыстық «Жезқазған туы» газетінің уығын қадап, шаңырағын көтерген журналистердің бірі. 1973 жылдан 1986 жылға дейін облыстық газетте бөлім меңгерушісі болып қызмет атқарды. Облыс өмірінің шежіресін жазуда өзінің жарқын қолтаңбасын қалдырды. Қаламының қарымын жақсы істерді жарқырата көрсетуге, «кемшілікке кеңшілік болмасын» деп олқылықтардың орнын толтыруға аянбай жұмсады.



Облыстың территориясы өте ауқымды, газет бетінде облыстың географиясын сақтап, әр аудан, қаладан мақалалар шығып тұруы керек деген талап бар ол кезде. Сондықтан газет қызметкерлері командировкаға жиі шығады. Журналистер арасында командировкаға көп шығатын, облыстың барлық аудандары мен қалаларының басшыларымен тіл табыса, пікірлесе білетін де Апекең еді. Сол кездегі газет бетінде журналист Апбаз Қаражігітов жазған очерктер, фельетондар, сын мақалалар, проблемалық мақалалар күн құрғатпай шығып жататын. Осылайша ол Жезқазған облысының өркендеуіне қаламының қуатымен қажырлылықпен үлес қосты. Өмір шындығы мен өзекті мәселелерді, жетістіктер мен олқылықтарды қырағы журналист жанарымен көре біліп, оны өзінің ой таразысына салып, лайықты бағасын берді. Еңбек ұжымдарының, еңбек озаттарының тірлік-тынысын, жарқын бейнесін жарқырата көрсетуде оның кәсіби шеберлігі, өзіндік қолтаңбасы айқын



байкалып тұратын. Апекең қарапайым еңбек адамдарынан бастап, шаруашылық басшылары, өндіріс командирлеріне дейінгі аралықтағы адамдардың еңбек жолын ұдайы назарында ұстап, олардың қол жеткізген табысын жұртқа жария етіп, жақсы істердің жаршысы болудан жалықпайтын.

Жезқазған облысындағы өлеңге, өнерге құштар жандарды жанына топтастырып, оларға ақыл-кеңес беруді де ұмыт қалдырмайтын. Облыстық газет бетінде «жанам деген жүрекке от беріп», жас талапқа сәт сапар тілеп, олардың өлең, әңгімелерін жариялап тұруды ұдайы өзінің қызметтік те, ағалық та борышы санайтын. Сол жылдардағы облыстық газетте еңбек еткен әріптестерінің арасындағы елге ең танымал журналист Апекең болды десек, артық болмас. Себебі, ол адамдармен тіл табыса білетін, өзі оң деп санаған іске өзгелерді де құлшындырып қоюдың шебері еді. Апбаз аға облыстық газетте кәсіподақ комитетін басқарған тұста «Жезқазған туының» ұжымы мүшелеріне пәтер алу, балабақшадан орын алу сияқты сол заманда өзге мекемелердің қызметкерлері үшін қиын көрінетін шаруалар оңай шешімін тауып жататын.

Апбаз аға «Жезқазған туының» сыннан өткен, адал сарбазы болды. Құрметті еңбек демалысына шыққан соң да ол өзінің сүйікті газетінен қол үзбеді. Еңбек демалысына шыққан соң шығармашылық жұмысқа бет бұрған Апекеңнің жазған шығармаларымен оқырман қауым ол шығармалар кітап болып шықпай тұрып-ақ, облыстық газет беттері арқылы таныс болып жатушы еді.

Ағаның бойындағы басты қасиет – қоғамда болып жатқан оқиғаға жедел үн қоса білуі болатын. Тоқсаныншы жылдары сонау Магаданға Сәкен Сейфуллиннің жерленген орынын іздеп барған экспедиция құрамында болған ағамыз сапардан оралсымен облыстық газет бетінде экспедиция сапарын бүгеге-шігесіне дейін қалдырмай жазып, оқырманды хабардар етті.



Қоғам дамуының сан салалы ісіне белсене араласатын қанға сіңген осы мінез, осы дағдыдан ол өмірінің соңғы сәттеріне дейін тайған жоқ. Айналасындағы жағдайды қалт жібермей қадағалап отыруды, болып жатқан оқиғаларға дер кезінде үн қосуды «Сарыарқаның» сарбазы – Апбаз Қаражігітов адамдық парызы санайтын. Ол онымен қатар еңбек еткен әріптестерінің жадында белсенді, ширақ, алғыр мінезімен сақталып қалды.

**Сара СМАҒҰЛ.**  
*«Сарыарқа», №30, 02.08.2013*



## ЖАҚСЫЛЫҚТЫҢ ЖАРШЫСЫ

Қарағанды мемлекеттік университетін бітірген соң, Жезқазған облыстық «Жезқазған туы» газетіне жұмысқа келдім. Редакцияға келгенде ең алғаш кездестірген адамым Сайлаухан Нәкенов болды. Сыртқы есігіне «Жауапты хатшы» деп жазылған кең кабинетте Сайлаухан аға темекіні бұрқыратып, әлденені шұқшия жазып отыр екен. Бейбітшілік көшесі, 13-үйдің екінші қабатына орналасқан редакция ішінде ол кісіден басқа жан жоқ. Түскі үзіліс кезі болатын. Мән-жайды білген соң ол:

– Сен менің тілімді алсаң, жұмысты корректорлықтан баста. Сонда редакциядағы жұмысты бүге-шүгесіне дейін жақсы біліп шығасың. Бөлімге де сосын ауыса жатасың. Бірақ өлең, әңгіме, мақалаларыңды тоқтамай жаза бер, өзіңді көрсет. Қазір түскі үзіліс қой. Редактор жоқ. Шамалыдан соң келеді, – деп ағалық ақылын айтты.

Аз уақыттан соң бас редактор Ұзақбай Төлеуов те келді. Ол да ақыл-кеңесін айтып:

– Өзің университетті кілең «5»-ке бітіріпсің ғой. Бірақ бізге, негізі, жігіттер керек. Командировкаларға шығып тұру қыз балаға оңай емес. Облыстың аумағы үлкен. Оның ана түпкірінен мына түпкіріне тынбай шапқылап жүру қиын ғой. Сен жұмысты корректорлықтан бастап көр, көзің қаныға береді, – деді менің дипломыма үзіле қарап отырып.

Осылайша облыстық газеттегі жұмыс басталды. Ол кезде газет аптасына бес рет үлкен форматпен шығады. Корректорлардың әрқайсысына бір беттен беріледі. Сол беттерді Зейнеп Бейсенова апай, Жүрсінкүл, Күлше және мен төртеуіміз тәптіштеп оқып, қатеден тазартып отырамыз. Ара-арасында, Сайлаухан аға айтқандай, газетке өлеңдерімді беріп, мақала-



лар жазып тұрамын. Бас редактор айтса айтқандай, журналистер шынында да тынбай командировкаға шығып, келе салысымен барған жерлерінен бұрқыратып мақалалар жазып жағтады. Оларға қарап, қашан қатарларына қосылар екенмін деп қызығып жүретінмін.

Бөлімге ауысудың сәті маған бірер жылдан соң түсті. Себебі, кішкентайлы болып, бір жылдай сәби күтімімен үйде отыруға тура келді. Декреттік демалыстан шыққан соң әдебиет және мәдениет бөліміне тілші болып ауыстым. Бөлім меңгерушісі жазушы Апбаз Қаражігітов екен. Апекең бөлімнің жұмысымен таныстырып болған соң:

– Мынау – авторлардан жер-жерден келген хаттар. Іске жарайтынын қорытып, кәдеге жаратарсың. Шырағым, редакция деген – сөздің фабрикасы ғой. Біздің шығаратын өніміміз – сөз. Сөз адамды биікке де шығарады, өртеп, күлге де айналдырып жібереді. Сондықтан автордан келген хаттарды қорытқанда абай болған жөн. Жақсы да, жаман да ой-пікірін жазатындар болады. Басқа біреудің жанын жаралайтын сөзге жол бермей, әр сөздің ақиқатын анықтауға тырыс, – деп қолыма бір топ хатты ұстатты.

Апекеңнің осы бір сөздері жадымда жатталып қалды. Қолыма қалам алған кезде әркез есіме түседі.

Әдебиет және мәдениет бөлімінің материалдарын бас редактордың орынбасары Сапабек Мырзатов қарайды. Ол кісінің мінезі қатал, жазғаныңды мұқият қарап, жаратпаса лақтырып тастайды. Қайтадан жазуға тура келеді. Редакцияның тапсырмасымен барған жеріңнен әкелген материалды демде жазып тастағаныңды ұнатады. Сапабек ағаның қоятын талабының бірі – автор хаттарын жылдам қорытып, газет бетіне шығару. Бір айда өз атыңнан көлемді үш мақаладан артық жазуыңа жол бермейді.

Газетте ай сайын әдебиет беті шығады. Ол бетті шығару менің мойнымда. Мырзатовтың талабы бойынша, бір айда жа-



рияланған автордың өлең, әңгімелері келесі айда жарияланбауы керек. Әдебиет бетіне әр ай сайын облыстың әр түпкірінен жаңа автор тарту – міндет. Бетке әңгіме табу көбіне қиынға соғады. Әңгіме жазатын жаңа авторды қайдан таба бересің? Осы қиындықтан шығудың жолын ойлап, кейде қулық жасауға да тура келеді. Бірде мынадай қызық болғаны бар. Кезекті әдебиет бетіне әңгіме таппай қиналып отырғанмын. Совет құрылысы бөлімінде қызмет істейтін Батырбек Мырзабеков бөлмеге кіріп келді. Әдебиет бетіне әңгіме таппай отырғанымды білген соң Баткең:

– Менде дайын әңгіме бар. Бірақ оны Сапкең өткізбейді ғой... – деп біраз ойланып тұрды да: – Мен сол әңгімені басқа біреудің атынан берейін, – деді.

– Мырзатов мұны біліп қояды ғой, – деймін.

– Жоқ, ол кісі білмей қалатындай қыламыз, – деді.

Ертесіне Баткең әлгі әңгімесін конвертке салып, Некрасов көшесі, 17-үйде тұратын Жауғашов деген бөлесінің атынан редакцияға жөнелтті. Келер күні редакцияға келіп түскен хатты хат тіркеуші Мәкен Үсенова өз журналына тіркеп, маған алып келді. Мен әңгімені машинкаға бастырып, әдебиет бетінің өзге материалдарымен қосып Сапабек ағаға тапсырдым. Араға азкем уақыт салып редактордың орынбасары бөлімге кіріп келді.

– Мынау кім? Қайдан келген автор? – деді көзілдірігін қолына ұстап тұрып.

Біліп қойды екен деп зәрем кетті. Сонда да сыр бермей, жаңағы әңгіменің түпнұсқасын конвертімен қоса қолына ұстата бердім.

– Мынау әңгіменің жазу стилі маған таныс сияқты, – деп ойланып біраз тұрып, Сапкең хат бөліміне қарай кетті. Мәкенге барып, журналдан Жауғашовтан келген хаттың тіркелген-тіркелмегенін анықтады. Не болар екен деп мен де жалма-жан



хат бөліміне бардым. «Қызық екен, автордан келіпті. Бірақ бұл кім?» – деп біраз ойланып тұрып, Сапабек аға өз кабинетіне қарай кетті. Не керек, жаңағы әңгімеге қол қоймай, екі күн ұстады ғой. Ақыр аяғында қолды бір сілтеп, қол қойып берді.

Мырзатов осындай темірдей қатал тәртібі арқылы редакциядағы жас журналистерді өзі қалаған мамандықтың жауапкершілігін жете сезінуге баулитын. Ол өзі өмір сүрген уақыттың, қоғамның идеяларына шын жүрегімен берілген адамның бірі болатын.

Облыстық газет бас редакторының бірінші орынбасары болған, кейін «Жезқазған туының» бас редакторы қызметін ұзақ жылдар атқарған Сабыр Сауытбаев қарамағындағы адамдарға қашанда қамқорлықпен қарайтын мінезімен, қарапайымдылығымен есте қалды. Ол өзі басқаратын шығармашылық ұжымның қай-қайсысына болсын үлкен сеніммен қараушы еді.

«Жезқазған туы», кейінірек «Сарыарқа» аталған газет Ұлытаудан Балқашқа дейінгі аумақты алып жатқан облыс халқының ширек ғасырдай айнымас сенімді серігі болды. Газеттің сайдың тасындай іріктелген, қаламы ұшқыр журналистерінің очерктері мен суреттемелері, фельетондары, проблемалық мақалалары үзбей жарияланып жататын. Елдің, жердің тарихы, облыс көлеміндегі еңбек озаттары туралы мақалаларды оқырмандар іздеп жүріп оқитын. Бір айтарлығы, газет қашанда елдік, ұлт мүддесіне қатысты мәселелерді назарда ұстап отыратын. Әсіресе, газеттің бетінде осындай тақырыптағы дүниелер 80-жылдардың ортасында, 90-жылдардың басында жиі жарияланушы еді. Ұлттық салт-дәстүр, ана тілдің сол тұстағы мүшкіл халі туралы дабыл қағып, қоғамдық пікір тууына қозғау салуға мұрындық болды. Қазақ мектептерінің санын көбейтуге, қазақ тіліндегі балабақшаның ашылуына септігін тигізді. Сол тұстағы газеттің бас редакторының орын-



басары Сайлаухан Нәкенов газеттің әр нөмірінде «Тіл тағдыры – ел тағдыры» айдарымен материалдар берілуін қадағалап, осы тақырыпты көтеретін бөлім қызметкерлері Шахмұрат Ибадатов екеуімізден күн сайын келесі санға қандай мақала беретінімізді сұрап, тығырықтатып отыратын.

Бүгінде газеттің сол жылдардағы тігінділерін ақтарар болсақ, сарғайған беттерден Қасым Орынбетов, Ескен Қасенов, Балтабек Әбеуов, Көбейсін Еңсебаев, Мұратхан Қаниев, Бағдат Мекеев, Мақұлбек Рысдәулетов, Батырбек Мырзабеков, Аманжол Үсенов, Сұлтан Әлиев, Серікгүл Алтайбаева, Бақыт Балғарина, Дәметкен Ахметова, Рәзига Әшеева және тағы да басқа журналистердің жазғандарын көріп, сол уақыт, сол дәуірдің тынысын сезгендей боларыңыз сөзсіз.

Облыс жабылып, облыстық газеттің заңды мұрагері аймақтық «Сарыарқа» газеті болып қайта құрылған соң да жақсылықтың жаршысы болу дәстүрінен жаңылған жоқ. Аймақтық газет редакциясының қызметкерлері алдыңғы толқын аға-апалар салған жақсы жолды әрі қарай жалғастырып, ел мүддесіне қызмет етуді азаматтық борышы санауда.

Менің еңбек жолым облыстық газетте басталып, одан соң аймақтық «Сарыарқада» жалғасты. Сонда әуелі облыстық, одан соң аймақтық газет аталған «Сарыарқада» 38 жыл табан аудармай қызмет еткен екенмін. Еңбек жолымды ағалардың ақылымен облыстық газетте корректор болып бастап, одан соң тілші, аудармашы, бөлім меңгерушісінің орныбасары, аймақтық газетте бас редактордың кеңесшісі қызмет баспалдақтарынан өтіп, бас редактордың орынбасары болып аяқтадым. Бүгінде қалам құдіретінің мәнін сезіндірген уақытты сағынышпен еске аламын. Қаламымның мұқалмай, шыңдала беруі, сол арқылы азды-көпті жазған еңбегім елге танылуы – «Сарыарқа» («Жезқазған туы») га-



зетінің арқасы. Әу баста кілең жақсылар мен жайсаңдардың ортасына түсіп, солардың өнегесін көруім – тағдырдың маған берген сыйы деп білемін.

**Сара СМАҒҰЛ,  
Қазақстан журналистерінің  
«Жүректен – жүрекке» ұлттық  
байқауының жеңімпазы.  
«Сарыарқа», №27, 13.07.2018**



## САҒЫНЫШҚА АЙНАЛҒАН САҒЫМ КҮНДЕР

*Журналистер жүрген жер – қызығы мен шыжығы мол, думаны түгесілмес орта. Олар – «сен кішісің, мен – үлкен» деген ұғымнан ашақ ұстанымдағы жандар.*

*XXI ғасырдың бастапқы тұсында Жезқазған қалалық «Сарыарқа» газетінде бірыңғай жақсылар мен жайсаңдар еңбек етті. Ынтымағы ыдырамас ұжымның ардагерлері аяулы да қажырлы, ал жастары жалынды да жігерлі еді. Сол ортадан сан саңлақ биіктерге қанат қақты. Әрқайсысы әр бағытқа ұшты. Өмір жолдары – сан тарау. Олардың бірі – Астана, Алматыда, екіншісі – облыс орталығында, үшіншісі туған жерде тірлік нәсібін теруде.*

*Қай тарапта жүрсе де, бәрінің басын біріктірер құдіретті күш бар.*

*Ол – ескірмейтін естелік, өткен шақты аңсау сезімі...*

### Ибрагимнің «Ұлы ақын» атануы

Сол жылдары «Сарыарқа» саңлақтарының бас сардары – Амандық аға Рахұлы. «Ақсақалымыз» – жасы 50-ді енді ғана еңсерген қаламы жүйрік журналист, «Сырда туып, қырда өскен» ақын Ибрагим Бекмаханов. Заман – қиындау. Редакцияның қаражат қоржыны мәз емес, жалақы мардымсыз. Соған қарамастан, қисынды да қисынсыз той тойлай беретін, «аттан!» қайдан шығады деп елендеп тұратын біршама «көксоққан» бармыз. Қысқасы, басымыз жиі зеңгіп, табысымыз татымсыздау екеніне қарамастан, кірісімізден шығысымыз басымдау болып жүретін кезіміз.



Рас, қасымызда қалтасы қалың бір кісі бар – Ибрагим Бекмаханов. Сойқан отырыстан кейін келесі күні солқылдаған басты «ретке келтіріп беретін құтқарушымыз» – сол. Айлық жалақысы тұтасымен үнемі әмиянында жүреді, тапқан табысына өзі қожа. Серке Қожамқұлов атындағы Жезқазған музыкалық-драма театрында әдебиет бөлімінің меңгеруші қызметін қоса атқарады. Ал ол үйдегі Мәкеш тәтеміз – «Жезқазғантүстімет» өндірістік бірлестігінің бас бухгалтері, айлығының көлемі Ыбекеңнің жалақысынан ең кемі 10-15 есе көп адам. Тәтеміз өз шалының ай сайын қанша табатынын да білмейтін болуы керек, сірә.

Содан, не керек, бірі күні әлдебір «себеппен» түн ортасына дейін «сілтедік». Ертеңіне, біреу ерте, біреу кеш дегендей, үздік-создық жиналдық-ау редакцияда. Жағдайымыздың қандай екені айтпаса да түсінікті. Бірақ ешкімнің қалтасында көк тиын жоқ. Ыбекең кабинеттің төр жағында қағаз сүйкеп отыр. Кешегі сұрапыл отырыста бұл кісі мінәйі бір себеппен ортамызда болмаған. Хал-күйімізден хабардар еттік, қыңқ етпейді. Әншейінде көңілі көлдей көкеміз бұл жолы «жібитін» сыңайы жоқ...

«Қазына» – қасымызда. Қайтпек керек?

Миыма тыңнан бір ой сап ете қалды: көкемізді келістіріп мақтау керек, сонда жаратылысынан ақкөңіл жан ақтарыла сарлары анық...

Жанымдағы жүгірмектерге «Енді үндемеңдер!» дегенді ыммен сездірдім де, қолыма қалам алып, амалсыз қағазға төндім. Өзімді өзім қинап, шашыраңқы ойларды жинап, әупіріммен он-он бес минутта 2-3 шумақты тізіп шықтым-ау, ақыры...

*«Ағайыннан алғыс пен тек бата алып,  
Аяқ асты «Ұлы ақын» кетті атанып.*



*Бір түнде бес-алты өлең жазып шығар,  
Бұл күнде Ибрагим Бекмаханов...» –*

деп басталатын тыңнан туған туындымды батылдау басып бардым да, көкемнің алдына қоя салдым. «Бұл не?» – деді де, қолына алып, көз жүгірте бастады. Бір оқыды – езуіне күлкі үйірілді, қайталап оқыды да: «Әй, сәбәкілер-ай! Болмадыңдар ғой...» – деп шалқалай қарқылдап күлген қалпы кәстөмінің төс қалтасына қол жүгіртті. Сөйтті де: «Мә, жылдам барып келіңдер», – деп ортаға екі мың теңгені тастай салды.

Ол кезде екі мың – үлкен ақша.

Қасымызға Ыбекеңді қосып алып, сол күні бір армансыз жырғап едік. Айтып-айтпай не керек, бас жазудың ақыры қас қарайғанша көкеміздің «Ұлы ақын» атануын атап өтуге ұласқан болатын...

\* \* \*

Ара-тұра «Әй, дала көңілім-ай!» (өзі мені солай атайды) деп телефон шалатын Ыбекең қазір Алматыда тұрады. Зейнет демалысында. Бұйыртса, «Сарыарқаның» мерейтойына келіп қалатын шығар деп елеңдеп жүрген жайымыз бар...

### **Заряны «қыспақтан» құтқару**

Газет қызметкерлерінің арасында жан-жағына шуақ шашып, жадырап жүретін ерекше жаратылған жанның бірі бізге «Дидар» телеарнасынан қызмет ауыстырып келген Заря Жұманова еді. Ойы ұшқыр, қаламы өте қарымды. Жазу стилі де ерекше. Тақырып талғамайтын және кіріскен дүниесін тиянақтамай тыным таппайтын. Ал «емшілік» қасиеті мүлдем ғажап болатын. Басының сақинасы бар әріптестеріміздің шекесі



мен желкесін жарқылдай әңгіме айтып тұрып уқалап бергенде, кімнің де болсын, демде жандары кіріп, қабақтары жазылып қоя беруші еді.

Бұрынғы «Жезқазған туы», кейінгі «Сарыарқада» қызмет атқарып зейнетке шыққан ардагер журналистер редакцияға жиі бас сұғады. Солардың бірі – айтулы ақын, баспасөз майталманы Сайлаухан Нәкенов ағамыз. Ол кісінің өрнегі мол өлең-жырларына қай-қайсымыз болсын тәнтіміз, лайықты құрмет тұтамыз. Адал ұстаным мен ақиқаттан таймайтын, тіршілік түйткілдері мен қоғамдағы құбылыстарға қатысты өзіне тән дербес көзқарасын ешқашан өзгертпейтін, сырбаз сөйлейтін, өзінен кейінгі буынның арасында болмашы болса да талант ұшқыны барларын қал-қадерінше мәпелеп, қызғыштай қоритын, сырын білмейтін сыртқары адамдар қайтпас қайсарлығын, табандылығын байқап қалса, «мінезі қыңырлау екен-ау» деп ой түюі бек мүмкін, бөлек болмысты жан еді, жарықтық.

Қазір нақты есімде жоқ, қандай да бір атаулы күннің аясында ма, әлде ағамыздың «Жұмақтың жолы» жыр жинағы жарық көргеннен кейін бе, әйтеуір, Сайлаухан аға туралы мақала жазу жайлы сөз қозғалды. Ол кісі туралы қалам тербеу – жеңіл жүк емес. Оны бәрі біледі. Біршама «әрі тарт та, бері салдан» кейін менің «Мұны Зарядан басқаның алып шығуы қиын» деген ұсыныс-пікіріммен әлгі дүниені «дүниеге әкелу» жауапкершілігі Жұмановаға жүктелді.

Қолына алған шаруаны «қопарып тастауға» машықтанған Зәкең көп ұзатпай мақаланы әзір қылып, секретариатқа өткізді. Жабыла оқыдық, бәрімізге ұнады. Ұнаған соң мақтадық. Біз – Заряға, Заря бізге риза. Іле-шала мақтаулы дүние газетте жарқ ете қалды...

Сөйтсек, бәрімізге ұнаған мақала ағамызға ұнамай қалыпты. Оны ертесіне Сәкеңнің өзі редакцияға келіп, «әңгіме»



бастағанда бір-ақ білдік. Ерте білгенде де қылар қайранымыз жоқ еді, әрине. Газет елге тарап кеткен...

Ағамыздың қабағы «қыртыстанғанын» аңғарған жұрт безіп кетті. Заря арыстанның алдындағы дәрменсіз көжектің күйіне енген. Орталарында сол сәтте редакцияға кездейсоқ келе қалған ардагер журналист, ақын Көбейсін көкем Еңсебаев пен мен ғана бармыз. Менің болуым батылдықтан немесе «бетсіздіктен» емес, басқаша себебі бар. Ағамның өлеңдерін жатқа оқушы едім, содан ба, әйтеуір, өзіне жақын тартып, айрықша жақсы көретін. Кей кезде қызмет бөлмеме кіріп келіп: «Ғалымнан (Жайлыбай) өлең оқы», – дейтіні бар, мен ондайда іркілмей заулатамын. «Сен өлеңді өте әдемі оқисың», – деп арқамнан қағып, қолпаштап қояды ондай сәттерде. Сондықтан да ағамның алдында сәл еркіндеумін...

Өңгіме төркінінен анық аңғарғаным – ақжүрек ақын мақаладағы өзінің мінезіне берілген сипаттамаға келіспейді. Зілденбей-ақ сөйлеп отыр, алайда айтқандары – зілмауырдай...

Заря әлденені айтып ақталғысы келеді, ағамыз қолын көтеріп, тыйып тастайды...

Менің көкейімде – жалқы ой: «Өңгімені өршітпей, Сәкеңнен Зәкеңді қалай құтқарып алсам екен?» ғана.

Соншалықты айыпталардай жазығы жоқ жанды айбары арыстандай ақынның қыспағынан алып шығудың оңтайлы тәсілі ойыма лезде орала кеткені. Бір күн бұрын алыстағы ауылда жатқан айтыс ақтанкері «Дәридай» ақын – Мұқаш Сейтқазиновтан «сәлемдеме» жеткен. Онысы – өлең, өзегі – ақынның ақын талантын тануы мен мойындауы. Өлең тақырыбы мен мәтінінің арасына кіріктірілген «Ақын Сайлаухан Нәкеновке» деген сілтемесі бар.

*«...Мен «Арқада ақын бар!» деп айта алам,  
Жезқазғанда жыр жазатын Сіз барда», –*



деп түйінделетін бәлен шумақтан тұратын шұрайлы жыр жолдары түзілген бір парақ қағаз жұмыс столымның суырмасында жатқан. Оны өзімнен басқа ешкім де әлі оқып үлгермеген еді.

– Аға! – дедім жұлып алғандай. – Сәл аялдай тұрыңызшы, мен мүлдем ұмытып кетіпшім ғой...

– Нені?! – деді тіл ұшындағы сөзін кілт тыйған Сәкең маған таңырқай қараған күйі.

– Ана керемет өлеңді. Қазір, жарты минутта жетем...

Солай дедім де, сыртқа қарай апыр-тұпыр тұра шаптым.

Бір демде кабинеттегі стол суырмасынан өлең жазылған қағазды іліп ала салып, кері жүгірдім. Есіктен екпіндете қайыра кірген бетімде, еңтігімді басып үлгермей: «Сайлаухан Нәкеновке!» – деп бір қолымды жоғарыға көтере сермеп, саңқ ете қалдым. Үшеуінің назары менде: «Мынаған ненің шалығы тиді?» деген кейіптегі көзқарас.

Жаңағы менің кимелеуіммен еріксіз үзілген «тәлім-тәрбие беру сабағы» далада қалды.

Бірден, еш түсініктеме берместен, бар мүмкіндігімді салып, шабыттана өлең оқуға кірістім. Содан: «Мұқаш Сейтқазінов, Ұлытау ауданы, Шеңбер ауылы», – деп бір-ақ тыныстадым.

Сәл үнсіздік баураған бірер секундтық үзілістен кейін: «Кәні, қайыра оқышы», – деді ағатайым. Жансарайы жарық күндей ақсамал ақынның жүзінде жылылық, үнінде мейірім үстемдік құра бастаған секілді. «Іздегенге – сұраған», маған да керегі сол. Тамағымды қырнаған болып, бетімді қолымдағы қағазбен көлегейлей берген сәтімде Заряға «Жылдамырақ зыт бұл жерден» дегенді көз жанарыммен ымдап үлгердім.

Өлеңді екінші рет асықпай, мәнерлей оқып шығып, зер салғанымда Сәкеңнің келбетінен көктемнің жайма-шуақ лебі есіп тұр екен. Бұл кезде Заря кабинеттен «жымын білдірмей» шегіншектей басып, шығып үлгерген болатын. Сайлаухан ағамның да әлгіндегі жағымсыздау әңгімеге қайта айналып соқпасы айдан анық еді...



\* \* \*

*«Аз емес-ау ғұмырда мұңым кешкен,  
Барады өтіп уақыт кідірместен.  
Алаң едім өмірге, ей, Адамзат,  
Балаң едім – кіндігін Қыдыр кескен», –*

деп төгілте жырлап, мағыналы ғұмыр кешкен Сайлаухан ағамыз жарық жалғаннан бақиды бағытқа алып аттанғалы бері де біршама жылдар жылжып кетіпті.

Заря отбасымен бірге Алматыға қоныс аударған соң бір шүйіркелесе қалғанымызда асылтекті ағамыздың: «Ол – қабілет-қарымы мықты қыз. Әдеби ортаға барғаны дұрыс болды. Түбі бір жерден жарып шығады», – дегені есімде. Аузы дуалы ақынның айтқаны айнымай келді. Заря Жұманова – қазір журналистика мен жазушылықтың жүгін қоса-қабат әрі абыройлы арқалай білген, елге танымал қаламгер. Алатаудың бөктерінде жүріп, Ұлытауды сағынады, Жетісудың іргесінде жүріп, Жезқазғанды аңсайды...

### **Мақпалды жұртқа таныстыру**

Ұлытаудан Жезқалаға көшіп келіп, «Сарыарқаға» қызметке орналасқанымда, мұндағы қалам ұстағандардың ішіндегі жасы кішісі мен болдым. Жанымдағы журналистер қауымымен етене араласа келе, «бәрінің еркесі өзім боламын» деген ішкі бақай есебімнен көп ұзамай бас тартуға келді.

Бір күні бас редактор Амандық Рахұлы біз (Сара Смағұл, Сәуле Нүрекенова және мен) отыратын кабинетке бір қызды (әу баста солай ойлап қалғам) ертіп келді де, менің қасымдағы бос столды нұсқады: «Міне, жұмыс орның», – деп. Адам жатырқамайтын, ашық-жарқын, жайдары пейіл жан екен. Аты-



жөні – Мақпал Ештанаева. Таныса келе білдік, отбасылы, балалы-шағалы, әжептәуір жұмыс өтілі мен тәжірибесі бар, қалыптасып қалған журналист болып шықты. Астанадан көшіп келіпті. Екеуіміздің бір жылға жуық жас айырмашылығымыз бар, мен сәл ғана үлкендеу, ол аз ғана кішілеу дегендей...

Қатарымызды толықтырған жаңа қызметкерді бірқыдыру «тергеп», жоғарыдағы жайттарға қанықтық. Көкейде әлі жауабын таппаған бір сауал бар: «Бұл келіншек сонда Жезқазған университетінің кафедра меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты, ақын Ғазиз Ештанаевтың туысқаны ма, әлде жай ғана ататегі ұқсас біреу ме?» деген мазмұндағы. «Ұрыста тұрыс жоқ», бұл сұрақты да індеттім:

– Ғазиз Ештанаевты білесің бе?

– Иә, білемін ғой.

– Ол кісі ағаң ба?

– Жоқ, ағам емес.

– Ағаң болмаса, қандай жақындығы бар?

– Қайынағам.

– Туған қайынағаң ба?

– Иә, туған қайынағам.

– Е, қарағым, менің пайымдауымда, күйеуің Ғазекеннің туған інісі болса, ағасына тартқан жақсы азамат болуы тиіс. Онда сенің де жаман әйел болмағаның...

– Мүмкін, – деген ол жылы ғана жымыып...

Осылайша, орынды эзілмен аяқталған алғашқы күнгі аз-кем әңгіме жүре-бара адами қалыптағы өзара терең сыйластыққа, отбасылық жарасымды қарым-қатынасқа, құрдастарға тән қатты қайырым қалжыңға ұласарын ол кезде біз біле қойған жоқ едік.

Мақпалдың кейінірек: «Алғаш жұмысқа орналасқан күні тергеушіден бетер сұрақтың астына алғаныңда «Мынау бір жексұрын жігіт екен» деп ойлап қалып едім, ондай емес екенсің», – дегені бар.



Редакцияға күнделікті кіріп-шығатындардың қатары ешқашан сиремейді. Қала шағын болғандықтан, олардың дені етене таныс. Бәріне бейтаныс – Мақпал. Сондықтан «Бұл қай бала?» деген сауал тым жиі қойылады. «Сен қай баласың?» деген мазмұнда өзіне тікелей сұрақ қоюшылар жоққа тән.

Елдің бәріне ерінбей-жалықпай, ежіктей жауап беретін мен баяғы.

– Бұл – Мақпал Ештанаева. Ғазиз Ештанаевтың келіні, туған інісінің әйелі. Астанадан көшіп келген. Жұмысқа жақында орналасты. Мақалаларын оқып жүрген шығарсыз. Қайынағасы сияқты мықты журналист.

Осы тектес жауапты қайталап айтумен, аузым көпірмесе де, зықым шығатыны да рас еді.

– Сен мені елге осылай таныстырғанды қойшы, Құдай үшін, – десін Мақпал бір күні ойда жоқта.

– Қалай таныстырғанды қояйын?

– «Ғазиз Ештанаевтың келіні» дегенді қой.

– Түк түсінсем бұйырмасын. Келіні екенің өтірік пе?!

– Келіні екенім рас қой, бірақ сен «Ештанаевтың келіні» дегенге екпін түсіріп айтасың.

– Екпін түсіргеннен өзгеретін не бар?

– Біртүрлі ыңғайсызданам, жұрт қайынағасының арқасында журналист болып жүрген біреу ғой деп ойлап қалатын сияқты. Шын айтам, енді олай таныстырмашы.

– Енді қалай таныстырайын?

– Қалай таныстыратыныңды өзің білесің, бірақ басқаша таныстыр.

– Жақсы. Басқаша таныстыр десең, басқаша таныстырайын.

Сөйтіп ауыз жиғанымша болған жоқ, сәлем беріп тағы бір кісі кіріп келсін. Аз-кем әңгімеден кейін Мақпалды иегімен нұсқап тұр, сол баяғы бір сұрақ: «Танымадым ғой, мына бала



қай бала?..» «Жазған құлда шаршау жоқ», сауалға жауап беру – міндет. Алайда, әріптес-досыма берген уәдем бойынша, жауабым бұрынғыдан басқаша болуы керек.

– Бұл бала – Мақпал Ештанаева. Астанадан келді. Ақын Ғазиз Ештанаевты білуге тиіссіз, сол кісі – бұл кісінің қайынағасы. Мақпалдың мақалаларын газеттен оқып жүрген шығарсыз, өте әдемі жазады. Ғазекен де осы келініне тартқан мықты журналист қой.

Осыны айтып тұрғанда екі көзім Мақпалда. Екі беті алауөрттей қып-қызыл, төмен қарап, ернін жымқыра тістеп, үнсіз отыр.

Содан әлгі кісі қош айтысып, есіктен шығып кеткен соң ғана басын көтерді:

– Сенің бүйтіп таныстырғаның құрып кетсін!

– Е, не болды тағы да? Басқаша таныстыр дедің, басқаша таныстырдым. Енді маған не дейсің?

Менің екі езуім екі құлағымда, ал ол болса, жыларман күйде...

– Айналайын, Ахатжан, – дейді, – мына түріңмен елге күлкі қыласың ғой, өтінем сенен, бұрынғыша таныстыра берші...

\* \* \*

Иә, ол да бір қызығы мол дәурен еді...

Кейін мен қызмет ауыстырып, Қаражал қаласына кеттім. Көп ұзамай «Ғазиздің келіні» де жар қосағы – жампоз жігіт Жазбекпен, бала-шағасымен бірге Елордаға қайыра қоныс аударды. Содан бері әр саладағы бірнеше лауазымды қызметтерде болды. Бірақ мен бейтаныс ортаға жаңадан барғанда оны басқа жұртқа кімнің, не деп таныстырып жүргенінен бейхабармын...

**Ахат ҚҰРМАНСЕЙІТОВ,**  
**Қазақстан Журналистер одағының мүшесі**

## МАЗМҰНЫ

|  |     |
|--|-----|
| <i>Дархан Мұхан. Аймақ өмірінің айнасы</i> .....   | 3   |
| Газет тарихынан.....   | 8   |
| <b>Абдолла Дастанов.</b> Сайлаухан аға.....  | 11  |
| <b>Көбейсін Еңсебаев.</b> Есімде қалған есімдер.....   | 19  |
| <b>Дархан Мұқанов.</b> «Оқырманның талғамын газет<br>мазмұны қалыптастырады».....                    | 28  |
| <b>Ибрагим Бекмаханов.</b> Нұрлы белестер, сырлы елестер.....  | 35  |
| <b>Амандық Рахұлы.</b> Өңір тарихында өрнек қалдырған.....   | 39  |
| <b>Диана Оразалина.</b> Теру машинасын ширек ғасыр<br>серік еткен.....                               | 43  |
| <b>Диана Оразалина.</b> «Қырық екі жылым өтті мұнда менің,<br>он тоғызымда жұмысқа тұрған едім»..... | 47  |
| <b>Сәуле Нүрекенова.</b> Шуақты күндердің куәсі.....   | 54  |
| <b>Диана Оразалина.</b> «Мені шыңдаған – «Сарыарқа».....   | 58  |
| <b>Төлеш Асантегі.</b> «Сарыарқаның» өз адамы.....   | 63  |
| <b>Шахмұрат Ибадатұлы.</b> Жүректегі жазулар.....  | 71  |
| <b>Амандық Рахұлы.</b> Үлкен мектептің үлгісі.....   | 79  |
| <b>Аманғали Әбуов.</b> Жақсылар мен жайсаңдар жайлаған жер.....                                      | 90  |
| <b>Төлеш Асантегі.</b> Менің мектебім.....   | 94  |
| <b>Гүлбаршын Ақтамберлина.</b> «Сарыарқаны» сағынбау<br>мүмкін емес.....                             | 104 |
| <b>Әлібек Әбдіраш.</b> Демократияның «кермек» дәмі.....  | 113 |
| <b>Кенжеболат Жолдыбай.</b> Игі істердің жаршысы.....  | 115 |
| <b>Ізтай Белгібайұлы.</b> Көзден кетсе де, көңілден кетпеген.....                                    | 118 |
| <b>Амандық Рахұлы.</b> Меншікті тілшілер.....  | 121 |
| <b>Анар Құрманбаева.</b> Редакцияда өткен әр күнім ыстық.....  | 125 |
| <b>Венера Қабиева.</b> Өрқашан тілекшімін.....   | 127 |
| <b>Өмірбек Мұқанов.</b> Өркендей бер!.....   | 129 |
| <b>Диана Оразалина.</b> Екінші төркінім.....   | 130 |

|  |     |
|--|-----|
| <b>Перизат Шәмшібек.</b> Жасай бер, «Сарыарқам»! .....                                     | 134 |
| <b>Абдолла Дастанов.</b> Әдемі әзілдер, қуатты қалжыңдар .....                             | 138 |
| <b>Мейрамгүл Саяжан.</b> «Газет халықтың ең сенімді<br>рухани серігіне айналуы тиіс» ..... | 143 |
| <b>Ізтөлеу Түсіп.</b> Аймақ баспасөзінің қарашаңырағы.....                                 | 150 |
| <b>Алма Джуманбаева.</b> Газета – друг, газета – собеседник .....                          | 155 |
| <b>Асылхан Уйсінбаев.</b> «Сарыарқа»: история длиною в 45 лет .....                        | 160 |
| <b>Мейрамкүл Жолдасбекқызы.</b> Тіл тағдырын ту еткен .....                                | 163 |
| <b>Сара Смағұл.</b> «Сарыарқаның» сарбазы.....   | 166 |
| <b>Сара Смағұл.</b> Жақсылықтың жаршысы .....  | 170 |
| <b>Ахат Құрмансейітов.</b> Сағынышқа айналған сағым күндер.....                            | 176 |

## АҚПАРАТ АЙДЫНЫНДА

*«Сарыарқа» («Жезқазған туы») газетіне – 45 жыл*

*Редакторы Айару Нұрбекқызы  
Техникалық редакторы Ақбота Жан  
Көркемдеуші редакторы Жарылқаған Өркентай  
Корректоры Бекасыл Жақсылық  
Компьютерде беттеген Маржан Абсалықова*

Басуға 23.07.18 қол қойылды.  
Пішімі 60x84 <sup>1</sup>/<sub>16</sub>. Қағазы офсеттік.  
Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 12,0.  
Тапсырыс №32. Таралымы 200 дана.

«Кәусар» баспасы.  
010000, Астана қаласы,  
тел.: 8 776 198 63 51, 8 705 160 06 21, 8 777 116 58 96